ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 2-бетте)

2008 ж., №6-7, 27-құжат; №23, 114-құжат; №24, 129-құжат; 2009 ж., №2-3, 15-құжат; №15-16, 76-құжат; №18, 84-құжат; 2010 ж., №1-2, 5-құжат; №5, 23-құжат; №24, 146-құжат; 2011 ж., №1, 2, 7-құжаттар; №5, 43-құжат; №6, 50-құжат; №11, 102-құжат; №16, 129-құжат; 2012 ж., №3, 27-құжат; №14, 92-құжат; №15, 97-құжат; №21-22, 124-құжат; 2013 ж., №9, 51-құжат; №14, 72, 75-құжаттар; №15, 79, 82-құжаттар; №16, 83-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №2, 10-құжат; №7, 37-құжат; №10, 52-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №11, 57-құжат; №19-II, 103-құжат; №20-IV, 113-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; №7-II, 56-құжат; №8-II, 72-құжат; 2017 ж., №3, 6-құжат; №12, 34-құжат; №14, 51, 54-құжаттар; №23-V, 113-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №19, 62-құжат; №24, 93-құжат):

1) 37-1-бап мынадай мазмұндағы 8-7) және 8-8) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-7) сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендердегі қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарын үйлестіруді жүзеге асырады;

8-8) сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендердегі қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекітеді;»;

2) 39-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендердегі қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялауды коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады;».

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., №21, 93-құжат; 2009 ж., №23, 112-құжат; №24, 129-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №7, 29, 32-құжаттар; №15, 71-құжат; №24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., №2, 21, 25-құжаттар; №4, 37-құжат; №6, 50-құжат; №7, 54-құжат; №11, 102-құжат; №13, 115-құжат; №15, 125-құжат; №16, 129-құжат; №20, 151-құжат; №24, 196-құжат; 2012 ж., №1, 5-құжат; №2, 16-құжат; №3, 21-құжат; №4, 30, 32-құжаттар; №5, 36, 41-құжаттар; №8, 64-құжат; №13, 91-құжат; №14, 94-құжат; №18-19, 119-құжат; №23-24, 125-құжат; 2013 ж., №2, 13-құжат; №5-6, 30-құжат; №8, 50-құжат; №9, 51-құжат; №10-11, 56-құжат; №13, 63-құжат; №14, 72-құжат; №15, 81, 82-құжаттар; №16, 83-құжат; №20, 113-құжат; №21-22, 114-құжат; 2014 ж., №1, 6-құжат; №2, 10, 12-құжаттар; №4-5, 24-құжат; №7, 37-құжат; №8, 44-құжат; №11, 63, 69-құжаттар; №12, 82-құжат; №14, 84, 86-құжаттар; №16, 90-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №21, 122-құжат; №22, 128, 131-құжаттар; №23, 143-құжат; 2015 ж., №2, 3-құжат; №11, 57-құжат; №14, 72-құжат; №15, 78-құжат; №19-I, 100-құжат; №19-II, 106-құжат; №20-IV, 113-құжат; №20-VII, 117-құжат; №21-I, 121, 124-құжаттар; №21-II, 130, 132-құжаттар; №22-I, 140, 143-құжаттар; №22-II, 144-құжат; №22-V, 156-құжат; №22-VI, 159-құжат; №23-II, 172-құжат; 2016 ж., №7-II, 53-құжат; №8-I, 62-құжат; №12, 87-құжат; №22, 116-құжат; №23, 119-құжат; №24, 126-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №6, 11-құжат; №9, 18-құжат; №10, 23-құжат; №13, 45-құжат; №14, 51-құжат; №15, 55-құжат; №20, 96-құжат; №22-III, 109-құжат; №23-III, 111-құжат; №23-V, 113-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №1, 2-құжат; №7-8, 22-құжат; №9, 31-құжат; №10, 32-құжат; №12, 39-құжат; №14, 42-құжат; №15, 47, 50-құжаттар; №16, 55-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82, 83-құжаттар; №24, 93-құжат; 2019 ж., №1, 4-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 3 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

53-баптың 1-тармағының 10) тармақшасы мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

«басымдығы бар халықаралық авиамаршруттар бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;».

3. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №13-I, 13-II, 83-құжат; №21, 122-құжат; 2015 ж., №16, 79-құжат; №21-III, 137-құжат; №22-I, 140-құжат; №22-III, 149-құжат; №22-V, 156-құжат; №22-VI, 159-құжат; 2016 ж., №7-II, 55-құжат; №8-II, 67-құжат; №12, 87-құжат; №23, 118-құжат; №24, 126-құжат; 2017 ж., №8, 16-құжат; №9, 21-құжат; №14, 50-құжат; №16, 56-құжат; №22-III, 109-құжат; №23-III, 111-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №1, 2-құжат; №14, 44-құжат; №15, 46-құжат; №16, 56-құжат; №23, 88, 91-құжаттар; №24, 94-құжат; 2019 ж., №2, 6-құжат; 2019 жылғы 3 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-баптың 28) тармағы «қызметшілері;» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері;» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 460-баптың бірінші абзацындағы «әскери техника заттарын» деген сөздер «әскери техниканы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 464-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«464-бап. Ұшу немесе оған дайындалу қағидаларын бұзу

1. Абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге не аварияға немесе жауынгерлік техниканың істен шығуына немесе әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік даярлығы мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің ұзақ уақыт төмендеуіне алып келген ұшу немесе оған дайындалу қағидаларын бұзу, сол сияқты әскери ұшу аппараттарын пайдалану қағидаларын бұзу –

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Абайсызда адам өліміне алып келген дәл сол іс-әрекеттер –

белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан көп адам өліміне алып келген іс-әрекеттер –

белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.».

4. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №18-I, 18-II, 92-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; №24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., №1, 2-құжат; №2, 6-құжат; №7, 33-құжат; №8, 44, 45-құжаттар; №9, 46-құжат; №10, 50-құжат; №11, 52-құжат; №14, 71-құжат; №15, 78-құжат; №16, 79-құжат; №19-I, 101-құжат; №19-II, 102, 103, 105-құжаттар; №20-IV, 113-құжат; №20-VII, 115-құжат; №21-I, 124, 125-құжаттар; №21-II, 130-құжат; №21-III, 137-құжат; №22-I, 140, 141, 143-құжаттар; №22-II, 144, 145, 148-құжаттар; №22-III, 149-құжат; №22-V, 152, 156, 158-құжаттар; №22-VI, 159-құжат; №22-VII, 161-құжат; №23-I, 166, 169-құжаттар; №23-II, 172-құжат; 2016 ж., №1, 4-құжат; №2, 9-құжат; №6, 45-құжат; №7-I, 49, 50-құжаттар; №7-II, 53, 57-құжаттар; №8-I, 62, 65-құжаттар; №8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; №12, 87-құжат; №22, 116-құжат; №23, 118-құжат; №24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., №1-2, 3-құжат; №9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; №12, 34-құжат; №14, 49, 50, 54-құжаттар; №15, 55-құжат; №16, 56-құжат; №22-III, 109-құжат; №23-III, 111-құжат; №23-V, 113-құжат; №24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., №1, 4-құжат; №7-8, 22-құжат; №9, 27-құжат; №10, 32-құжат; №11, 36, 37-құжаттар; №12, 39-құжат; №13, 41-құжат; №14, 44-құжат; №15, 46, 49, 50-құжаттар; №16, 53-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82-құжат; №23, 91-құжат; №24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., №1, 2, 4-құжаттар; №2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 3 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 3 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнындағы 441-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«441-бап. Жекелеген қоғамдық орындарда темекі өнімдерін және электрондық сигареттерді тұтынуға тыйым салуды бұзу»;

2) 200-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацы «дәмханаларда» деген сөзден кейін «, сондай-ақ жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінде, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемелерінде, жолаушылар пойыздарының вагон-мейрамханаларында» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 441-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«441-бап. Жекелеген қоғамдық орындарда темекі өнімдерін және электрондық сигареттерді тұтынуға тыйым салуды бұзу»;

бірінші бөліктегі «Осы Кодекстің 564-бабының бесінші бөлігінде», «бұйымдарын» деген сөздер тиісінше «Осы баптың 1-2-бөлігінде», «өнімдерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-2-бөлікпен толықтырылсын:

«1-2. Әуе кемесінің бортында темекі өнімдерін және (немесе) электрондық сигареттерді тұтыну –

жеке тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

4) 564-баптың бесінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы Кодекстің 441-бабының 1-2-бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, әуе кемесіндегі жолаушылар ретіндегі адамдардың әуе кемесі бортындағы ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдай жасауы –»;

5) 569-бапта:

екінші бөліктің бірінші абзацындағы «Уәкілетті органның» деген сөздер «Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы «уәкілетті органда» деген сөздер «уәкілетті ұйымда» деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөліктің бірінші абзацындағы «уәкілетті органда», «уәкілетті орган» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйымда», «азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., №1, 4-құжат; №6, 45-құжат; №7-II, 55-құжат; №8-I, 62, 65-құжаттар; №8-II, 72-құжат; №12, 87-құжат; №23, 118-құжат; №24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., №9, 21-құжат; №14, 50, 51-құжаттар; №22-III, 109-құжат; №23-III, 111-құжат; №23-V, 113-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №11, 37-құжат; №14, 44-құжат; №15, 46, 49, 50-құжаттар; №19, 62-құжат; №22, 82, 83-құжаттар; №24, 94-құжат; 2019 ж., №2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 3 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 10-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Осы баптың мемлекеттік органдардың міндеттемелерін белгілейтін ережелері азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға қолданылады.»;

2) 14-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Осы баптың мемлекеттік органдардың міндеттемелерін белгілейтін ережелері азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға қолданылады.».

6. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., №22-I, 22-II, 107-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №11, 37-құжат; №13, 41-құжат; №14, 42, 44-құжаттар; №15, 50-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82, 83-құжаттар; №24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., №1, 2, 4-құжаттар; №2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 3 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 101-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігі «мемлекеттік орган» деген сөздерден кейін «немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың үшінші абзацы «мемлекеттік орган» деген сөздерден кейін «немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 388-баптың 3-тармағының 4) тармақшасында:

бірінші бөліктегі «уәкілетті органның лауазымды адамының» деген сөздер «уәкілетті ұйым қызметшісінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «уәкілетті органның лауазымды адамы» деген сөздер «уәкілетті ұйымның қызметшісі» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 550-бапта:

2-тармақтың бірінші абзацы «уәкілетті мемлекеттік органдардың» деген сөздерден кейін «және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бірінші абзац «уәкілетті мемлекеттік органдар» деген сөздерден кейін «және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым» деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшадағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

4 және 5-тармақтар «уәкілетті мемлекеттік органдар» деген сөздерден кейін «және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 553-баптың 4-тармағында:

4.3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

4.3.	M2, M3, N1, N2, N3 санатындағы көлік құралдары (ершікті тартқыштарды қоспағанда):

»;

мынадай мазмұндағы 4.4, 4.4.1, 4.4.2, 4.4.3 және 4.4.4-жолдармен толықтырылсын:

«

4.4.	N3 санатындағы көлік құралдары (ершікті тартқыштар):	
4.4.1.	шығарылған жылын қоса алғанда, 2 жылға дейін	0,25
4.4.2.	шығарылған жылын қоса алғанда, 2 жылдан 3 жылға дейін	240
4.4.3.	шығарылған жылын қоса алғанда, 3 жылдан 7 жылға дейін	350
4.4.4.	шығарылған жылын қоса алғанда, 7 жыл және одан жоғары	2500

»;

5) 554-баптың 7-тармағының бірінші абзацындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын.

7. «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., №15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., №2, 186-құжат; 1998 ж., №24, 447-құжат; 2001 ж., №23, 309, 321-құжаттар; №24, 338-құжат; 2003 ж., №10, 54-құжат; 2004 ж., №18, 110-құжат; №23, 142-құжат; 2005 ж., №15, 63-құжат; 2006 ж., №3, 22-құжат; №14, 89-құжат; №24,148-құжат; 2009 ж., №18, 84-құжат; 2010 ж., №17-18, 114-құжат; №24, 146-құжат; 2011 ж., №1, 2, 3-құжаттар; №5, 43-құжат; №12, 111-құжат; 2012 ж., №2, 14-құжат; №3, 21-құжат; №14, 92, 96-құжаттар; №15, 97-құжат; 2013 ж., №1, 2-құжат; №9, 51-құжат; №14, 72, 75-құжаттар; №16, 83-құжат; 2014 ж., №7, 37-құжат; №10, 52-құжат; №12, 82-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №21, 123-құжат; 2015 ж., №1, 2-құжат; №19-I, 100, 101-құжаттар; №20-IV, 113-құжат; №22-VI, 159-құжат; №23-II, 170-құжат; 2016 ж., №8-I, 60-құжат; 2017 ж., №9, 17, 22-құжаттар; №11, 29-құжат; №22-III, 109-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №19, 62-құжат):

1) 13-бапта:

бірінші бөлікте:

алтыншы абзацтағы «12» деген цифрлар «15» деген цифрлармен ауыстырылсын;

сегізінші және тоғызыншы абзацтардағы «2 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға билетті оның толық құнының 50 процентін төлей отырып», «2 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға билетті оның толық құнының 50 процентін төлей отырып» деген сөздер тиісінше «қалыпты тарифтің 50 пайызын төлей отырып, 2 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға билеттер», «қалыпты тарифтің 50 пайызын төлей отырып, 2 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға билеттер» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің үшінші абзацының екінші сөйлеміндегі «тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді» деген сөздер «тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қалалық және қала маңындағы автобус тасымалдарында тегін алып жүретін қол жүгі мен багаждың салмағы 20 килограмнан аспайтын болып белгіленеді.»;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Әуе көлігінде тегін алып жүретін қол жүгі мен багаждың салмағын, габариттерін, нормаларын тасымалдаушы белгілейді.»;

2) 25-баптың екінші бөлігінің 18), 19), 20), 21), 22), 23) және 25) тармақшалары алып тасталсын.

8. «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., №20, 720-құжат; 2004 ж., №5, 27-құжат; №23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., №23, 141-құжат; 2007 ж., №2, 18-құжат; №12, 88-құжат; 2009 ж., №17, 82-құжат; 2010 ж., №15, 71-құжат; №22, 128-құжат; 2011 ж., №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; 2012 ж., №15, 97-құжат; 2013 ж., №14, 72-құжат; 2014 ж., №10, 52-құжат; №11, 65-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., №19-I, 101-құжат; №23-I, 169-құжат; 2016 ж., №22, 116-құжат; 2017 ж., №22-III, 109-құжат; 2018 ж., №24, 94-құжат):

1) 1-бапта:

3) тармақшадағы «фискальдық жадылы бақылау-кассалық машинамен жарақтандырылған, сауда залымен жабдықталған стационарлық үй-жайларда және мейрамханалардың, барлар мен дәмханалардың аумақтарында, кейіннен оны тұтыну немесе коммерциялық емес мақсатта пайдалану үшін,» деген сөздер «кейіннен тұтыну немесе коммерциялық емес пайдалану үшін фискальдық жады бар бақылау-касса машинасымен жарақтандырылған, сауда залымен жабдықталған стационарлық үй-жайларда және мейрамханалар, барлар мен дәмханалар аумақтарында, сондай-ақ жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінде, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемелерінде, жолаушылар пойыздарының вагон-мейрамханаларында» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақша мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Осы Заңда стационарлық үй-жайларға жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелері, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемелері, жолаушылар пойыздарының вагон-мейрамханалары теңестіріледі;»;

2) 9-баптың 4-тармағы 3) тармақшасының бірінші абзацы «дәмханаларда» деген сөзден кейін «, сондай-ақ жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінде, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемелерінде, жолаушылар пойыздарының вагон-мейрамханаларында» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 15-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Лицензия әрбір қызмет объектісіне нақты мекенжайы немесе жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесінің, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемесінің, жолаушылар пойызы вагон-мейрамханасының тіркеу нөмірі бойынша беріледі.».

9. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., №17-18, 243-құжат; 2004 ж., №23, 142-құжат; 2005 ж., №6, 10-құжат; №7-8, 19-құжат; 2006 ж., №1, 5-құжат; №3, 22-құжат; №15, 95-құжат; №23, 144-құжат; №24, 148-құжат; 2007 ж., №1, 4-құжат; №2, 18-құжат; №16, 129-құжат; 2008 ж., №21, 97-құжат; №24, 129-құжат; 2009 ж., №15-16, 76-құжат; №18, 84-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; 2011 ж., №1, 2-құжат; №6, 50-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; 2012 ж., №3, 21, 27-құжаттар; №4, 32-құжат; №8, 64-құжат; №14, 92, 95-құжаттар; №15, 97-құжат; 2013 ж., №9, 51-құжат; №13, 63-құжат; №14, 72, 75-құжаттар; №21-22, 114-құжат; 2014 ж., №1, 4, 6-құжаттар; №2, 10, 12-құжаттар; №7, 37-құжат; №8, 44-құжат; №10, 52-құжат; №14, 86-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №19-I, 99, 101-құжаттар; №19-II, 103-құжат; №20-IV, 113-құжат; №21-I, 128-құжат; №22-V, 156-құжат; №23-II, 170-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; №7-II, 53-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №14, 51-құжат; №22-III, 109-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82-құжат; №24, 93-құжат; 2019 жылғы 3 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

64-1-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Түркістан облысының Түркістан қаласында кезең-кезеңімен жобалануы және салынуы көзделетін объектілер мен кешендер бойынша жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы осы жобаны әзірлеудің тиісті кезеңдері бойынша сараптамалық қолдау режимінде жүзеге асырылуы мүмкін. Объектілерге сараптамалық қолдауды жүзеге асыру тәртібі қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ қазіргі барларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларында айқындалады.».

10. «Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., №17-18, 246-құжат; 2004 ж., №23, 142-құжат; 2006 ж., №1, 5-құжат; №14, 89-құжат; №24, 148-құжат; 2007 ж., №16, 129-құжат; 2008 ж., №15-16, 64-құжат; №23, 114-құжат; 2009 ж., №18, 84-құжат; 2010 ж., №24, 146-құжат; 2011 ж., №5, 43-құжат; №15, 125-құжат; 2012 ж., №14, 92-құжат; №23-24, 125-құжат; 2013 ж., №9, 51-құжат; №13, 63-құжат; №14, 72, 75-құжаттар; №21-22, 115-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №8, 44-құжат; №10, 52-құжат; №12, 82-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №21, 122-құжат; №22, 131-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №19-I, 100-құжат; №20-VII, 117-құжат; №22-VI, 159-құжат; 2017 ж., №14, 49-құжат; 2018 ж., №19, 62-құжат; 2019 ж., №1, 4-құжат):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

«14-1) жол бойындағы сервис объектілері – жол бойындағы белдеуде орналасқан және жол жүрісіне қатысушыларға жүру жолында қызмет көрсетуге арналған ғимараттар мен құрылысжайлар (мотельдер, қонақүйлер, кемпингтер, техникалық қызмет көрсету станциялары, автожанармай құю станциялары, тамақтану, сауда, байланыс, медициналық көмек пункттері, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері және өзге де қызметтер көрсету объектілері);»;

20) тармақша алып тасталсын;

2) 5-2-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«патрульдік полицияның;»;

3) 7-баптың 1-тармағының бірінші сөйлеміндегі «автомобиль жолдарының жол сервисі объектілерін салу, күтіп-ұстау және дамыту» деген сөздер «автомобиль жолдарын салу және күтіп-ұстау» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 8-бапта:

3-тармақтағы «жол сервисі», «бойындағы белдеуде ғимараттар мен құрылыстар», «Жол сервисі» деген сөздер тиісінше «жол бойындағы сервис», «жол бойындағы белдеуінде ғимараттар мен құрылысжайлар», «Жол бойындағы сервис» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі «Жол сервисі», «келісе отырып,» деген сөздер тиісінше «Жол бойындағы сервис», «келісу бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 12-баптың 2-тармағының 27) тармақшасындағы «жолдарындағы жол сервисі» деген сөздер «жолдарында жол бойындағы сервис» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 13-баптың 1-1-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 6-11) тармақшамен толықтырылсын:

«6-11) облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында жол бойындағы сервис объектілерін ұйымдастыру және дамыту;»;

7) 29-баптың 3-тармағындағы «Жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық және халықаралық маңызы бар», «қозғалысты», «жол сервисі» деген сөздер тиісінше «Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын», «жол жүруді», «жол бойындағы сервис» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 30-бапта:

6-1) тармақшадағы «жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар», «қозғалысты», «жол сервисі» деген сөздер тиісінше «халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын», «жол жүруді», «жол бойындағы сервис» деген сөздермен ауыстырылсын;

9-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9-3) республикалық және халықаралық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында жол бойындағы сервис объектілерін дамыту;».

11. «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., №23, 315-құжат; 2003 ж., №10, 54-құжат; 2004 ж., №18, 110-құжат; №23, 142-құжат; 2006 ж., №3, 22-құжат; №13, 87-құжат; №14, 89-құжат; №16, 99-құжат; №24, 148-құжат; 2007 ж., №9, 67-құжат; №19, 148-құжат; 2008 ж., №15-16, 64-құжат; №24, 129-құжат; 2009 ж., №2-3, 18-құжат; №18, 84-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №24, 146-құжат; 2011 ж., №1, 2, 3-құжаттар; №5, 43-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; 2012 ж., №2, 14-құжат; №15, 97-құжат; №21-22, 124-құжат; 2013 ж., №14, 72, 75-құжаттар; №16, 83-құжат; №21-22, 115-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №12, 82-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №19-I, 100-құжат; №20-IV, 113-құжат; №20-VII, 117-құжат; №23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., №6, 45-құжат; №8-I, 60-құжат; №24, 124-құжат; 2017 ж., №9, 17-құжат; №11, 29-құжат; №23-III, 111-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №19, 62-құжат; 2019 жылғы 3 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) авария – теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдарда жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, солардың нәтижесінде адамның денсаулығына ауыр зиян келтірілу және (немесе) жылжымалы құрамның күрделі жөндеу көлемінде зақымдалу жағдайлары;»;

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) алушы – багажды, жүк-багажды немесе пошта жөнелтілімдерін алатын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға;

1-2) апат – теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдарда жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, солардың нәтижесінде адамның қаза болу және (немесе) жылжымалы құрамның мүкаммалдан шығарып тасталатын дәрежеге дейін зақымдалу жағдайлары;»;

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«23) жылжымалы құрам – жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін теміржолдармен тасымалдауға арналған тартқыш көлік құралдары (локомотивтер), вагондар, өздігінен жүретін және өзге де теміржол көлік құралдары, сондай-ақ арнайы жылжымалы құрам;»;

(Жалғасы 14-бетте)

(Жалғасы. Басы 2, 13-беттерде)

32-1) және 32-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«32-1) қауіпсіздік сертификаты – тасымалдаушының қауіпсіздікті басқару жүйесінің теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкестігін куәландыратын құжат;

32-2) қауіпсіздікті басқару жүйесі – операцияларды жоспарлау, дайындау және орындау, мониторинг, бақылау, талдау процестерін қамтитын және тасымалдау процесінің қауіпсіздігі жөнінде белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге және адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру, тасымалдау процесіне қатысушылар мен үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіру тәуекелдерін азайтуға бағытталған, тасымалдаушыны басқарудың өзара байланысты және өзара іс-қимыл жасаушы құрауыштарының жиынтығы;»;

мынадай мазмұндағы 32-3), 43-4) және 43-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«32-3) қауіпсіздікті басқару жүйесінің аудиті – қауіпсіздікті басқару жүйесінің теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігін диагностикалаудың және бағалаудың жүйелі процесі;»;

«43-4) оқиға – теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдарда жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, бірақ авария мен апат салдары жоқ жағдайлары;

43-5) оқыс оқиға – теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдарда апатқа, аварияға және оқиғаға әкеп соқпаған, тізбесі теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында айқындалған жол жүрісі қауіпсіздігінің бұзылу жағдайлары;»;

54) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«54) тасымалдау процесіне қатысушы – тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді пайдаланушы, тасымалдаушы, Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотивтік тартқыш операторы, вагондар (контейнерлер) операторы, тармақ иеленуші, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдар иесі;»;

2) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау

Жылжымалы құрам және жылжымалы құрамның кепілі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен міндетті мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) жатады.

Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

Мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткен жылжымалы құрам Мемлекеттік жылжымалы құрам тізіліміне енгізуге жатады. Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.»;

3) 14-баптың 2-тармағында:

19), 24), 27) және 34-15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«19) теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту;»;

«24) жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімдерін ұзарту қағидаларын бекіту;»;

«27) теміржол өткелдерін техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту;»;

«34-15) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 34-32), 34-33), 34-34), 34-35), 34-36), 34-37), 34-38) және 34-39) тармақшалармен толықтырылсын:

«34-32) қауіпсіздік сертификатын беру;

34-33) жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту;

34-34) теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту;

34-35) қауіпсіздік сертификатының нысанын бекіту;

34-36) кірме жолдар мен жанасу станциялары жұмысының бірыңғай технологиялық процестерін әзірлеу қағидаларын бекіту;

34-37) тасымалдаушы мен экспедитор арасындағы жүктерді теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру туралы үлгілік шарттарды бекіту;

34-38) жасанды құрылысжайларды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту;

34-39) жылжымалы құрамды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту;»;

4) 30-бапта:

2-1-тармақта:

екінші бөліктің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар туралы егжей-тегжейлі ақпарат оқиға болған кезден бастап бір тәуліктен кешіктірілмей жазбаша нысанда беріледі.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар туралы ақпараттың нысандарын уәкілетті орган бекітеді.»;

3-тармақтағы «құрылыстарды», «болуы ықтимал авариялар» деген сөздер тиісінше «құрылысжайларды», «теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың екінші бөлігіндегі «құрылыстардың иелері тасымал процесіне қатысушыларды және мемлекеттік көлік бақылау органдарын қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін авариянның немесе авариялық жағдайлардың туындағаны туралы дер кезінде хабардар етуге» деген сөздер «құрылысжайлардың иелері тасымалдау процесіне қатысушыларға және мемлекеттік көлік бақылау органдарына жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін авариялық жағдайлардың туындауы туралы дер кезінде хабар беруге» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 32-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тасымалдаушылар қауіпсіздікті басқару жүйесін теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкес әзірлеуге және енгізуге міндетті.

Уәкілетті орган тасымалдаушының қауіпсіздікті басқару жүйесіне аудитті тасымалдаушының өтініші бойынша теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкес жүргізеді.

Қауіпсіздік сертификатын беру тәртібі мен мерзімдері теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында айқындалады.»;

6) 88-4-бапта:

2) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«белгіленген жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын, сондай-ақ жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органның лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар және әрекеттер жасау фактілерін тіркеп алу үшін техникалық құралдарды пайдалануға;»;

7) мынадай мазмұндағы 10-2-тараумен толықтырылсын:

«10-2-тарау. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру

88-7-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексерудің жалпы ережелері

1. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру қағидаларында айқындалған тәртіппен міндетті тергеп-тексеруге жатады. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарға апаттар, авариялар, оқиғалар және оқыс оқиғалар жатады.

2. Тергеп-тексерудің мақсаттары себептерді және (немесе) ілеспе факторларды анықтау, жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықты болашақта болғызбау және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

3. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеруді уәкілетті орган құратын комиссия жүзеге асырады. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия құрамына уәкілетті органның лауазымды адамы болып табылатын тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл, тасымалдау процесіне қатысушылар және мүдделі тұлғалар кіреді.

Оқиғаларды және оқыс оқиғаларды тасымалдау процесіне қатысушылар тергеп-тексереді.

4. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысы тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдің төрағалық етуімен жүргізіледі.

5. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысын, сондай-ақ олармен байланысты барлық аспектілерді апаттар, авариялар болған жерде ұйымдастырады және үйлестіреді.

6. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл кәсіптік деңгейін ұстап тұру және біліктілігін арттыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімділікпен оқудан өтеді.

7. Жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның сұрау салулары бойынша жүргізілетін тергеп-тексеруге қатысы бар ақпаратты және (немесе) құжаттаманы беруге міндетті.

8. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия апаттарды және аварияларды тергеп-тексеруді жеке және басқа да мемлекеттік органдар жүргізетін басқа тергеп-тексеру түрлерінен тәуелсіз жүргізеді.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа кезде, тергеп-тексеру жүргізу кезінде апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның қызметіне жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, басқа да мемлекеттік органдардың араласуына жол берілмейді.

88-8-бап. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құқықтары мен міндеттері

1. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия:

1) тергеп-тексеру жүргізудің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ тергеп-тексеруге қатысы бар дәлелдемелердің жоғалуын немесе өзгертілуін болғызбау үшін басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыруға;

2) апат және авария болған жерге, жылжымалы құрамды пайдаланумен байланысты барлық құжаттамаға, оған қызмет көрсетуге және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тартылған персоналға кедергісіз қолжетімділігі болуға, оқиға орындарын, объектілер мен сынықтарды, қосалқы бөлшектерді және апаттың және авариянның туындауына себепші болған немесе ықпал етуі, әсер етуі мүмкін кез келген басқа да объектілерді қарап-тексеруді және одан әрі зерттеп-қарауды жүргізуге;

3) жылжымалы құрамдағы объективті бақылау аспаптарының немесе ақпарат жеткізгіштің кез келген басқа да құрылғысының деректерін, сондай-ақ жол жүрісіне қызмет көрсететін техникалық құралдардың жазбаларын іздеуді, қалпына келтіруді, шығарып алуды, оқуды және алынған деректердің сақталуына толық бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Объективті бақылау немесе ақпарат жеткізгіштің кез келген басқа да құрылғысы жазбаларын шығарып алу және оқу Қазақстан Республикасындағы тиісті құралдарды пайдалана отырып қандай да бір кідіріссіз жүргізілуге тиіс;

4) оқиғаны көргендерден, персоналдан және апатқа және аварияға қатысы бар басқа да адамдардан сұрауға, апаттың және авариянның себептерін және (немесе) ілеспе факторларды анықтау үшін қажетті зерттеулер мен сынақтар жүргізуді тағайындауға;

5) сарапшыларды жұмысқа тартуға, олардың апатты және аварияны тергеп-тексеруге қатысты есептерін сұратуға;

6) жылжымалы құрамның меншік иесімен келісу бойынша апат және авария болған жерге жүру жолындағы жолаушылар вагонында немесе локомотивте болуға құқылы.

2. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.».

12. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., №2, 16-құжат; 2004 ж., №20, 116-құжат; №23, 142-құжат; 2005 ж., №11, 36-құжат; 2006 ж., №3, 22-құжат; №24, 148-құжат; 2007 ж., №9, 67-құжат; №18, 143-құжат; 2009 ж., №24, 134-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №24, 146-құжат; 2011 ж., №1, 2, 3-құжаттар; №5, 43-құжат; №6, 50-құжат; №12, 111-құжат; 2012 ж., №8, 64-құжат; №14, 95, 96-құжаттар; №15, 97-құжат; 2013 ж., №2, 10-құжат; №14, 72, 75-құжаттар; №16, 83-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №7, 37-құжат; №10, 52-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №21, 122-құжат; 2015 ж., №2, 3-құжат; №8, 45-құжат; №19-I, 100-құжат; 2016 ж., №7-II, 55-құжат; №24, 124-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №9, 17-құжат; №11, 29-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №19, 62-құжат):

1) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) авариялық жағдай – кеменің апатқа ұшырауына әкеп соққан және оның теңізде жүзу қасиеттерінен ішінара немесе толық айырылуына (жоғалтуына) алып келген, кеменің басқа кемені (кемелерді), навигациялық жабдық құралдарын, жағалау құрылысжайын зақымдауына, кеменің сүйретіп жүзу объектісін жоғалтуына немесе зақымдауына, адамның қаза болуына немесе денсаулығына зиян келуіне, кемеден адамның жоғалуына, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келуіне алып келген, кемемен болған оқиға;»;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) авариялық жарна – жалпы авария жағдайында шығыстардың орнын толтыру үшін жалпы авариялық шығыстардағы тасымалдаушының үлесін төлеуді қамтамасыз ету ретінде алушы оған жүкті берген кезде енгізуге міндетті болатын ақша сомасы;»;

58-1) тармақшадағы «жөнелтілімдері мен жүктерді теңізде тасымалдау жөнінде қызмет көрсететін және Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздер «жөнелтілімдерін, жүктерді халықаралық қатынаста теңізде тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін және уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

«2-1-бап. Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) қарарларын және ұсынымдарын қолдану

Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) қарарларын және ұсынымдарын Қазақстан Республикасының аумағында қолдану Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңнамасында көзделген тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, оларға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы не оларда Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) нақты қарарларын және ұсынымдарын қолдану жөнінде сілтемелер көрсетіле отырып жүзеге асырылады.»;

3) 4-баптың 3-тармағында:

2-2) тармақша алып тасталсын;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру;»;

мынадай мазмұндағы 49-1) тармақшамен толықтырылсын:

«49-1) кемелерді өлшеу жөніндегі қағидаларды бекіту;»;

55-6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«55-6) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру қағидаларын бекіту;»;

55-15) тармақша «халықаралық» деген сөздің алдынан «теңіз порттарын, оның ішінде» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 55-39), 55-40), 55-41), 55-42) және 55-43) тармақшалармен толықтырылсын:

«55-39) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кемелерден ластануды болғызбау жөніндегі қағидаларды бекіту;

55-40) басқа мемлекеттердің аумағында кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеруге қатысу;

55-41) теңіз порты мәртебесін беру қағидаларын бекіту;

55-42) теңіз портының міндетті көрсететін қызметтері үшін бағаларды (тарифтерді) қолдану қағидаларын бекіту;

55-43) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында жүзу қағидаларын бекіту;»;

4) 4-1, 5 және 5-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1-бап. Ұлттық теңіз тасымалдаушысы

1. Ұлттық теңіз тасымалдаушысының мәртебесін уәкілетті орган халықаралық қатынаста тасымалдауды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде кемелері (танкерлер, құрғақ жүк кемелері, паромдар, контейнер тасушылар) бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және шарттарда береді.

2. Ұлттық теңіз тасымалдаушысы:

1) жолаушыларды, багажды, пошта жөнелтілімдерін, жүктерді халықаралық қатынаста, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар, стратегиялық, гуманитарлық және арнайы жүктерді теңіз арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер көрсетеді;

2) Қазақстан Республикасының аумақтық сулары шегінде құтқару операцияларына және кемелерден мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуін жоюға шарттық негізде қатысады;

3) қазақстандық сауда флотын дамыту жөнінде шаралар қолданады;

4) ұлттық теңіз көлігі мамандарын даярлауға қатысады;

5) сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарды іске асыруға қатысады.

5-бап. Каботаж

Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген кемелерді қоспағанда, каботажды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелер жүзеге асырады.

Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелер каботажды шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға уәкілетті орган өзі айқындаған тәртіппен берген рұқсат негізінде жүзеге асырады.

5-1-бап. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелерді пайдалану

Каспий теңізінің қазақстандық секторында осы Заңның 5-бабының ережелерін ескере отырып, қазақстандық кеме иелерінің шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелерді жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға, жер қойнауын пайдалану салдарларын жоюға, сондай-ақ гидротехникалық құрылысжайларды салуға және құтқару операцияларын жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асыру үшін шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға берілген рұқсат негізінде пайдалануына жол беріледі.

Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат Каспий теңізінің қазақстандық секторында ұлттық мүдделерді қорғауды, кемелердің жүзу қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету ескеріле отырып беріледі.»;

5) 8-4-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Навигациялық орталықтың көрсететін қызметтерін пайдалану Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін тарифтер (бағалар) бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады.»;

6) 1-1-тарау мынадай мазмұндағы 8-6-баппен толықтырылсын:

«8-6-бап. Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру

1. Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеруді уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары шағын көлемді кеменің (оның мемлекеттік тіркелген орнына қарамастан) және кеме жүргізушінің Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін анықтау мақсатында жүргізеді. Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру шағын көлемді кеменің кеме жүргізушісінің қатысуымен тұрақта тұрған, сол сияқты жүзіп келе жатқан кезде де жүргізілуі мүмкін.

Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру кеме пайдаланылатын аудан мұздан тазартылғаннан кейін жүргізіледі.

Шағын көлемді кемелерді бақылау мақсатында қарап-тексеру кемені пайдалану кезеңінде екі айда бір реттен жиілетпей немесе көлік оқиғасы болған кезде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда жүргізіледі.

2. Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру кезінде:

1) кеме билеті;

2) өздігінен жүзетін шағын көлемді кемені басқару құқығына куәлік;

3) техникалық куәландырудан өткендігі;

4) шағын көлемді кемеде жолаушылар сыйымдылығы мен жүк көтеру нормаларының, жүзу ауданы мен шарттары бойынша шектеулердің, жолаушылар мен жүктердің дұрыс орналастырылуының сақталуы;

5) құтқару, өртке қарсы және су төгу құралдарының болуы;

6) борттарда тіркеу нөмірінің болуы;

7) орналасқан орнына қарамастан, кеме корпусын тесіп өткен ойықтардың болмауы, кеменің гермобөліктерінің және (немесе) әуе жәшіктерінің болмауы немесе тұмшалануының бұзылуы;

8) руль құрылғысының конструкцияда көзделген бекіту бөлшектерінің болуы немесе оның құрамдас бөліктерінің зақымдалуы, оның жұмыс істеу сенімділігінің қамтамасыз етілмеуі;

9) отын ағуының, дірілдің, қозғалтқышты қашықтықтан басқару жүйесінің зақымдалуының болмауы, бәсеңдеткіштің болуы және жарамдылығы, реверс-редуктордың сенімді қосылуының (ажыратылуының) қамтамасыз етілуі, реверс қосылып тұрған кезде қозғалтқыштың (мотордың) іске қосылуын бұғаттауыштың жарамдылығы;

10) кеменің жиынтықтамасы мен жабдығының кеме типіне сәйкестігі;

11) айырым оттарының болуы, жарамдылығы және сәйкестігі;

12) кеменің белгіленген сыныбына сәйкес келетін бассейндерде (аудандарда) кеменің пайдаланылуы;

13) руль, сигнал, зәкір және арқандап байлау құрылғысының болуы және жарамдылығы;

14) орнатылған қозғалтқыштың ең жоғары қуатының сәйкестігі тексеруге жатады.

Шағын көлемді кемені қарап-тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы шағын көлемді кеменің атауын (нөмірін) және тіркеу нөмірін, кеме иесін (кеме жүргізушіні), қарап-тексеру күнін көрсете отырып, шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісін жасайды. Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы анықталған бұзушылықтардың тізбесін және оларды жою мерзімдерін көрсете отырып нұсқама шығарады. Кеме құжаттары болмаған кезде және шағын көлемді кемені пайдалану қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларда, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы шағын көлемді кеменің (құрамның) жүзуіне тыйым салады, бұл туралы кеме жүргізуші кеме иесіне хабар береді.

Шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісі және нұсқама уәкілетті орган бекітетін нысандар бойынша екі данада жасалады және оларға уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы және кеме жүргізуші қол қояды. Кеме жүргізуші шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісіне немесе нұсқамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, мәлімделген бас тарту уәждері көрсетіле отырып жазба жасалады.

Шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісінің және нұсқаманың бірінші данасы – кеме иесінде, екіншісі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде сақталады.»;

7) 28-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Кеме иесі шет мемлекеттің портында кемесінің ұсталғандығы туралы өзіне мәлім болған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде бұл туралы порттың теңіз әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының консулдық мекемесіне жазбаша хабарлауға міндетті.

Хабарда:

1) кемені сәйкестендіретін деректер (кеменің атауы, порт немесе оның тіркелген орны, кеменің тіркеу нөмірі, типі және сыныбы, тоннажы);

2) кеменің меншік иесінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) немесе атауы;

3) жүктің түрі мен мөлшері;

4) ұсталған уақыты, күні мен мән-жайы;

5) ұстау себебі, сондай-ақ кемені ұстауға байланысты өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.»;

8) 31-баптың 1-тармағының 16) тармақшасындағы «беруге міндетті.» деген сөздер «ұсынуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

«17) порттың теңіз әкімшілігіне Қазақстан Республикасының аумақтық суларында анықталған ластанулар туралы хабарлауға;

18) порттың теңіз әкімшілігіне Қазақстан Республикасының аумақтық суларының ластануына алып келген немесе осындай ластану қатерін туғызған, өз кемесімен болған оқыс оқиға туралы хабарлауға міндетті.

Оқыс оқиға:

мұнайдың, зиянды заттардың және құрамында осылар бар сулардың кез келген себеппен және кез келген түрде және каптамада кемеден ағуына немесе ықтимал ағуына;

соқтығысуды, қайраңға отырып қалуды, өртті, жарылысты, конструкцияның бұзылуын, жүктің суға батуын және жылжуын қоса алғанда, кеменің қауіпсіздігіне әсерін тигізетін, сондай-ақ руль тетігінің, күш қондырғысының, электрмен қамтамасыз ету жүйесінің зақымдалуын немесе бұзылуын қоса алғанда, теңізде жүзу қауіпсіздігінің нашарлауына және жүзуді қамтамасыз ету үшін басқа кеменің қосымша көмегінің қажеттігіне алып келетін, ұзындығы 15 метр немесе одан ұзын кеменің зақымдалуына, сынып қалуына немесе аварияға ұшырауына алып келетін кез келген жағдайда хабар беріледі.»;

9) 33-баптың екінші бөлігі «Теңіз портының иесі» деген сөздерден кейін «(теңіз терминалының операторы)» деген сөздермен толықтырылсын;

10) 35-бап мынадай мазмұндағы 3-1, 3-2 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«3-1. Осы портқа тіркелген кемелер кеменің теңізде автономды жұмыс істеу мерзімінен көп болуына байланысты жүктен тыс операцияларды (қорларды толықтыру, бункерлеу, қалдықтарды тапсыру немесе өзге де мәжбүрлі қажеттілік) жүзеге асыру үшін портқа кірген кезде теңіз портының иесі (теңіз терминалының операторы), мемлекет реттеп көрсететін қызметтерді қоспағанда, теңіз портының міндетті көрсететін қызметтеріне өзі айқындаған шарттарда және тәртіппен жеңілдіктер ұсынады.

3-2. Теңіз портының иесі және навигациялық орталық кемелерге (субстандартты не шығарылғанына жиырма жылдан асқан), оның ішінде осы теңіз портының акваториясына кіретін шетелдік кемелерге қатысты теңіз портының міндетті көрсететін қызметтеріне арналған тарифтерге тәуекел коэффициенттерін қолдануға құқылы.

Тәуекел коэффициенттерінің мөлшерін теңіз портының иесі немесе тиісті саланың уәкілетті органы (навигациялық қызметтер көрсетуге қатысты) теңіз портының міндетті көрсететін қызметтері үшін бағаларды (тарифтерді) қолдану қағидаларында айқындалған тәртіппен белгілейді.»;

«5. Тіркеу портының акваториясында жүзу кезінде Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген және халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын кемелер (бортында қауіпті жүктері бар кемелерді және шығарылғанына жиырма жылдан асқан кемелерді қоспағанда) үшін, олардың маневр операцияларын дербес жүргізуге мүмкіндік беретін рульді бұру құрылғысы және кеме капитанының осы порт акваториясында жүзу тәжірибесі кемінде он екі ай болған кезде сүйретіп жүзу қызметтерін пайдалану міндетті болмайды және ол осы порттың (теңіз терминалы операторымен) әкімшілігімен келісу бойынша жүзеге асырылады.»;

11) 7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-тарау. Теңіз портындағы және теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау мен қадағалау»;

12) 40-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Теңіз порты капитанының лауазымына кеме жүргізу мамандығы бойынша жоғары білімі (кеме жүргізуші дипломы) және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.»;

13) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«41-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелерді бақылау мен қадағалау

1. Теңізге шығатын кемелерге бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы:

1) кеме құжаттарының, дипломдардың, біліктілік куәліктерінің және дипломдар мен біліктілік куәліктеріне растаулардың болуын және олардың қолданылу мерзімдерін;

2) кеменің негізгі сипаттамаларының кеме құжаттарына сәйкес келуін;

3) кеме экипажын жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуын тексереді.

2. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме алты айда бір реттен жиілетпей міндетті түрде қарап-тексеруге жатады.

Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген құжаттар болмаған немесе кеме Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын қанағаттандырмайды деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемені қарап-тексереді.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме:

1) Қазақстан Республикасының теңіз портына бірінші рет кірген;

2) порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемені соңғы қарап-тексерген күннен бастап алты және одан көп ай өткен;

3) кеме соқтығысуға қатысушы болып, теңіз портына жүзу жолында жерге тиюі немесе қайраңға отырып қалуы орын алған;

4) кеменің Қазақстан Республикасының аумақтық суларын болжамды ластауы туралы ақпарат болған;

5) кеме ретсіз немесе қауіпсіз емес тәсілмен маневр жасаған не жүзу қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер, сондай-ақ теңіз ортасына залал келтіру қатерін туғызатын өзге де тәсілмен басқарылған;

6) кеменің конструкциясы мен жабдығы жөніндегі міндетті куәліктерді, сондай-ақ сыныптау куәліктерін Қазақстан Республикасы танымаған ұйым берген;

7) кеменің сыныбы алдындағы алты ай барысында қауіпсіздік тұрғысынан тоқтатыла тұрған немесе алып қойылған;

8) Кеме қатынасының тіркелімінен немесе шетелдік сыныптау қоғамынан кеменің теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын қанағаттандырмайтыны туралы жазбаша ақпарат болған;

9) кеменің алдыңғы кіру портында ұсталғандығы туралы ақпарат болған;

10) уәкілетті органнан кеменің адам өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, қоршаған ортаға зиян келтіру ықтималдығы туралы ақпарат болған жағдайларда, міндетті түрде қарап-тексеруге жатады.

Кемені қарап-тексеру нәтижелері бойынша кемені қарап-тексеру актісі жасалады.

Кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруден бас тарту үшін негіз болып табылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама ресімдейді. Нұсқама екі данада жасалады, оның біреуі кеме капитанына немесе оны алмастыратын адамға беріледі.

4. Кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге кедергі болатын анықталған бұзушылықтардың жойылғанын тексеру мақсатында порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемені бақылау мақсатында қарап-тексеруді жүргізеді.

Кемені бақылау мақсатында қарап-тексеру нәтижелері бойынша кемені қарап-тексеру актісі жасалады.»;

14) мынадай мазмұндағы 41-1-баппен толықтырылсын:

«41-1-бап. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелерді теңіз портында бақылау мен қадағалау

1. Теңізге шығатын кемелерге бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы:

1) кеме құжаттарының, дипломдардың, біліктілік куәліктерінің және дипломдар мен біліктілік куәліктеріне растаулардың болуын және олардың қолданылу мерзімдерін;

2) кеменің негізгі сипаттамаларының кеме құжаттарына сәйкес келуін;

3) кеме экипажын жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуын тексереді.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген құжаттар болмаған немесе кеме Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын қанағаттандырмайды деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемені қарап-тексереді.

3. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кеме:

1) Қазақстан Республикасының теңіз портына бірінші рет кірген;

2) осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы оны соңғы қарап-тексерген күннен бастап алты және одан көп ай немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартында белгіленген өзге кезең өткен;

3) кеме соқтығысуға қатысушы болып, портқа жүзу жолында жерге тиюі немесе қайраңға отырып қалуы орын алған;

4) кеменің Қазақстан Республикасының аумақтық суларын болжамды ластауы туралы ақпарат болған;

5) кеменің сыныбы алдындағы алты ай барысында қауіпсіздік тұрғысынан тоқтатыла тұрған немесе алып қойылған;

6) кеме ретсіз немесе қауіпсіз емес тәсілмен маневр жасаған не жүзу қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер, сондай-ақ теңіз ортасына залал келтіру қатерін туғызатын өзге де тәсілмен басқарылған;

7) кеменің конструкциясы мен жабдығы жөніндегі міндетті куәліктерді, сондай-ақ сыныптау куәліктерін уәкілетті орган танымаған ұйым берген;

8) порттың теңіз әкімшілігінің немесе шет мемлекеттердің теңіз биліктерінің теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын сақтау, теңізде адам өмірін сақтау және теңіз ортасын ластанудан қорғау жөніндегі нұсқамасы орындалмаған жағдайларда, міндетті түрде қарап-тексеруге жатады.

4. Кемені қарап-тексеру нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктер көрсетіле отырып, кемені қарап-тексеру актісі жасалады, ол екі данада жасалып, оның біреуі кеме капитанына немесе оны алмастыратын адамға беріледі.

5. Кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге кедергі болатын анықталған кемшіліктердің жойылғанын тексеру мақсатында порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемені бақылау мақсатында қарап-тексеруді жүргізуі мүмкін.

Кемені бақылау мақсатында қарап-тексеру нәтижелері бойынша кемені қарап-тексеру актісі жасалады.

6. Анықталған кемшіліктерді теңіз портында жою мүмкін болмаған жағдайда, порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемеге, егер кеменің теңіз портына қауіпсіз жетуі үшін қажетті жағдайлар айқындалатын болса, басқа теңіз портына өтуге рұқсат береді. Бұл ретте порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы келесі кіру теңіз портының және ту мемлекетінің құзыретті органы бұл туралы хабардар етілгеніне көз жеткізуге тиіс.»;

15) 42-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әрбір кеме теңіз портынан шыққанға дейін порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамының осыған рұқсатын алуға міндетті.»;

2-тармақтың бірінші абзацы және 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кеменің теңіз портынан шығуына мына жағдайларда:

1) кеме техникалық регламенттерде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмегенде;»;

16) мынадай мазмұндағы 7-1-тараумен толықтырылсын:

«7-1-тарау. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру

44-1-бап. Авариялық жағдайларды тергеп-тексерудің жалпы ережелері

1. Халықаралық суларда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумақтық суларында шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелермен болған авариялық жағдайлар кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларында айқындалған тәртіппен міндетті тергеп-тексеруге жатады.

2. Тергеп-тексерудің мақсаттары себептерді және (немесе) ілеспе факторларды анықтау, авариялық жағдайды болашақта болғызбау және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

3. Осы баптың 4-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, авариялық жағдайларды тергеп-тексеруді уәкілетті орган құратын комиссия жүзеге асырады.

Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия құрамына уәкілетті органның лауазымды адамы болып табылатын тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл, кеме иелері және мүдделі тұлғалар кіреді.

4. Тізбесі Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларында белгіленген авариялық жағдайлардың жекелеген түрлерін кеме иелері тергеп-тексереді. Тергеп-тексеру аяқталған соң кеме иесі материалдарды уәкілетті органға және порттың теңіз әкімшілігіне ұсынады.

(Жалғасы 15-бетте)

(Жалғасы. Басы 2, 13-14-беттерде)

5. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысы тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдің төрағалық етуімен жүргізіледі.

6. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысын, сондай-ақ олармен байланысты барлық аспектілерді авариялық жағдай болған жерде ұйымдастырады және үйлестіреді.

7. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл кәсіптік деңгейін ұстап тұру және біліктілігін арттыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімді оқудан өтеді.

8. Жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның сұрау салулары бойынша жүргізілетін тергеп-тексеруге қатысы бар ақпаратты және (немесе) құжаттаманы ұсынуға міндетті.

9. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия авариялық жағдайларды тергеп-тексеруді жеке және басқа да мемлекеттік органдар жүргізетін басқа тергеп-тексеру түрлеріне қарамастан жүргізеді.

10. Тергеп-тексеруді жүргізу кезінде, Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, басқа да мемлекеттік органдардың авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның қызметіне араласуына жол берілмейді.

44-2-бап. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құқықтары мен міндеттері

1. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия:

1) тергеп-тексеру жүргізудің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ тергеп-тексеруге жататын дәлелдемелердің жоғалуын немесе өзгертілуін болғызбау үшін басқа да мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыруға;

2) авариялық жағдай болған жерге және кемені пайдаланумен байланысты барлық құжаттамаға, оған қызмет көрсетуге және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тартылған персоналға кедергісіз қолжетімділігі болуға, оқиға орнын, объектілер мен сынықтарды, қосалқы бөлшектерді және авариялық жағдайға себеп болған немесе туындауына ықпал етуі, әсер етуі мүмкін кез келген басқа да объектілерді қарап-тексеруді және одан әрі зерттеп-қарауды жүргізуге;

3) кемедегі объективті бақылау аспаптары немесе ақпарат жеткізгіш кез келген басқа да құрылғы деректерін, сондай-ақ жол жүрісіне қызмет көрсететін техникалық құралдар жазбаларын іздеуді, қалпына келтіруді, шығарып алуды, оқуды және алынған деректердің сақталуына толық бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Объективті бақылау немесе ақпарат жеткізгіштің кез келген басқа да құрылғысы жазбаларын шығарып алу және оқу Қазақстан Республикасындағы тиісті құралдарды пайдалана отырып қандай да бір кідіріссіз жүргізілуге тиіс;

4) оқиғаны көргендерден, персоналдан және авариялық жағдайға қатысы бар басқа да адамдардан сұрауға, авариялық жағдайдың себептерін және (немесе) ілеспе факторларды анықтау үшін қажетті зерттеулер мен сынақтар жүргізуді тағайындауға;

5) сарапшыларды жұмысқа тартуға, олардың авариялық жағдайды тергеп-тексеруге қатысты есептерін сұратуға;

6) кеме капитанымен және (немесе) кеме иесімен келісу бойынша авариялық жағдай оқиғасы болған жерге жүзу жолында кемеде болуға құқылы.

2. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.»;

17) 72-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тасымалдау кезінде жүктің толық сақталуын қамтамасыз ету үшін ыдысқа салуды және буып-түюді қажет ететін жүктер, оның ішінде Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес буып-түйілген қауіпті жүктер тасымалдау үшін жарамды ыдысқа салынып және буып-түйіліп берілуге тиіс. Ыдыс және қаптама техникалық регламенттерде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген міндетті қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуге тиіс.».

18) 187-бап:

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Каспий теңізінің қазақстандық секторында құтқару операцияларын уәкілетті орган, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, Қорғаныс министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті бірлесіп бекітілген Каспий теңізінің қазақстандық секторында құтқару операцияларын жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізеді.

4. Кемелерден апат сигналдарын қабылдауды және оларды құтқару операцияларын жүргізуге жауапты мүдделі мемлекеттік органдардың қызметтеріне беруді (қайталауды) өз қызметін навигациялық орталық базасында жүзеге асыратын теңізде құтқару-үйлестіру орталығы қамтамасыз етеді.»;

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

«Ескертпе. Осы баптың мақсаттары үшін Каспий теңізінің қазақстандық секторында апатқа ұшырау жағдайындағы немесе ұшыраған кемелердің жолаушылары мен экипаж мүшелерін іздеу және құтқару үшін қолданылатын жұмыстар құтқару операциясы болып табылады.».

13. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., №15, 134-құжат; 2004 ж., №23, 142-құжат; 2005 ж., №7-8, 19-құжат; 2006 ж., №3, 22-құжат; №24, 148-құжат; 2007 ж., №2, 18-құжат; №16, 129-құжат; 2008 ж., №23, 114-құжат; 2009 ж., №18, 84-құжат; 2010 ж., №1-2, 1-құжат; №5, 23-құжат; №15, 71-құжат; №24, 146-құжат; 2011 ж., №1, 2, 3-құжаттар; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; 2012 ж., №15, 97-құжат; 2013 ж., №9, 51-құжат; №14, 72, 75-құжаттар; №16, 83-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №8, 44-құжат; №10, 52-құжат; №14, 87-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №9, 46-құжат; №19-I, 100, 101-құжаттар; №20-IV, 113-құжат; №23-II, 170-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; №8-I, 65-құжат; 2017 ж., №9, 17-құжат; №23, 111-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №19, 62-құжат; №24, 93-құжат):

1) 1-бапта:

8) және 9-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«8) автомобильмен тасымалдаушы (бұдан әрі – тасымалдаушы) – жеңіл автокөлік құралдарын қоспағанда, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарын иеленетін, жолаушыларды, багажды, жүктерді және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;»;

«9-1) ақпараттық-диспетчерлік такси қызметі – клиенттердің тапсырыстарын өңдеуге және оларды таксимен тасымалдаушының орындауына, оның ішінде аппараттық-бағдарламалық кешенді және (немесе) таксиге тапсырыс берудің мобильдік қосымшасын қолдана отырып беруге арналған, Қазақстан Республикасының дара кәсіпкері немесе заңды тұлғасы болып табылатын тасымалдаушы немесе өзге де тұлға құратын қызмет;»;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) бөлінбейтін жүк – тасымалдау кезінде мақсатын өзгертпей, шамадан тыс шығындарсыз немесе оның бүлінү тәуекелінсіз екі немесе одан көп бөлікке бөлуге болмайтын ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүк;»;

23-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 23-3) және 23-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«23-3) сертификаттау орталығы – 1970 жылғы Халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропа Келісімі (ЕСТР) ережелеріне сәйкес электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды цифрлық сертификаттауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

23-4) спутниктік навигация аппаратурасы – көлік құралына жаһандық навигациялық спутниктік жүйелердің сигналдары арқылы оның ағымдағы орналасқан жерін, жүру бағыты мен жылдамдығын айқындау, қосымша борт жабдығымен деректер алмасу үшін, сондай-ақ жылжымалы радиотелефон байланысы желілері арқылы ақпарат алмасу үшін орнатылатын аппараттық-бағдарламалық құрылғы;»;

25-1), 25-2) және 25-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«25-1) таксиге тапсырыс берудің мобильдік қосымшасы – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында пайдаланылатын және ұялы байланыс қызметтері немесе Интернет арқылы таксиге тапсырыс беруге және көлік құралын экипажымен қоса жалға алуға қолжетімділік беретін бағдарламалық өнім;

25-2) таксимен тасымалдаушы – жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

25-3) таксометр – жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау құнын (бағасын) есептеуге арналған құрылғы;»;

мынадай мазмұндағы 25-4) тармақшамен толықтырылсын:

«25-4) тахограф – жүргізушілердің еңбек пен демалыс режимін тіркейтін механикалық не электрондық (цифрлық) бақылау құрылғысы;»;

2) 7-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Шағын автобустармен жолаушылар тасымалдауға жиырма бір жасқа толған, «D1» кіші санатындағы көлік құралдарын басқару құқығы және кемінде үш жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде бір жыл «С» санатына жатқызылатын көлік құралдарын басқару өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Жүргізушінің орнынан басқа, он алтыдан көп отыратын орындары бар автобустармен және троллейбустармен жолаушылар тасымалдауға жиырма бес жасқа толған, кемінде бес жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде үш жыл «D1» кіші санатына жатқызылатын көлік құралдарын басқару өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.»;

3) 8-бапта:

3-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«4. Жолаушылар мен багажды республикаішілік тасымалдау әкімшілік-аумақтық белгісіне қарай:

1) қалалық (ауылдық) – елді мекеннің белгіленген шекаралары шегіндегі тасымалдау;

2) қала маңындағы – елді мекеннің белгіленген шекараларынан өлшенетін, ұзақтығы елу километрге дейінгі қала маңындағы аймақпен елді мекенді жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдау;

3) ауданішілік – бір аудан шегіндегі елді мекендер арасындағы тасымалдау;

4) ауданаралық (облысішілік қалааралық) – әртүрлі аудандардағы елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе елді мекендерді облыстық маңызы бар қалалармен жалғастыратын, бір облыс шегіндегі тасымалдау;

5) облысаралық қалааралық – әртүрлі облыстардағы елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе елді мекендерді республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен жалғастыратын тасымалдау болып бөлінеді.

5. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдау ұйымдастыру сипатына қарай тұрақты, тұрақты емес және таксимен тасымалдау болып бөлінеді.»;

4) 11-бап мынадай мазмұндағы 4, 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

«4. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының салмақ және габарит өлшемдерін асыра отырып, автокөлік құралының жүріп өтуі;

2) ірі габаритті, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді қоса алғанда, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде болуға тиіс, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттардың және (немесе) хабарламалардың болмауы;

3) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін бұзу;

4) ірі габаритті, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді қоса алғанда, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жол жүру маршрутын және (немесе) кестесін сақтамау;

5) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында берілген хабарламаны орындамау;

6) осы Заңның 44-бабында белгіленген талаптарды тексеру;

7) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралы арқылы жүріп өту тәртібін сақтамау;

8) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде жүктерді жүк таситын және мамандандырылған автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеудің болмауы уәкілетті органның лауазымды адамдарының талабы бойынша автокөлік құралын тоқтату үшін негіздер болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген автокөлік құралын тоқтату үшін негіздер арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарымен айқындалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген автокөлік құралын тоқтатуға негіз Қазақстан Республикасының аумағында күнтізбелік бес күннен астам болған шетелдік автокөлік құралдарына қолданылады.

5. Уәкілетті органның лауазымды адамына осы баптың 4-тармағында көзделмеген негіздер бойынша автокөлік құралын тоқтатуға тыйым салынады.

6. Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдары арқылы жүріп өту тәртібі Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану қағидаларында айқындалады.»;

5) 15-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы «сұратуға құқығы бар.» деген сөздер «сұратуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органның лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар және әрекеттер жасау фактілерін тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдалануға құқығы бар.»;

6) 16-бап мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Жолаушыларды автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау лицензиарға берілген лицензияға қосымшада көрсетілген автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

Осы баптың 2-тармағында көрсетілген жолаушылар тасымалы жүзеге асырылатын автобустардың, шағын автобустардың жылжымалы құрамының бірлігі өзгерген жағдайда, лицензияға қосымша қайта ресімдеуге жатады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 3 – 8-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.»;

7) мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

«17-1-бап. Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды сертификаттау

Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды сертификаттауды сертификаттау орталығы Қазақстан Республикасы халықаралық шартының ережелеріне сәйкес Еуропалық комиссияның бас сертификаттау орталығының цифрлық сертификатын қолдана отырып жүзеге асырады.»;

8) 19-баптың 2-1-тармағындағы «республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органынын» деген сөздер «жергілікті атқарушы органның» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 19-7-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарында осы баптың бірінші бөлігінің 2) (лицензияның болуын бақылау бөлігінде), 4), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген бақылау функцияларын жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган да жүзеге асырады.»;

10) 19-10-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Отандық автокөлік құралдары рұқсат беру құжаттары бланкілерімен алмасу жүргізілген шет мемлекеттерге шыққан жағдайда, тасымалдаушы ұсынылған өтінімдер негізінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган беретін тиісті шетелдік рұқсат беру құжаттарын ала алады.»;

3-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

11) 19-11-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уәкілетті орган белгілеген, Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін өлшемдерінен габариттері және (немесе) массасы және (немесе) осьтік жүктемелері бойынша асып түсетін, жүксіз немесе бөлінбейтін жүгі не мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүгі бар отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен рұқсат беру құжатының – ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арналған арнайы рұқсаттың (бұдан әрі – арнайы рұқсат) негізінде жүзеге асырылады.»;

12) 22-баптың 2-тармағының 5-1) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«5-1) автокөлік құралдарын тасымалдауды ұйымдастырушыға нақты уақыт режимінде ақпарат беретін спутниктік навигация аппаратурасымен жабдықтауға;

6) жол жүру құжаттарын (билеттерді) және багаж түбіртектерін маршруттың аялдама пункттерінде өздері не автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері арқылы сатуды, оның ішінде оларды Интернет желісі және ұялы байланыс құрылғылары арқылы сатуды қоса алғанда, электронды сатуды қамтамасыз етуге;»;

13) 26-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

2) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) жолаушының такси көрсететін қызмет құны (бағасы) туралы хабардар болуын қамтамасыз етуге;»;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-1) ақпараттық-диспетчерлік қызметінің болуына немесе ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөнінде шарт жасасуға;

2-2) автокөлік құралын таксометрмен жабдықтауға;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Таксимен тасымалдаушы болып табылмайтын өзге де тұлға құратын ақпараттық-диспетчерлік такси қызметі таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті бастағаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізіліміне енгізілген, оның ішінде таксиге тапсырыс берудің мобильдік қосымшасы арқылы жасалған автокөлік құралын экипажымен қоса жалға алу шарты бойынша таксимен тасымалдауды жүзеге асыратын таксимен тасымалдаушылармен ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөнінде шарт жасасады және таксимен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде таксимен тасымалдаушы осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 5) және 8) тармақшаларының талаптарын орындаған жағдайда, өз қызметтерін көрсетеді.

Таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті бастағаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар туралы мәліметтер рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде орналастырылады.»;

5-тармақтағы «Облыстардың» деген сөз «Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 37-баптың 6-тармағындағы «уәкілетті органға» деген сөздер «жергілікті атқарушы органға» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 38-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бөлінбейтін жүктерді немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүктерді тасымалдау жағдайларын қоспағанда, уәкілетті орган белгілеген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін өлшемдерінен габариттері және (немесе) массасы және (немесе) осьтік жүктемелері бойынша асып түсетін жүгі бар отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуіне жол берілмейді.»;

16) 38-1-бап алып тасталсын;

17) 4-тарау мынадай мазмұндағы 41-1-баппен толықтырылсын:

«41-1-бап. Жүктерді жүк таситын және мамандандырылған автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеу

Тасымалдаушының уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде жүктерді жүк таситын және мамандандырылған автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеуге құқығы бар.»;

18) 43-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде, Қазақстан Республикасы облысының шет мемлекетке шығу немесе шет мемлекеттен кіру жүзеге асырылатын елді мекендері арасында отандық тасымалдаушылардың жолаушылар мен багажды тасымалдауын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушылар тасымалдауға тыйым салынады.»;

19) 45-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Шет мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдары Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткеннен кейін Қазақстан Республикасының аумағында межелі пунктпен халықаралық жүк тасымалын жүзеге асырған кезде сәйкестендіру құралдары пайдаланыла отырып өткізіледі.

Сәйкестендіру құралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды пайдалану тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.».

14. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., №15, 88-құжат; 2006 ж., №3, 22-құжат; №23, 141-құжат; №24, 148-құжат; 2007 ж., №9, 67-құжат; №18, 143-құжат; №20, 152-құжат; 2009 ж., №18, 84-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №24, 146-құжат; 2011 ж., №1, 2, 3-құжаттар; №5, 43-құжат; №6, 50-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; 2012 ж., №14, 92, 95-құжаттар; №15, 97-құжат; 2013 ж., №14, 72, 75-құжаттар; №16, 83-құжат; 2014 ж., №10, 52-құжат; №14, 84-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №8, 45-құжат; №19-I, 100-құжат; №20-IV, 113-құжат; №23-II, 170-құжат; 2016 ж., №8-I, 65-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №9, 17-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №19, 62-құжат):

1) 1-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) кеме – шағын көлемді кеме болып табылмайтын ішкі суларда жүзетін кеме, кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын өздігінен жүзетін немесе өздігінен жүзбейтін жүзбелі құрылғы, оның ішінде «өзен-теңізде» жүзетін кеме, паром, техникалық флот кемесі (су түбін тереңдетуші және су түбін тазартушы снарядтар, жүзбелі кран және осы сияқты басқа да техникалық құрылғылар);»;

2) 9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 26-31) және 26-32) тармақшалармен толықтырылсын:

«26-31) мемлекеттік техникалық флот кемелерінің жанар-жағармай материалдарын жұмсау (заттай мәндегі) нормаларын бекіту;

26-32) суға батқан мүлікті көтеру құнын айқындау әдістемесін бекіту;»;

3) 15-бап мынадай мазмұндағы 4-1 және 5-2-тармақтармен толықтырылсын:

«4-1. Уәкілетті орган кәсіпорындарының кемелерін қоспағанда, тиесілілігіне және қай ұлтқа жататындығына қарамастан, кемелердің навигациялық жағдай құралдарымен жабдықталмаған (навигация ашылғанға дейін және жабылғаннан кейін) кеме қатынасы су жолдарымен жүзуіне тыйым салынады.

Кемелердің навигациялық кезеңнің аяқталуына байланысты навигациялық жағдай құралдары алып тасталған ішкі су жолдарының жекелеген учаскелері бойымен тұру орнына дейін бір жолғы жүзіп өтуіне аумақтық бөлімшемен және уәкілетті органның кәсіпорнымен келісу бойынша жол беріледі.»;

«5-2. Кеме қатынасы шлюздерінде шұғыл авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу және шлюздерде төтенше жағдайдың алдын алу үшін қажетті материалдар мен жабдықтардың азаймайтын қорларының болуы міндетті.

Материалдар мен жабдықтардың азаймайтын қорларының тізбесін, әрбір кеме қатынасы шлюзі үшін оларды пайдалану және сақтау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

4) 17-баптың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«17) қайта жабдықтау салдарынан кеменің техникалық деректері өзгерген жағдайда шағын көлемді кемелерді қайта тіркеуді жүргізу;»;

5) 17-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«17-1-бап. Аумақтық бөлімшелердің кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қарап-тексеруді жүргізуі»

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қарап-тексеру кеменің (оның ішінде шағын көлемді кеменің) (оның мемлекеттік тіркелген орнына қарамастан), экипаждың кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қауіпсіз пайдалануды регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін анықтау мақсатында жүргізіледі. Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қарап-тексеру капитанның немесе бірінші штурманның (капитанның аға көмекшісінің) және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушісінің қатысуымен тұрақта тұрған, сол сияқты жүзіп келе жатқан кезде де жүргізілуі мүмкін.

Ішкі суларда жүзетін кемелерді және шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру – навигацияаралық кезеңнен кейін, ал «өзен-теңізде» жүзетін кемелерді теңізде пайдаланғаннан кейін олар ішкі су жолдарына кірген кезде жүргізіледі.

Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) бақылау мақсатында қарап-тексеру навигация кезеңінде екі айда бір реттен жиілетпей немесе көлік оқиғасы болған кезде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда жүргізіледі.»;

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«4. Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру кезінде:

1) кеме билеті;

2) өздігінен жүзетін шағын көлемді кемені басқару құқығына куәлік;

3) техникалық куәландырудан өткендігі;

4) шағын көлемді кемеде жолаушылар сыйымдылығы мен жүк көтеру нормаларын, жүзу ауданы мен шарттары бойынша шектеулердің, жолаушылар мен жүктердің дұрыс орналастырылуының сақталуы;

5) құтқару, өртке қарсы және су төгу құралдарының болуы;

6) бортта тіркеу нөмірінің болуы;

7) орналасқан орнына қарамастан кеме корпусін тесіп өткен ойықтардың болмауы, кеменің гермобөліктерінің және (немесе) әуе жәшіктерінің болмауы немесе тұмшалануының бұзылуы;

8) руль құрылғысының конструкцияда көзделген бекіту бөлшектерінің болуы немесе оның құрамдас бөліктерінің зақымдалуы, оның жұмыс істеу сенімділігінің қамтамасыз етілмеуі;

9) отын ағуының, дірілдің болмауы, бәсеңдеткіштің болуы және жарамдылығы, қозғалтқышты қашықтықтан басқару жүйесінің зақымдалуы, реверс-редуктордың сенімді қосылуының (ажыратылуының) қамтамасыз етілмеуі, реверс қосылып тұрған кезде қозғалтқыштың (мотордың) іске қосылуын бұғаттауыштың жарамсыздығы;

10) кеменің жиынтықтамасы мен жабдығының кеме типіне сәйкестігі;

11) айырым оттарының болуы, жарамдылығы немесе сәйкестігі;

12) кеменің белгіленген сыныбына сәйкес келетін бассейндерде (аудандарда) кеменің пайдаланылуы;

13) руль, сигнал, зәкір және арқандап байлау құрылғысының болуы және жарамдылығы;

14) орнатылған қозғалтқыштың ең жоғары қуатының сәйкестігі тексеруге жатады.

5. Шағын көлемді кемені қарап-тексеру нәтижелері бойынша аумақтық бөлімшенің лауазымды адамы шағын көлемді кеменің атауын (нөмірін) және тіркеу нөмірін, кеме иесін (кеме жүргізушіні), қарап-тексеру күнін көрсете отырып, шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісін жасайды. Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қауіпсіз пайдалануды регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда аумақтық бөлімшенің лауазымды адамы анықталған бұзушылықтардың тізбесін және оларды жою мерзімдерін көрсете отырып нұсқама шығарады. Кеме құжаттары болмаған кезде және шағын көлемді кемені пайдалану қауіпсіздігіне қатер төнетін жағдайларда аумақтық бөлімшенің лауазымды адамы шағын көлемді кеменің (құрамның) жүзуіне тыйым салады, бұл туралы кеме жүргізуші кеме иесіне хабар береді.

Шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісі және нұсқама уәкілетті орган бекітетін нысандар бойынша екі данада жасалады және оларға аумақтық бөлімшенің лауазымды адамы және кеме жүргізуші қол қояды. Кеме жүргізуші шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісіне немесе нұсқамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, мәлімделген бас тарту уәждері көрсетіле отырып жазба жасалады.

Шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісінің және нұсқаманың бірінші данасы – кеме иесінде, екіншісі аумақтық бөлімшеде сақталады.»;

6) 23-баптың 1-1-тармағының бірінші абзацы және 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Ішкі су жолдарында және өзге де су айдындарында пайдаланылатын мемлекеттік тіркеуге жататын шағын көлемді кемеде мынадай құжаттар:

1) кеме билеті;»;

7) 29-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы «сәйкестігін жоғалтқан кеме шығарылуға тиіс.» деген сөздер «сәйкес келмей қалған;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) кеме иесінің ауысуына байланысты кеме шығарылуға тиіс.».

15. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., №17, 102-құжат; 2006 ж., №3, 22-құжат; №7, 38-құжат; №13, 87-құжат; №24, 148-құжат; 2007 ж., №19, 148-құжат; 2008 ж., №15-16, 64-құжат; №24, 129-құжат; 2009 ж., №13-14, 62-құжат; №15-16, 74-құжат; №18, 84-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; 2011 ж., №1, 2-құжат; №5, 43-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; №16, 129-құжат; 2012 ж., №3, 21-құжат; №12, 85-құжат; №14, 92-құжат; №15, 97-құжат; 2013 ж., №4, 21-құжат; №14, 75-құжат; №15, 79-құжат; 2014 ж., №10, 52-құжат; №12, 82-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №11, 57-құжат; №20-IV, 113-құжат; №20-VII, 117-құжат; №21-II, 131-құжат; №23-I, 169-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; №8-II, 70-құжат; №24, 124-құжат; 2017 ж., №14, 54-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82-құжат; 2019 жылғы 3 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 70-35) және 70-36) тармақшалармен толықтырылсын:

«70-35) жылу энергиясын өндіру саласындағы ұйымдардың энергиямен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарын үйлестіруді жүзеге асырады;

70-36) жылу энергиясын өндіру саласындағы ұйымдардың энергиямен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекітеді;»;

2) 5-1-бап мынадай мазмұндағы 5-4) және 5-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-4) электр энергиясын беру және онымен жабдықтау, жылу энергиясын беру және онымен жабдықтау саласындағы ұйымдардың қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарын үйлестіруді жүзеге асырады;

5-5) электр энергиясын беру және онымен жабдықтау, жылу энергиясын беру және онымен жабдықтау саласындағы ұйымдардың қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекітеді;»;

3) 5-2-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары электр энергиясын беру және онымен жабдықтау, жылу энергиясын өндіру, беру және онымен жабдықтау саласындағы ұйымдардың қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялауды уәкілетті мемлекеттік органдар айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.».

16. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., №17-18, 113-құжат; 2011 ж., №1, 2-құжат; №5, 43-құжат; №11, 102-құжат; 2012 ж., №8, 64-құжат; №14, 95-құжат; №15, 97-құжат; 2013 ж., №14, 72-құжат; №16, 83-құжат; 2014 ж., №7, 37-құжат; №10, 52-құжат; №16, 90-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №19-I, 100-құжат; №20-IV, 113-құжат; №23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., №8-I, 65-құжат; №24, 124-құжат; 2017 ж., №9, 22-құжат; №11, 29-құжат; №14, 51-құжат; №16, 56-құжат; №22-III, 109-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №19, 62-құжат):

1) 1-бапта:

16-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16-1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;»;

мынадай мазмұндағы 16-2) және 16-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«16-2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бірінші басшы мен оның орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелер басшыларының және авиация инспекторларының лауазымдарын атқаратын қызметкерлері;

16-3) азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйымдар – азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын және әуе көлігінің қауіпсіздігін, тұрақтылығын, тиімділігін қамтамасыз етуге және оның басқа да мәселелерін реттеуге бағытталған авиациялық қағидаларды қабылдайтын халықаралық ұйымдар;»;

20), 21), 22) және 31) тармақшалардағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

55-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«55-1) инспекторлық нұсқама – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиация инспекторы бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жеке немесе заңды тұлғаларға анықталған бұзушылықтарды жою үшін берген жеке сипаттағы акт;»;

65-1) тармақшадағы «уәкілетті органның мемлекеттік авиациялық инспекторларына» деген сөздер «уәкілетті ұйымның авиация инспекторларына» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-тарау мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

«7-1-бап. Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамыту

1. Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамыту:

(Жалғасы 16-бетте)

(Жалғасы. Басы 2, 13-15-беттерде)

1) стратегиялық және ұзақ мерзімді міндеттердің операциялық және қысқа мерзімді міндеттерден басым болу қағидатына;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласында адами капиталды есепке алу, зерттеу, дамыту және сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы жүйелі тәуекелдерді анықтау, талдау және барынша азайту жөнінде шаралар қолдану процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге негізделеді.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамыту жөніндегі шараларды әзірлеуді және іске асыруды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қамтамасыз етеді.»;

3) 10-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

2. Азаматтық және эксперименттік авиация қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қатысуымен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. Мемлекеттік авиация қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

4-тармақта:

бірінші абзацтағы және 3) тармақшадағы «авиацияның қызметін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган», «нысанында жүзеге асырады» деген сөздер тиісінше «авиация қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалау», «нысандарында жүзеге асырылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым тексерулер және бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуын техникалық бақылау мен қадағалауды (бұдан әрі – бақылау мен қадағалау) жүзеге асырады.»;

5-тармақтағы «уәкілетті органға» деген сөздер «уәкілетті ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы «Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарының тексерулері мен бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарының қорытындылары бойынша қорытынды құжаттар (актілер, инспекторлық нұсқамалар) жасалуы және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген ықпал ету шаралары қолданылуы» деген сөздер «Тексерулердің және бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарының қорытындысы бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері қорытынды құжаттар (актілер, инспекторлық нұсқамалар) жасауы және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген ықпал ету шараларын қолдануы» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 10-1-баптың 1-тармағының екінші және үшінші бөліктеріндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-2-баптың 16) тармақшасындағы «қауіпсіздік шаралары жатады.» деген сөздер «қауіпсіздік шаралары;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

«17) азаматтық авиация саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жатады.»;

6) 11-бапта:

1-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тексеруді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиация инспекторы (бұдан әрі – авиация инспекторы) нұсқамалық материалды пайдалана отырып жүзеге асырады.»;

3-тармақтағы «уәкілетті органның» деген сөздер «уәкілетті ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы «Мемлекеттік авиация инспекторлары» деген сөздер «Авиация инспекторлары» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі «мемлекеттік авиация инспекторының объектілерге кіруіне және (немесе) тексеру жүргізу үшін қажетті», «мемлекеттік авиация инспекторы» деген сөздер тиісінше «авиация инспекторының тексеру жүргізу үшін қажетті объектілерге және (немесе)», «авиация инспекторы» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

бірінші бөліктегі «мемлекеттік авиация инспекторы» деген сөздер «авиация инспекторы» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің 2) тармақшасындағы «уәкілетті органның» деген сөздер «уәкілетті ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 12-бапта:

тақырыптағы «мемлекеттік» деген сөз алып тасталсын;

1-тармақтағы «Мемлекеттік бақылау», «қызметі туралы», «мемлекеттік авиация инспекторлары», «мемлекеттік авиация инспекторы» деген сөздер тиісінше «Бақылау», «қызметі саласындағы», «авиация инспекторлары», «авиация инспекторы» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Авиация инспекторлары беретін инспекторлық нұсқамаларға азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.»;

8) 12-1-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Азаматтық авиациядағы ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттер шегінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланумен және авиация қызметімен байланысты қоғамдық қатынастардың барлық субъектілерінің қызметіндегі негізгі басымдық және міндеттеме болып табылады.»;

9) 13-бап мынадай мазмұндағы 60-2) және 60-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«60-2) осы Заңда айқындалатын тәртіппен субсидиялауға жататын басымдығы бар халықаралық авиамаршруттарды айқындайды;

60-3) басымдығы бар халықаралық авиамаршруттар үшін авиациялық отынды субсидиялау қағидаларын бекітеді;»;

10) 14-баптың 1-тармағында:

2-1) тармақшадағы «әзірлейді және» деген сөздер алып тасталсын;

2-2) және 2-3) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) және 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-1) мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, азаматтық әуе кемелерінің әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзуын тоқтату жөнінде шаралар қолданады;

5-2) азаматтық және эксперименттік авиацияның әуе кеңістігін пайдалану қағидаларын бұзушылықтарын есепке алуды жүргізеді, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалану қағидаларын бұзушылықтың барлық жағдайлары бойынша мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен өзара ақпарат алмасуды жүзеге асырады;»;

15-2), 16), 17), 18), 19), 19-2), 27), 28), 30-1), 31), 32), 33), 34), 35), 36), 37), 38-1), 41-2) және 41-69) тармақшалар алып тасталсын;

11) 15-баптың 22) және 23) тармақшалары алып тасталсын;

12) 16-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың үшінші бөлігіндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың үшінші бөлігіндегі «уәкілетті органмен» деген сөздер «уәкілетті ұйыммен» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы «уәкілетті орган», «уәкілетті органға» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйым», «уәкілетті ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың бірінші және екінші бөліктеріндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 16-1-бапта:

1-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші абзацындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші абзацтағы «Мемлекеттік авиациялық инспекторлар» деген сөздер «Авиация инспекторлары» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы «уәкілетті органға» деген сөздер «уәкілетті ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген сертификаттар (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктер) негізінде Қазақстан Республикасының шегінде немесе шегінен тыс жерде азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар өз қызметін жүзеге асыру кезінде сертификаттау талаптарын үнемі сақтайтынын растайтын ақпаратты, құжаттарды береді және өздерінің қарамағындағы жерлер мен аймақтарда сертификаттау нысанасы болып табылатын ақпаратқа, құжаттарға, бұйымдарға, бөлшектер мен жабдыққа авиация инспекторларының қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.»;

6-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 16-2-бапта:

1-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі «уәкілетті органға», «уәкілетті орган» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйымға», «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 16-3-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігінің екінші, бесінші және алтыншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«авиация инспекторын азаматтық авиация пайдаланушысының және (немесе) ұйымдарының объектілеріне (әуе кемелерін, ғимараттарды, құрылысжайларды, ангарларды, отын қоймаларын, қызметтік үй-жайларды қоса алғанда және аумағына) кіргізуден бас тарту;»;

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бекітуіне жататын құжаттамаға осындай ұйымның тиісті бекітуінсіз өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

екінші деңгейдегі бұзушылық кезінде азаматтық авиация пайдаланушысының немесе ұйымының түзету іс-қимылдарының жоспарын оған бағалау жүргізу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға белгіленген мерзімде ұсынбауы немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым белгілеген немесе ұзартқан мерзімдерде түзету іс-қимылдарын орындамауы;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қадағалауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық анықталған кезде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым немесе авиация инспекторы азаматтық авиация пайдаланушысына немесе ұйымына анықталған бұзушылықты жою үшін түзету іс-қимылдарын қолдану талабымен нұсқама жібереді.

Қажет болған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым әуе кемесі тіркелген шет мемлекеттің құзыретті органына хабар береді.»;

5, 6, 7 және 8-тармақтардағы «уәкілетті орган», «уәкілетті органға» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйым», «уәкілетті ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 16-4-бапта:

1-тармақтағы «уәкілетті орган», «уәкілетті органның», «жататын» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйым», «уәкілетті ұйымның», «жатқызылатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы «мемлекеттік авиация инспекторлары» деген сөздер «авиация инспекторлары» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 16-5-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі «мемлекеттік авиация инспекторлары» деген сөздер «авиация инспекторлары» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы «мемлекеттік авиация инспекторлары» деген сөздер «авиация инспекторлары» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың бірінші абзацындағы «уәкілетті органның» деген сөздер «уәкілетті ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы «мемлекеттік авиация инспекторы» деген сөздер «авиация инспекторы» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың 2) тармақшасындағы «уәкілетті органға» деген сөздер «уәкілетті ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың бірінші абзацындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтағы «мемлекеттік авиация инспекторы» деген сөздер «авиация инспекторы» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 16-6-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«16-6-бап. Авиация инспекторы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтық және эксперименттік авиация саласында сертификаттауды, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшісі авиация инспекторы болып табылады.

Авиация инспекторлары әуе кемелерінің ұшуын орындау және қамтамасыз ету, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, әуе қозғалысына қызмет көрсету бөлігінде арнайы және (немесе) кәсіптік даярлығы бар, сондай-ақ қаржы-экономикалық және құқықтық қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асыратын, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері қатарынан тағайындалады.

Авиация инспекторларының санын Қазақстан Республикасында коммерциялық авиация мен жалпы мақсаттағы авиацияның азаматтық әуе кемелері жүзеге асыратын авиациялық қызметтің көлеміне қарай азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым айқындайды.

Авиациялық қауіпсіздік саласындағы бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын авиация инспекторларын тағайындау ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізетін арнайы тексерудің оң нәтижелері алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

Авиациялық қауіпсіздік саласындағы бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын авиация инспекторларына қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиациялық қауіпсіздігі бағдарламасының талаптарына сәйкес белгіленеді.»;

1-1-тармақ алып тасталсын;

1-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1-2. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, сертификаттауды, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде авиация инспекторының қызметіне жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың араласуына жол берілмейді.»;

2-тармақтың бірінші абзацындағы «Мемлекеттік авиация инспекторларының» деген сөздер «Авиация инспекторларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацындағы «мемлекеттік авиация инспекторлары» деген сөздер «авиация инспекторлары» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы «мемлекеттік авиация инспекторының» деген сөздер «авиация инспекторының» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Авиация инспекторлары инспекцияланатын азаматтық авиация ұйымдары персоналының жұмыс жағдайларымен және сыйақысымен салыстырылатын деңгейлерге сәйкес келетін ақшалай ризықпен қамтамасыз етіледі.»;

6-тармақта:

бірінші абзацтағы «Мемлекеттік авиация инспекторлары» деген сөздер «Авиация инспекторлары» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін авиация инспекторларын кәсіптік даярлау және олардың біліктілігін ұстап тұру қағидаларында белгіленген көлемде және деңгейде азаматтық авиация және пайдаланушылар ұйымдарында кәсіптік даярлықты (біліктілікті) ұстап тұруға тиіс.»;

7-тармақтағы «біліктілік деңгейін ұстау кезінде мемлекеттік авиация инспекторларының» деген сөздер «біліктілікті ұстап тұру кезінде авиация инспекторларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 16-8-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес жасалған келісімнің негізінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым өз құзыреті шегінде мемлекеттің уәкілетті ұйымы ретінде ұшу қағидаларын сақтауды, радиомен хабарлау аппаратураларын пайдалануды және ұшуға жарамдылықты ұстап тұруды, сондай-ақ авиация персоналының талаптар мен нормаларды сақтауын қамтамасыз етуге бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі функциялар мен міндеттерді осы әуе кемесі экипажсыз пайдаланылатын шет мемлекеттің құзыретті биліктеріне беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы пайдаланушысының оны экипажсыз пайдалануы кезінде әуе кемесін тіркеген мемлекеттің өзіне берген функциялар мен міндеттерді қабылдауға құқылы.»;

2 және 3-тармақтардағы «уәкілетті орган», «уәкілетті органның» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйым», «уәкілетті ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) мынадай мазмұндағы 2-1-тараумен толықтырылсын:

«2-1-тарау. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым

16-9-бап. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның негізгі ережелері

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым өз құзыреті шегінде:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыруда жәрдем көрсетеді;

2) авиация инспекторларын ақшалай ризықпен қамтамасыз ету тәртібін айқындайды;

3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуде жәрдем көрсетеді;

4) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес нұсқамалық материалдарды, сондай-ақ ұшуға жарамдылық жөніндегі директиваларды әзірлейді;

5) әуе кеңістігін пайдалануды ұйымдастыру кезінде азаматтық-әскери үйлестіру жүйесін орнату және ұстап тұру үшін мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

7) авиациялық оқу орталықтары мен азаматтық авиация ұйымдары әзірлеген авиация персоналын кәсіптік даярлау бағдарламаларын келіседі;

8) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 1-қосымшада көзделген авиация персоналына жататын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеңіл және аса жеңіл авиацияның авиация персоналына жататын адамға оның қажетті білімі мен дағдыларының бар екенін, сондай-ақ оның денсаулығының белгіленген талаптарға сай екенін растайтын, кәсіптік қызметті жүзеге асыру құқығына арналған авиация персоналының куәлігін береді, куәліктің қолданылу мерзімін ұзартады, мұндай куәлікті кері қайтарып алады, оның қолданылуын тоқтата тұрады, куәлікке біліктілік белгілері мен арнайы белгілерді енгізеді;

9) сертификаттауды және азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификатын, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлікті, авиациялық оқу орталығының сертификатын, азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын, тип сертификатын, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығы сертификатын, азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын, әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің жете тексеруді ұйымдастыруы жөніндегі сертификатты, әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын, аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын, авиациялық медициналық орталықтың сертификатын беруді жүзеге асырады;

10) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган не уәкілетті ұйым берген қолданыстағы сертификаттарға (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктерге) өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, сертификаттарды (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктерді) беруден бас тартады, иелері сертификаттау талаптарын сақтамаған кезде сертификаттарды (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктерді) кері қайтарып алады, олардың қолданылуын тоқтата тұрады;

11) жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыға ұшуды орындау құқығына арналған куәлікті беруді жүзеге асырады, сондай-ақ жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушының ұшуды орындау құқығына арналған куәлігін таниды, өзгертеді, шектейді, қолданылуын тоқтата тұрады немесе кері қайтарып алады;

12) осы Заңда белгіленген жағдайларда әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тартады;

13) әуежайдың, Қазақстан Республикасының және Қазақстан Республикасының әуежайларына тұрақты ұшуды орындайтын шет мемлекеттердің азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың, аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларын келісуді жүзеге асырады;

14) мүдделі мемлекеттік органдар арасында авиациялық қауіпсіздік саласындағы қызметті үйлестіруді жүзеге асырады, азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілерін тергеп-тексеруде мемлекеттік органдарға жәрдемдеседі, оларды болғызбау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

15) әуе кемелерін пайдаланушылардың, әуеайлақтарды (әуежайларды) пайдаланушылардың, аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілердің, авиациялық оқу орталықтарының, техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйымдардың, жете тексеруді жүзеге асыратын авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің, авиациялық медициналық орталықтардың, авиациялық медициналық сарапшылардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады;

16) азаматтық авиация саласында әуе қозғалысына қызмет көрсетілуін, ұшудың радиотехникалық және метеорологиялық қамтамасыз етілуін бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ қызметті және көрсетілетін қызметтердің сапасын тексеруді жүзеге асырады;

17) авиациялық техника мен оған жерде қызмет көрсету құралдарының ұшуға және техникалық пайдалану талаптарына сәйкес келуін бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

18) әуе кемесі, оның компоненттері, қосалқы бөлшектері мен қосымша аспаптары жай-күйінің пайдаланушыға берілген ұшуға жарамдылығы сертификатының талаптарына және ұшуға жарамдылығын айқындайтын пайдалану-техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес келуін бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

19) авиация персоналына жатқызылатын адамдардың осы Заңға сәйкес белгіленген талаптар мен нормаларды сақтауын бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

20) авиация персоналының кәсіптік даярлығы және денсаулық жағдайы мәселелері бойынша белгіленген талаптар мен нормаларды азаматтық авиация ұйымдарының қамтамасыз етуін бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

21) әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары) объектілерінің, қону алаңдарының күтіп-ұсталуын және әуежай қызметінің құрамына кіретін әуеайлаққа және жерде қызмет көрсету қызметтерінің (жұмыстарының) сапасын бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

22) азаматтық авиация саласында ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтарды есепке алуды жүргізеді;

23) азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы ұшудың іздестіру-құтқарумен және авариялық-құтқарумен қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады;

24) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес келу мониторингін жүзеге асырады;

25) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасынан орын алған айырмашылықтар туралы Халықаралық азаматтық авиация ұйымын (ИКАО) уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етуге және оларды аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жариялауға жәрдем көрсетеді;

26) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды болғызбау немесе олардың салдарын азайту мақсатында ұсынымдар береді, сондай-ақ осындай ұсынымдардың орындалуына талдау жүргізеді;

27) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, авиациялық оқиғаларды жинау, бағалау, өңдеу, сақтау және тіркеу тетігін қоса алғанда, авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар туралы деректерді міндетті және ерікті түрде ұсыну жүйесін әзірлейді, енгізеді, зерделейді және ұстап-тұрады;

28) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік және халықаралық деңгейлерде ұшу қауіпсіздігі туралы ақпарат алмасуға және авиациялық оқиғалар туралы ақпарат таратуға қатысады;

29) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігіне байланысты ақпаратты жинауды және талдауды, сондай-ақ осындай ақпаратты жасауды және азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізуді жүзеге асырады. Талдау ақпарат көздерін ашып көрсетуді талап етпейді;

30) авиациялық медициналық сарапшыларды тағайындайды;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

16-10-бап. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметін қаржыландыру

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бюджеті азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдар есебінен қалыптастырылады.

2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарына бюджеттің ашықтығын, оның ішінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында қаржылық есептілікті, сондай-ақ сомасы Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 еселенген мөлшерінен асып түсетін шығыстардың баптары туралы өзекті және егжей-тегжейлі ақпаратты ашық қолжетімділікте орналастыру арқылы қамтамасыз етуге міндетті.

16-11-бап. Азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдар

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін жүйелі қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды іске асыру мақсатында азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдарды аударады.

2. Бөлу нормативін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес белгілейтін таза кірістің азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің билігінде қалған бөлігі осы аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші аударымдарының көзі болып табылады.

3. Азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдарды аудару тәртібі мен олардың нормативін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

16-12-бап. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді мемлекеттік беруші

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші аэронавигациялық қызмет көрсетуді мемлекеттік беруші болып табылады.

2. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді мемлекеттік беруші қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

3. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді мемлекеттік беруші өз қызметінің негізгі мақсатын аэронавигациялық қызметтер көрсету және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге аударымдарды жүзеге асыру арқылы іске асырады.»;

21) 21-баптың 3-тармағындағы «уәкілетті орган», «дәйектілігін, нақтылығын» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйым», «анықтығын, дәлдігін» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 28-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Азаматтық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзуын тоқтату жөнінде шаралар қолдану шарттары мен тәртібі осы Заңға және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларына сәйкес айқындалады.»;

23) 31-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Әуе кемелерінің елді мекендер үстінен ұшуының тұрақты схемаларын (маршруттарын) белгілеуді қоса алғанда, олардың үстінен ұшуды келісу тәртібі Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларында айқындалады.»;

4-тармақ алып тасталсын;

24) 35-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 35-1-бапта:

1-тармақтың үшінші және төртінші бөліктеріндегі «уәкілетті орган», «уәкілетті органмен» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйым», «уәкілетті ұйыммен» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы «әкімшілік іс жүргізуді қозғайды» деген сөздер «шаралар қолдану үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға материалдарды береді» деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 35-2-баптың 1 және 2-тармақтарындағы «уәкілетті органды», «уәкілетті органмен» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйымды», «уәкілетті ұйыммен» деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 38-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі «талаптарға», «уәкілетті орган» деген сөздер тиісінше «талаптарына», «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 39-баптың 4-тармағындағы «уәкілетті органға», «хабарлауға» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйымды», «хабардар етуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 43-баптың 1, 4, 5 және 6-тармақтарындағы «жаңа үлгідегі», «уәкілетті орган», «үлгі», «үлгісінің», «осы үлгісі», «уәкілетті органның», «Үлгіні сертификаттау және сертификат беру», «кеңістігін» деген сөздер тиісінше «жаңа типтегі», «уәкілетті ұйым», «тип», «типінің», «осы типі», «уәкілетті ұйымның», «Сертификаттау және тип сертификатын беру», «кемелерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 44-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі «үлгі конструкциясы», «уәкілетті орган» деген сөздер тиісінше «типтік конструкциясы», «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 45-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөліктегі «, оларға құқықтарды, сондай-ақ оларға құқықтарды куәландыратын құжаттардың нысандарын» деген сөздер «және оларға құқықтарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің 3) тармақшасындағы және үшінші бөліктегі «әуе кемесі типінің сертификатын», «уәкілетті орган», «кемесінің мемлекеттік тіркелгені» деген сөздер тиісінше «әуе кемесінің тип сертификатын», «уәкілетті ұйым», «кемесін мемлекеттік тіркеу» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі «уәкілетті органның» деген сөздер «уәкілетті ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы «уәкілетті органның» деген сөздер «уәкілетті ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Пилотсыз ұшу аппараттары пайдалану мақсатында меншік құқығын иеленген кезден бастап Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында және Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу қағидаларында айқындалған тәртіппен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымда және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органда есепке алуға жатады.

Есепке алуға жататын пилотсыз ұшу аппараттарының санаттары Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында және Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу қағидаларында айқындалады.

Пилотсыз ұшу аппараттарын пайдалану мақсатында иеленетін тұлғалар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға есепке қою туралы өтініш береді.»;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Мемлекеттік тізілімде тіркелген азаматтық әуе кемелері және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымда есепте тұратын ұшу аппараттары туралы мәліметтер мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға беріледі.»;

32) 46-баптың 3-тармағындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 47-бапта:

2-тармақтың бесінші, алтыншы және жетінші бөліктеріндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың екінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы «уәкілетті органға» деген сөздер «уәкілетті ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

бірінші бөліктің екінші сөйлеміндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің 3) тармақшасындағы «уәкілетті органның» деген сөздер «уәкілетті ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші және бесінші бөліктердегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-1-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы «уәкілетті органның» деген сөздер «уәкілетті ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

(Соңы 17-бетте)

(Соңы. Басы 2, 13-16-беттерде)

4) тармақшадағы «уәкілетті органның» деген сөздер «уәкілетті ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

9 және 12-тармақтардағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 48-бапта:

2-тармақтың екінші және үшінші бөліктеріндегі «уәкілетті орган», «уәкілетті органның келісуі» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйым», «уәкілетті ұйыммен келісу» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші сөйлеміндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 51-бапта:

1-1-тармақтағы «азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мен Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес» деген сөздер «Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым мен» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-2-тармақта:

екінші бөліктің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы пайдаланушысының шет мемлекеттің пайдаланушысына тиесілі әуе кемесін экипажымен қоса жалға алуына азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның рұқсаты бойынша мынадай (шет мемлекеттің пайдаланушысына тиесілі, тек қана жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын әуе кемесін экипажымен қоса жалға алуды қоспағанда): саны бес әуе кемесінен аспайтын паркі бар жалға алушы үшін – бір әуе кемесінен аспайтын және саны бес әуе кемесінен асатын паркі бар жалға алушы үшін – тұрақты және тұрақты емес ұшуды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын жалпы әуе кемелері паркінің жиырма пайызынан аспайтын пропорцияда және жалға алушы пайдаланушысының сертификатына енгізбей, бір жылдың ішінде екі айдан аспайтын мерзімге жол беріледі.»;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Шет мемлекеттің пайдаланушысына тиесілі, тек қана жүктерді тасымалдауға пайдаланылатын әуе кемесін экипажымен қоса жалға алуға Қазақстан Республикасы пайдаланушысына мынадай:

1) көрсетілген жалға алу мерзімі басталған кезге Қазақстан Республикасының пайдаланушысы әуе тасымалдаушысы қызметін кемінде он жыл жүзеге асырған;

2) жүк таситын әуе кемесін пайдаланушыны артықшылықпен иелену және нақты бақылау Қазақстан Республикасына немесе оның азаматтарына тиесілі болған;

3) Қазақстан Республикасының пайдаланушысы шет мемлекеттің пайдаланушысына тиесілі, тек қана жүктерді тасымалдауға пайдаланылатын әуе кемесін экипажымен қоса жалға алуды бұрын жүзеге асырмаған;

4) жалға алынатын әуе кемесін жалпы пайдалану мерзімі отыз жылдан аспаған шарттар сақталған жағдайда, әуе кемесін экипажымен қоса жалға алу туралы шарт жасасқан кезден бастап үш жыл бойына рұқсат етіледі.»;

төртінші бөліктегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 54-бапта:

1-тармақтың төртінші бөлігінің бірінші сөйлеміндегі, алтыншы және сегізінші бөліктеріндегі «уәкілетті орган», «уәкілетті органнан» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйым», «уәкілетті ұйымнан» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші және үшінші бөліктеріндегі «уәкілетті орган», «деңгейде ұстауға» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйым», «деңгейін ұстап тұруға» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөліктегі, бесінші бөліктің бірінші сөйлеміндегі «уәкілетті органмен», «уәкілетті орган» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйыммен», «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөліктің бірінші абзацындағы «талаптарының бұзылуы», «уәкілетті орган» деген сөздер тиісінше «талаптарын бұзушылықтар», «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы бөліктің бірінші абзацындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

он төртінші бөлікте:

бірінші абзацтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

1) және 2) тармақшалардағы «әкімшілік іс жүргізуді қозғайды», «әкімшілік іс жүргізуді қайтадан қозғайды» деген сөздер тиісінше «шаралар қолдану үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға материалдарды береді», «шаралар қолдану үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға материалдарды қайта береді» деген сөздермен ауыстырылсын;

он бесінші бөлікте:

бірінші абзацтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

1) және 2) тармақшалардағы «әкімшілік іс жүргізуді қозғайды», «әкімшілік іс жүргізуді қайтадан қозғайды» деген сөздер тиісінше «шаралар қабылдау үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға материалдарды береді», «шаралар қабылдау үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға материалдарды қайтадан береді» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші және үшінші бөліктеріндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-1-тармақтың бірінші абзацындағы және 6-2-тармақтың бірінші абзацындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 55-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 58-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

39) 60-бапта:

1-тармақтың бірінші және екінші бөліктеріндегі «уәкілетті органға» деген сөздер «уәкілетті ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші және төртінші бөліктердегі «уәкілетті орган» деген сөздер, «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

40) 61-бапта:

2 және 3-тармақтардағы «уәкілетті орган», «Әуе», «уәкілетті органға» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйым», «Азаматтық әуе», «уәкілетті ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 64-баптың 1-тармағы үшінші бөлігінің 4) тармақшасындағы «уәкілетті органның» деген сөздер «уәкілетті ұйымның» деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 66-бапта:

2-тармақтағы «уәкілетті органға» деген сөздер «уәкілетті ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың бірінші абзацындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтағы «пайдаланушы», «уәкілетті орган» деген сөздер тиісінше «пайдаланушы тоқтата тұру негіздері бойынша», «азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтағы «уәкілетті органмен келісім» деген сөздер «уәкілетті ұйыммен келісу» деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 67-бапта:

1-тармақтың екінші және үшінші бөліктеріндегі «уәкілетті органға», «уәкілетті органда» деген сөздер тиісінше «уәкілетті ұйымға», «уәкілетті ұйымда» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 68-баптың 3-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Әуе кемелерінің ұшуы мен қонуын, оларды күтіп алу мен ұшуға шығаруды және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсету:»;

45) 71-баптың 2-тармағының екінші сөйлеміндегі «уәкілетті органмен» деген сөздер «уәкілетті ұйыммен» деген сөздермен ауыстырылсын;

46) 74-баптың 4-1-тармағы «капиталындағы» деген сөзден кейін «тікелей және (немесе) жанама» деген сөздермен толықтырылсын;

47) 79-бапта:

2-1-тармақтың екінші бөлігіндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Авиамаршруттың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе ол уәкілеттік берген мемлекеттік органның шешімдері негізінде жүзеге асырылатын авиамаршруттар бойынша тұрақты тасымалдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімдері негізінде жүзеге асырылатын тасымалдар, сондай-ақ басымдығы бар халықаралық авиамаршруттарға жатқызылатын тасымалдар бюджет қаражаты есебінен субсидиялануға жатады.»;

48) 81-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі «отыз» деген сөз «жиырма» деген сөзбен ауыстырылсын;

49) 89-баптың жетінші абзацындағы «бұйымдарын» деген сөз «өнімдерін және (немесе) электрондық сигареттерді» деген сөздермен ауыстырылсын;

50) 90-бапта:

6-тармақтағы «азаматтық және мемлекеттік авиация салаларындағы уәкілетті органдарға» деген сөздер «мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы «азаматтық және мемлекеттік авиация салаларындағы уәкілетті органдар» деген сөздер «мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

51) 91-баптың 2-тармағындағы «объектілерге таңба салудың», «азаматтық және мемлекеттік авиация салаларындағы уәкілетті органдарға» деген сөздер тиісінше «объектілерді таңбалаудың», «мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын;

52) 93-баптың 2-тармағының бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік авиацияда авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеруді комиссия мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясындағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес жүргізеді.»;

53) 105-бапта:

2-тармақтың 7) тармақшасындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

«уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым басшысының Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын заңсыз араласу актілерінен қорғау саласындағы лауазымдық өкілеттіктер берілетін орынбасары Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша тағайындалады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті тағайындалатын адамды келісуден бас тартудың анықталған себебін түсіндірмеуге құқылы.»;

4-1 және 10-тармақтардағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

54) 106-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Әуежайдың, тұрақты әуе тасымалдарын орындайтын авиакомпанияның бірінші басшысына тікелей бағынатын және оның Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша тағайындалатын орынбасары (аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысын қоспағанда) болып табылатын, авиациялық қауіпсіздік бойынша даярлау және қайта даярлау бағдарламасына сәйкес тиісті оқудан өткен және жұмысқа жіберілетін Қазақстан Республикасының азаматы тиісінше әуежайдың, тұрақты әуе тасымалдарын орындайтын авиакомпанияның, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы бола алады.»;

4-тармақтағы «уәкілетті органмен» деген сөздер «азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен» деген сөздермен ауыстырылсын;

55) 107-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі «уәкілетті органда» деген сөздер «уәкілетті ұйымда» деген сөздермен ауыстырылсын.

17. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., №24, 146-құжат; 2015 ж., №2, 3-құжат):

2-баптың 2-тармағындағы «2020» деген цифрлар «2025» деген цифрлармен ауыстырылсын.

18. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., №5, 42-құжат; №15, 118-құжат; №16, 129-құжат; №17, 136-құжат; №24, 196-құжат; 2012 ж., №2, 11, 16-құжаттар; №4, 30, 32-құжаттар; №5, 41-құжат; №6, 43-құжат; №8, 64-құжат; №13, 91-құжат; №14, 95-құжат; №21-22, 124-құжат; 2013 ж., №2, 13-құжат; №8, 50-құжат; №9, 51-құжат; №15, 82-құжат; №16, 83-құжат; 2014 ж., №1, 9-құжат; №2, 10, 12-құжаттар; №4-5, 24-құжат; №7, 37-құжат; №12, 82-құжат; №19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; №22, 131-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №8, 42-құжат; №11, 57-құжат; №14, 72-құжат; №19-I, 99-құжат; №19-II, 103, 105-құжаттар; №20-IV, 113-құжат; №20-VII, 117-құжат; №21-I, 124-құжат; №21-II, 130-құжат; №21-III, 135-құжат; №22-II, 145, 148-құжаттар; №22-VI, 159-құжат; №23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., №7-I, 47-құжат; №7-II, 56-құжат; №8-I, 62-құжат; №24, 124-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №9, 22-құжат; №11, 29-құжат; №13, 45-құжат; №14, 51, 54-құжаттар; №15, 55-құжат; №20, 96-құжат; №22-III, 109-құжат; 2018 ж., №1, 4-құжат; №7-8, 22-құжат; №10, 32-құжат; №11, 37-құжат; №15, 47-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82-құжат; №23, 91-құжат; 2019 ж., №2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

140-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасына сәйкес ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге аударымдарды жүзеге асырады.».

19. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., №2, 9-құжат; №15, 81-құжат; 2014 ж., №7, 37-құжат; №21, 122, 123-құжаттар; №22, 131-құжат; 2015 ж., №1, 2-құжат; №20-IV, 113-құжат; 2016 ж., №8-II, 71-құжат; №24, 131-құжат; 2017 ж., №9, 17-құжат; №11, 29-құжат; №16, 56-құжат; №23-III, 111-құжат; №23-V, 113-құжат; 2019 жылғы 5 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету – пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге тартылған және арналған адамдарды, багажды және жүктерді кемелермен тасымалдау жөніндегі қызмет, сондай-ақ пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды қолдап отыру үшін пайдаланылатын Қазақстан Республикасының порттарына, теңіз терминалдарына, айлақтық құрылысжайларына және арналарға қызмет көрсетуге және оларды пайдалануға кемелерді пайдаланумен байланысты қызмет;»;

2) 16-1-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік шекараны бірнеше рет кесіп өту құқығы:

1) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу, пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі жұмыстарды орындау мақсатында, сондай-ақ теңіз объектілерін, жүзбелі бұрғылау қондырғыларын құру, пайдалану және қолдану мақсатында кейіннен Қазақстан Республикасының порттарына, теңіз терминалдарына немесе айлақтық құрылысжайларына келе отырып, Қазақстан Республикасының порттарынан, теңіз терминалдарынан немесе айлақтық құрылысжайларынан Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне шығатын қазақстандық және шетелдік кемелерге;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету мақсатында кейіннен Қазақстан Республикасының теңіз өткізу пункттеріне немесе Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындарға келе отырып, Қазақстан Республикасының теңіз өткізу пункттерінен немесе Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындардан Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне шығатын қазақстандық және шетелдік кемелерге;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі басым деп айқындаған жобаларды іске асыру шеңберінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету мақсатында кейіннен Қазақстан Республикасының порттарына, теңіз терминалдарына немесе айлақтық құрылысжайларына келе отырып, Қазақстан Республикасының порттарынан, теңіз терминалдарынан немесе айлақтық құрылысжайларынан Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне шығатын қазақстандық және шетелдік кемелерге беріледі.»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген жағдайларда қазақстандық және шетелдік кемелер өздігінен жүзетін кемеде кеменің тұрған жері туралы ақпаратты автоматты түрде тұрақты беруді қамтамасыз ететін техникалық бақылау құралдары болған кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің рұқсаты негізінде шекаралық және өзге де бақылау түрлерінен өтпей, Мемлекеттік шекараны бірнеше рет кесіп өте алады.»;

3-тармақтағы «Құрылықтық қайраңда орналасқан келісімшарт аумағындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға тартылған қазақстандық және шетелдік теңіз кемелерінің» деген сөздер «Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелердің» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 22-1-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою кезінде жүргізілетін іс-шараларға тартылған кемелерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған басым жобаларды іске асыру шеңберінде тартылған кемелерге;»;

4) 55-баптың 12-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12-1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерінің Мемлекеттік шекараны бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру тәртібін, рұқсаттарды қолданудың кеңістіктік және уақыттық шектерін, сондай-ақ көрсетілген кемелерге бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды;»;

5) 62-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерінің Мемлекеттік шекараны бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру тәртібін, рұқсаттарды қолданудың кеңістіктік және уақыттық шектерін, сондай-ақ көрсетілген кемелерге бақылауды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді.».

20. «Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №8, 43-құжат; №16, 90-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №21, 122-құжат; №22, 131-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №9, 46-құжат; №16, 79-құжат; №19-I, 101-құжат; №20-IV, 113-құжат; №22-II, 144-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; 2017 ж., №11, 29-құжат; №14, 49-құжат; №23-III, 111-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №13, 41-құжат; №19, 62-құжат; №24, 94-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 40-1) тармақшамен толықтырылсын:

«40-1) механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінің операторы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған және механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесін жүргізуді, дамытуды, интеграциялауды және қолдап отыруды жүзеге асыратын акционерлік қоғам;»;

2) 11-бап мынадай мазмұндағы 5-5) тармақшамен толықтырылсын:

«5-5) механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыратын мамандандырылған бағдарламалық қамтылымдарға қойылатын талаптарды бекітеді;»;

3) 23-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы уақтылы орындалмаған қаулысы және (немесе) айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамасы бар адамға оларды орындағанға дейін мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартуға;»;

4) 34-бап алып тасталсын;

5) 54-баптың 3-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жол парағын, алып жүретін жүкке арналған құжатты (тауар-көліктік жүкқұжатты) және көлік құралына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құжаттарды өзімен бірге алып жүруге және ішкі істер органдарының, көліктік бақылау органдарының және мемлекеттік кірістер органдарының осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының талабы бойынша оларға тексеру үшін беруге;»;

6) 67-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы және 7) тармақшасындағы «болған;» деген сөз «болған жағдайда тыйым салынады.» деген сөздермен ауыстырылып, 8) тармақшасы алып тасталсын;

7) 74-баптың 2-тармағында:

төртінші абзацтағы «C1» санатына» деген сөздер «C1» кіші санатына» деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы «D1» санатына» деген сөздер «D 1» кіші санатына» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 77-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымының басшысында «оқытушы» немесе «өндірістік оқыту шебері» не «білім беру процесі кезінде жүргізуге оқыту шебері» біліктілік куәліктерінің болуы міндетті.»;

9) 82-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Аттестаттауға мынадай талаптардың біреуіне сай келетін:

1) жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі, өздері оқыту жүргізетін санат бойынша жүргізуші куәлігі;

2) өздері оқыту жүргізетін санат бойынша кемінде бес жыл жүргізуші өтілі бар адамдар жіберіледі.»;

10) 88-бап мынадай мазмұндағы 6-1 және 14-тармақтармен толықтырылсын:

«6-1. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін қоспағанда, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу тәртібі механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу кезеңділігі қағидаларында айқындалады.»;

«14. Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінің операторы:

механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесі мәліметтерінің анықтығын және қорғалуын;

уәкілетті орган мен көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне қол жеткізуін;

механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері иелерінің дербес деректері туралы мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етеді.».

21. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №8, 48-құжат; №16, 90-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №1, 2-құжат; №16, 79-құжат; №21-I, 125-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; №24, 129, 131-құжаттар; 2017 ж., №8, 16-құжат; №14, 50-құжат; 2018 ж., №7-8, 22-құжат; №10, 32-құжат; №16, 56-құжат; №23, 91-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

9-1-баптың 1-тармағындағы «жол-патрульдік полиция» деген сөздер «патрульдік полиция» деген сөздермен ауыстырылсын.

22. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №9, 51-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №2, 3-құжат; №8, 45-құжат; №9, 46-құжат; №11, 57-құжат; №16, 79-құжат; №19-II, 103-құжат; №20-IV, 113-құжат; №21-I, 128-құжат; №21-III, 135-құжат; №22-II, 144, 145-құжаттар; №22-V, 156, 158-құжаттар; №22-VI, 159-құжат; №23-I, 169-құжат; 2016 ж., №1, 2, 4-құжаттар; №6, 45-құжат; №7-I, 50-құжат; №7-II, 53-құжат; №8-I, 62-құжат; №8-II, 68-құжат; №12, 87-құжат; 2017 ж., №1-2, 3-құжат; №4, 7-құжат; №9, 21, 22-құжаттар; №11, 29-құжат; №12, 34-құжат; №23-III, 111-құжат; №23-V, 113-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №13, 41-құжат; №14, 44-құжат; №15, 47, 49-құжаттар; №23, 91-құжат; №24, 94-құжат; 2019 ж., №1, 4-құжат; №2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 3 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы;):

1) 3-баптың 2-тармағының 9) тармақшасындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «уәкілетті ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 36-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Жолаушыларды автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензия (немесе) лицензияға қосымша берудің ерекше шарттары «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Лицензияға қосымшада лицензия берудің ерекше шарттары ретінде лицензиат жолаушылар мен багаж тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралының маркасы, шығарылған жылы және мемлекеттік тіркеу нөмірі көрсетіледі.»;

3) 2-қосымшаның 188-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«

188.	Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру	Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат

».

23. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №22-II, 147-құжат; 2016 ж., №2, 9-құжат; №7-I, 50-құжат; №22, 116-құжат; 2017 ж., №14, 51-құжат; 2018 ж., №24, 93-құжат):

1-баптың 4) тармақшасы «қызметшілері;» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері;» деген сөздермен толықтырылсын.

24. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №22-V, 153-құжат; 2016 ж., №7-I, 50-құжат; №22, 116-құжат; №24, 123-құжат; 2017 ж., №14, 51-құжат; №16, 56-құжат; 2018 ж., №12, 39-құжат; 2019 ж., №3-4, 16-құжат):

1) 16-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Зейнеткерлік жасқа толған адамды осы бапта көзделмеген өзге жағдайларда мемлекеттік саяси лауазымға Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы ғана тағайындауы мүмкін.»;

2) 59-баптың бірінші бөлігі 15) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілер зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін өз өкілеттігін жүзеге асыруды Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының шешімі бойынша, әдетте, бес жылға дейінгі мерзімге жалғастыра алады;».

25. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №23-II, 171-құжат; 2016 ж., №7-II, 55-құжат; №8-II, 72-құжат; №24, 126-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №9, 18-құжат; №14, 51-құжат; №23-III, 111-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №11, 37-құжат; №13, 41-құжат; №22, 82-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

39-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 56) тармақшамен толықтырылсын:

«56) Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі (тапсырмасы) бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу.».

26. «2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2018 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2018 ж., №21, 77-құжат):

13-баптың 3) тармақшасындағы «жол-патрульдік полицияның» деген сөздер «патрульдік полицияның» деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабы 2-тармағы екінші бөлігінің қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

3-бап.

Осы Заң:

1) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 26-тармағын;

2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 2) тармақшасын, 8-тармағын, 12-тармағы 3) тармақшасының үшінші, төртінші, жетінші және сегізінші абзацтарын, 4) тармақшасының он екінші, он үшінші, он төртінші және он бесінші абзацтарын және 22-тармағының 3) тармақшасын;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 13-тармағы 1) тармақшасының бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 6), 11), 15) және 16) тармақшаларын және 22-тармағының 2) тармақшасын;

4) 2019 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 1) тармақшасын, 4-тармағының 5) тармақшасын, 5-тармағын, 6-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларын, 7-тармағының 2) тармақшасын, 16-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 10), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 24), 25), 26), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35), 36), 37), 39), 40), 41), 42), 43), 45) тармақшаларын, 47) тармақшасының екінші абзацын, 50), 51), 53), 54), 55) тармақшаларын, 18-тармағын, 22-тармағының 1) тармақшасын және 23-тармағын;

5) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 19-тармағы 2) тармақшасының сегізінші және тоғызыншы абзацтарын;

6) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағын, 16-тармағының 9) тармақшасын, 47) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын;

7) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 13-тармағының 4) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 19 сәуір
№249-VI ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарының функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 2-бетте)

№24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., №1, 2, 3-құжаттар; №2, 21-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; №17, 136-құжат; №21, 161-құжат; 2012 ж., №1, 5-құжат; №3, 26-құжат; №4, 32-құжат; №8, 64-құжат; №12, 83-құжат; №14, 92, 95-құжаттар; №15, 97-құжат; №21-22, 124-құжат; 2013 ж., №1, 3-құжат; №5-6, 30-құжат; №7, 36-құжат; №9, 51-құжат; №12, 57-құжат; №13, 62-құжат; №14, 72, 75-құжаттар; №16, 83-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №7, 37-құжат; №10, 52-құжат; №11, 65-құжат; №14, 84, 86-құжаттар; №16, 90-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №1, 2-құжат; №7, 33-құжат; №10, 50-құжат; №19-II, 102-құжат; №20-IV, 113-құжат; №20-VII, 115-құжат; №22-I, 143-құжат; №22-V, 156-құжат; №23-II, 170-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; №8-II, 67, 70-құжаттар; №23, 119-құжат; 2017 ж., №1-2, 3-құжат; №4, 7-құжат; №9, 22-құжат; №13, 45-құжат; №22-III, 109-құжат; №23-III, 111-құжат; №24, 115-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №14, 42-құжат; №15, 47-құжат; №19, 62-құжат; №23, 91-құжат; №24, 93, 94-құжаттар; 2019 жылғы 3 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

7-баптың 1-тармағының 40) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«40) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың көрсетілетін медициналық көмектің деңгейі мен сапасына қанағаттанушылығы дәрежесін айқындау бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізуді ұйымдастыруды қамтамасыз ету;».

2. «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., №20, 379-құжат; 2004 ж., №5, 29-құжат; 2007 ж., №12, 86-құжат; №19, 147-құжат; 2008 ж., №21, 97-құжат; 2009 ж., №15-16, 74-құжат; №18, 84-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №7, 29-құжат; №17-18, 111-құжат; 2011 ж., №1, 2-құжат; №7, 54-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; №15, 118-құжат; 2012 ж., №8, 64-құжат; №13, 91-құжат; №15, 97-құжат; 2013 ж., №1, 3-құжат; №5-6, 30-құжат; №14, 72-құжат; 2014 ж., №10, 52-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №24, 144-құжат; 2015 ж., №20-IV, 113-құжат; №21-II, 130-құжат; №22-I, 141-құжат; №22-II, 145-құжат; №22-V, 156-құжат; 2016 ж., №7-I, 47-құжат; 2017 ж., №14, 51-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 2-13, 2-14, 2-15, 2-16, 2-17, 2-18, 2-19, 2-20 және 2-21-тармақтармен толықтырылсын:

«2-13. Бәсекелес орта деп квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, нарық субъектілері түсініледі.

2-14. Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган түсініледі.

2-15. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылар (бұдан әрі – орындаушылар) деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері мен олардың бірлестіктері, өзін-өзі реттейтін және үкіметтік емес ұйымдар түсініледі.

2-16. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың пайдаланушылар (бұдан әрі – пайдаланушылар) деп жеке және заңды тұлғалар түсініледі.

2-17. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функцияларының аутсорсингі (бұдан әрі – аутсорсинг) деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын шарттар жасасу арқылы жүзеге асыру үшін оларды бәсекелес ортаға беру түсініледі.

2-18. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың берілген функцияларының мониторингі (бұдан әрі – мониторинг) деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру жөніндегі деректерді жүйелі түрде және үздіксіз жинауға, өңдеуге, талдауға және бағалауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы түсініледі.

2-19. Мүдделі тұлғалар деп құқықтары мен міндеттері осы Заңда қозғалатын және орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың пікірі бойынша олардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша жәрдем көрсете алатын кәсіпкерлік субъектілері мен олардың бірлестіктері, өзін-өзі реттейтін және үкіметтік емес ұйымдар түсініледі.

2-20. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын толық беру деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың құзыретінен функцияларды алып тастау және олардың жүзеге асырылуын міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу арқылы немесе пайдаланушылар есебінен бәсекелес ортаға беру түсініледі.

2-21. Оңтайландыру деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың штат санын қысқартуға, шығыстарын қысқартуға және (немесе) қайта бөлуге бағытталған, оның ішінде функцияларын бәсекелес ортаға беруге байланысты шаралар кешені түсініледі.»;

2) мынадай мазмұндағы 9-3, 9-4, 9-5, 9-6, 9-7, 9-8, 9-9, 9-10, 9-11, 9-12, 9-13, 9-14, 9-15, 9-16 және 9-17-баптармен толықтырылсын:

«9-3-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру

1. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға берудің негізгі мақсаттары:

1) бәсекелес ортаны дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесу;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жүзеге асырудың тиімділігі мен сапасын арттыру;

3) мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;

4) оңтайландыру болып табылады.

2. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға берудің негізгі қағидаттары:

1) азаматтардың, бизнес-қоғамдастық пен мемлекеттің мүдделері теңгерімін сақтау;

2) азаматтардың, бизнес-қоғамдастық пен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін тең дәрежеде қорғауды қамтамасыз ету;

3) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға берудің негізділігі мен тиімділігі;

4) бизнес-қоғамдастық пен мемлекеттің орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылығы;

5) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру жөніндегі процестердің үздіксіздігі мен тұтастығы, сондай-ақ онымен байланысты оңтайландыру болып табылады.

3. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) шешімдері негізінде осы Заңға сәйкес жыл сайынғы негізде жүзеге асырылады.

4. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру:

1) аутсорсинг;

2) мемлекеттік тапсырма;

3) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс;

4) пайдаланушылар есебінен беру;

5) міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу арқылы жүзеге асырылады.

5. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың аутсорсингті, мемлекеттік тапсырманы және мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру арқылы берілетін функциялары ішінара берілуге жатады.

6. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функцияларын іріктеу орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін іріктеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін іріктеудің негізгі өлшемшарттары:

1) халықтың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жүзеге асырудың тиімділігі мен сапасын арттыру мүмкіндігі;

2) нарықтың дайын болуы немесе бәсекелес ортаның болуы;

3) нарықты дамытудың әлеуетті мүмкіндігі болып табылады.

8. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың конституциялық құрылысты қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын қорғауға бағытталған, капиталды сыртқа шығаруды, жоғары қадағалауды, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді, жедел-іздестіру қызметін, сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі, сондай-ақ ұлттық, ақпараттық қауіпсіздік, мемлекеттік құпияларды қорғау, қорғаныс, көші-қон, мемлекеттік статистика салаларындағы функцияларын және берілуі мемлекеттің мүдделеріне залал келтіруі мүмкін өзге де функцияларды бәсекелес ортаға беруге тыйым салынады.

9. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары іріктелгеннен кейін орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциясының құнын айқындау әдістемесіне сәйкес орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функциясының құнын есептеу жүзеге асырылады.

10. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру кезінде оңтайландыру тұрғысынан есептеме жүргізіледі.

11. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функцияларын жүзеге асыру үшін нарықтың дайын болуын талдау орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдау жүргізу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

12. Мониторинг осы Заңның 9-9-бабына сәйкес жүргізіледі.

13. Пайдаланушыларға және бәсекелес ортаға ақпарат беру мақсатында мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының интернет-ресурстарында мынадай мәліметтер:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функцияларының тізбесі;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының, олардың қандай нормативтік құқықтық актімен берілгені көрсетілген тізілімі;

3) Комиссияның шешімі, мониторинг нәтижелері және мониторинг қорытындылары бойынша орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне қайтарылған орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функцияларының, олардың қандай нормативтік құқықтық актімен қайтарылғаны көрсетілген тізбесі орналастырылады және кейіннен жаңартылып отырады.

9-4-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын аутсорсинг арқылы бәсекелес ортаға беру

Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функциялары Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес аутсорсинг арқылы бәсекелес ортаға оларды жүзеге асыру үшін беріледі.

9-5-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын мемлекеттік тапсырма арқылы бәсекелес ортаға беру

1. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функциялары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген, мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау тәртібіне сәйкес мемлекеттік тапсырма арқылы бәсекелес ортаға беріледі.

2. Мемлекеттік тапсырманы орындау республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мен мемлекеттік тапсырманы орындаушы арасында нәтижелер көрсеткіштері көрсетілген азаматтық-құқықтық мәмілені жасасу арқылы бекітілген республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде жүзеге асырылады.

9-6-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы бәсекелес ортаға беру

Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы бәсекелес ортаға беру Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9-7-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын пайдаланушылар есебінен бәсекелес ортаға беру

Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функциялары орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың құзыретінен функцияларды алып тастау арқылы бәсекелес ортаға беріледі және пайдаланушылар есебінен жүзеге асырылады.

9-8-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу арқылы бәсекелес ортаға беру

1. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет саласында міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру өзін-өзі реттейтін ұйымдардың дайындығы расталғаннан кейін қамтамасыз етіледі.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жүзеге асыруға дайындығы пайдаланушылар, орындаушылар және мемлекет үшін пайда мен шығасыларды айқындау мақсатында нарықтың дайын болуына талдау жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

9-9-бап. Мониторинг

1. Мониторингтің мақсаты орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуын байқау болып табылады.

2. Мониторингтің нәтижелері орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын бәсекелес ортада жүзеге асырудың түйінді көрсеткіштерін салыстыру және тиісті шешімдер мен шаралар қабылдау үшін пайдаланылады.

3. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асырылуын мониторингтеуді қоспағанда, мониторинг:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін талдауға;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша бәсекелес ортадан, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан алынған ақпаратты талдауға;

3) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша деректерді жинау және талдау жүйесіне;

4) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар мен мүдделі тұлғалар жүргізетін нарықтың дайын болуын талдауға негізделеді.

4. Квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, мониторингті орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар мен мүдделі тұлғалар осы Заңға сәйкес жүргізеді.

5. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына тәуелсіз бағалауды алу үшін Комиссияның ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тартылады.

6. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асырылуына мониторинг үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган бекітетін, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуына мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

7. Аутсорсингтің, мемлекеттік тапсырманың, пайдаланушылар есебінен берудің жүзеге асырылуына мониторинг орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес нәтижелілік пен процесс өлшемшарттары негізінде жүргізіледі.

Нәтижелілік өлшемшарттары орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асырудың орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар белгілеген түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуді айқындайды.

Процесс өлшемшарттары орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуын бағалауды орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, бәсекелес ортадан, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан алынған ақпаратты талдаудың негізінде айқындайды.

8. Мониторинг жүргізу кезінде орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы орындаушылардан мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жүзеге асыру саласына қатысты қажетті ақпарат олардың интернет-ресурстарында болмаған жағдайда осы ақпаратты сұратуға құқылы.

9-10-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын қайтару

1. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар мониторинг нәтижелері бойынша орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функциясының сапасыз жүзеге асырылғанын анықтаған жағдайда, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар бұл туралы бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органды және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасын хабардар етеді.

2. Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функциясының сапасыз жүзеге асырылғаны туралы мәселені Комиссияның қарауына шығарады.

3. Комиссия орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын қайтару туралы шешім қабылдаған кезде, мыналар:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың ішінара беруі шеңберінде – мұндай функцияларды қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, орындаушымен жасалған шартты бұзу арқылы қамтамасыз етіледі;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың толық беруі шеңберінде – мұндай функцияларды қайтару үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу жөніндегі шаралар қабылданады.

Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын қайтару үшін Комиссияның ұсынымынан кейін орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Үкіметіне орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға функцияларды қайтаруды қамтамасыз ету үшін қажетті нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу туралы ұсыныстар енгізеді.

4. Міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу мақсатына қол жеткізілмеген жағдайда, рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес күші жойылуға жатады.

9-11-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

9-12-бап. Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайынғы негізде ақпарат береді;

3) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функцияларының аутсорсингін жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

5) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін іріктеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

6) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциясының құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

7) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдау жүргізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

8) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

9) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру бойынша орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың қызметіне әдістемелік көмек беруді және үйлестіруді жүзеге асырады;

10) нарықтың дайын болуына орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың жүргізген талдауына сараптамалық қорытындылар дайындайды және береді;

11) өз құзыреті шегінде орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын функцияларын іріктеу нәтижелеріне сараптама жүргізеді;

12) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар жүргізген, оңтайландыру тұрғысынан ұсынылған есептеме бойынша қорытынды әзірлейді және береді;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9-13-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

1. Орталық атқарушы органдар:

1) мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін іріктеуді мүдделі тұлғалармен, орындаушылармен және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жыл сайынғы негізде жүзеге асырады;

2) мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдауды мүдделі тұлғалармен, орындаушылармен және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жүргізеді;

3) мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциясының құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

4) мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін іріктеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

5) мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдауды мүдделі тұлғалармен, орындаушылармен және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жүргізеді;

6) мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7) мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдау жүргізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

8) мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру, сондай-ақ орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын қайтару мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;

9) пайдаланушылардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;

10) орындаушыларды мониторинг нәтижелерімен таныстыруға міндетті;

11) орталық атқарушы органдардың функциялары бәсекелес ортаға берілген кезде, оңтайландыру тұрғысынан есептеме жүргізеді және оны мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға келісуге жібереді;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9-14-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құзыреті

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша кәсіпкерлік субъектілері мен олардың бірлестіктерінің ұсыныстарын жинауды, талдауды және жариялауды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының сапасыз жүзеге асырылуы туралы мәселелерді қарауға қатысады;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9-15-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша өзара іс-қимылы

Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, оның ішінде:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін жыл сайынғы негізде іріктеуге;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдау жүргізуге;

3) кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар тұжырымдау жөніндегі жұмысқа қатысу арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

9-16-бап. Орындаушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Орындаушылар:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратқа сұрау салумен жүгінуге;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына балама талдау жүргізуге;

3) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдау жүргізуге қатысуға;

5) бәсекелес ортаға беру үшін орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жыл сайынғы негізде іріктеу жүргізуге қатысуға;

6) мониторинг нәтижелерімен танысуға;

7) мониторинг нәтижелері алынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, мониторинг нәтижелерімен келіспейтіні туралы жазбаша түсініктер не Комиссияда қаралуға жататын ескертулерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынуға құқылы.

2. Орындаушылар:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын сапалы жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауға;

2) мүмкіндігі шектеулі адамдар орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын алған кезде, олар үшін қажетті жағдайлар жасауға;

3) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына мониторинг жүргізу үшін қажетті ақпаратты және (немесе) құжаттарды осы Заңда көзделген жағдайда беруге;

4) пайдаланушыларға орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру тәртібі туралы толық және анық ақпарат беруге;

5) пайдаланушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдауға міндетті.

9-17-бап. Комиссияның қызметі мен функциялары

1. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау мақсатында консультативтік-кеңесші орган – Комиссия құрылады.

Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, кәсіпкерлік субъектілерінің және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіре алады.

2. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдайды;

2) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұсыныстары негізінде орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын қайтару бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдайды.

3. Комиссияның қызметі туралы ақпарат мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады және кемінде жарты жылда бір рет жаңартылып отырады.».

3. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» 2005 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., №6, 8-құжат; 2011 ж., №21, 171-құжат; 2012 ж., №5, 35-құжат; 2013 ж., №5-6, 30-құжат; 2014 ж., №3, 21-құжат; 2015 ж., №23-I, 166-құжат; 2017 ж., №8, 16-құжат; 2018 ж., №11, 36-құжат):

1) 1-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс – әлеуметтік саладағы міндеттерді шешуге бағытталған, үкіметтік емес ұйымдар бюджет қаражаты есебінен орындайтын әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға жүзеге асыру үшін берілген функцияларын іске асыру нысаны;»;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

(Соңы 19-бетте)

(Соңы. Басы 2, 18-беттерде)

«5. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы бәсекелес ортаға берілген функцияларын іске асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

3) мынадай мазмұндағы 6-4-баппен толықтырылсын:

«6-4-бап. Үкіметтік емес ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

1. Үкіметтік емес ұйым:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратқа сұрау салумен жүгінуге;

2) уәкілетті органға, мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және жүзеге асыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

2. Үкіметтік емес ұйым:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу үшін қажетті ақпаратты және (немесе) құжаттарды беруге;

2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты сапалы жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауға;

3) жеке және заңды тұлғалар өтініш жасаған жағдайда оларға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асырылуы туралы толық және анық ақпаратты беруге;

4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру шеңберінде жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарауға міндетті.».

4. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., №20, 151-құжат; 2008 ж., №23, 124-құжат; 2009 ж., №18, 84-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №24, 149-құжат; 2011 ж., №1, 2-құжат; №2, 21-құжат; №5, 43-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; №16, 128-құжат; №18, 142-құжат; 2012 ж., №2, 11-құжат; №4, 32-құжат; №15, 97-құжат; 2013 ж., №2, 7-құжат; №7, 34-құжат; №9, 51-құжат; №14, 72, 75-құжаттар; №15, 81-құжат; 2014 ж., №1, 4, 6-құжаттар; №3, 21-құжат; №10, 52-құжат; №14, 84-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №2, 3-құжат; №10, 50-құжат; №14, 72-құжат; №20-IV, 113-құжат; №21-III, 135-құжат; №22-I, 140-құжат; №22-V, 156, 158-құжаттар; №23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., №8-II, 67-құжат; №23, 119-құжат; 2017 ж., №8, 16-құжат; №9, 17, 18-құжаттар; №13, 45-құжат; №14, 50, 53-құжаттар; №16, 56-құжат; №22-III, 109-құжат; №24,115-құжат; 2018 ж., №9, 31-құжат, №10, 32-құжат; №14, 42-құжат; №15, 47, 48-құжаттар; №22, 83-құжат; 2019 ж., №3-4, 16-құжат; 2019 жылғы 3 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 5-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 46-21) тармақшамен толықтырылсын:

«46-21) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына бекітілген дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

2) 43-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға) білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен береді.»;

3) 63-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мүліктік жалдауға (жалға) беруден алынған кірістерді өзі дербес пайдаланады.».

5. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., №5, 42-құжат; №15, 118-құжат; №16, 129-құжат; №17, 136-құжат; №24, 196-құжат; 2012 ж., №2, 11, 16-құжаттар; №4, 30, 32-құжаттар; №5, 41-құжат; №6, 43-құжат; №8, 64-құжат; №13, 91-құжат; №14, 95-құжат; №21-22, 124-құжат; 2013 ж., №2, 13-құжат; №8, 50-құжат; №9, 51-құжат; №15, 82-құжат; №16, 83-құжат; 2014 ж., №1, 9-құжат; №2, 10, 12-құжаттар; №4-5, 24-құжат; №7, 37-құжат; №12, 82-құжат; №19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; №22, 131-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №8, 42-құжат; №11, 57-құжат; №14, 72-құжат; №19-I, 99-құжат; №19-II, 103, 105-құжаттар; №20-IV, 113-құжат; №20-VII, 117-құжат; №21-I, 124-құжат; №21-II, 130-құжат; №21-III, 135-құжат; №22-II, 145, 148-құжаттар; №22-VI, 159-құжат; №23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., №7-I, 47-құжат; №7-II, 56-құжат; №8-I, 62-құжат; №24, 124-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №9, 22-құжат; №11, 29-құжат; №13, 45-құжат; №14, 51, 54-құжаттар; №15, 55-құжат; №20, 96-құжат; №22-III, 109-құжат; 2018 ж., №1, 4-құжат; №7-8, 22-құжат; №10, 32-құжат; №11, 37-құжат; №15, 47-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82-құжат; №23, 91-құжат; 2019 ж., №2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2019 жылғы 5 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

74-баптың 3-тармағында:

бірінші бөліктегі және екінші бөліктің бірінші сөйлеміндегі «Республикалық», «Коммуналдық» деген сөздер тиісінше «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын қоспағанда, республикалық», «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын қоспағанда, коммуналдық» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға) білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен береді.».

6. «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., №15, 80-құжат; 2014 ж., №12, 82-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №20-IV, 113-құжат; №21-I, 128-құжат; №22-V, 152-құжат; 2016 ж., №7-I, 47-құжат; №7-II, 55-құжат; 2017 ж., №23-III, 111-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат; №11, 36-құжат; №19, 62-құжат; №22, 82-құжат; №24, 93-құжат; 2019 ж., №2, 6-құжат):

9-баптың 2-тармағында:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қаржы ұйымдарының қызметі мен қаржы нарығын мемлекеттік реттеу функцияларын қоспағанда, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік қызмет саласындағы функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеуді және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді жүзеге асырады;»;

мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2), 4-3), 4-4) және 4-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) Ұлттық палатада аккредиттелген кәсіпкерлік субъектілері мен олардың бірлестіктерінің орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша жұмысын үйлестіреді;

4-2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін жыл сайынғы негізде іріктеуді жүзеге асырады;

4-3) кәсіпкерлік субъектілері мен олардың бірлестіктерінің орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша ұсыныстарын жинауды, талдауды және жариялауды жүзеге асырады;

4-4) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдау жүргізуге қатысады;

4-5) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының сапасыз жүзеге асырылуы туралы мәселелерді қарауға қатысады;».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 19 сәуір
№250-VI ҚРЗ

2018 ЖЫЛ БОЙЫНША СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА

КІРІСПЕ

«Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясы» елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша негізгі ұстанымын көрсетеді және алдағы жылдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі векторларын белгілейді: мемлекет пен қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күшін біріктіріп, бұл құбылыстың түп тамырын жою.

Қойылған міндеттерді іске асыру үшін мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастыру және оның деңгейін төмендету болып табылатын Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы қабылданды.

2018 жылы Қазақстанның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асырудың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жаңашыл әдістер мен тәсілдерді енгізумен сипатталатын екінші кезеңі басталды.

Осы Ұлттық баяндамада 2018 жыл қорытындысы бойынша Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігіне кешенді талдау және оны жетілдіру бойынша құқықтық және ұйымдастырушылық ұсыныстар қамтылған.

I ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Өзекті стратегиялық мақсаттар мен міндеттер

2018 жылғы 10 қаңтарда Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды күшейту мақсатында мемлекеттік органдарда, олардың тұрғындармен және бизнеспен қарым-қатынасында үрдістерді цифровизациялау қажеттілігіне аса назар аударды.

Бұл мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ақпараттық құралдар қатарын енгізуіне қуатты серпін берді.

2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына Жолдауында қысқа мерзімге арналған келесі нақты міндеттер қойылды:

1. мемлекеттік көрсетілетін қызметтер аясында оларды шұғыл электронды форматқа (2019 жылы – 80%, 2020 жылы – 90 %) ауыстыру арқылы мемлекеттік қызметшілер мен тұрғындар арасында тікелей қарым-қатынасты азайту;

2. қарамағындағы қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылық жасаған жағдайда бірінші басшылардың жеке тәртіптік жауапкершілігін күшейту;

3. «Сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер» жобалары аясында елорданың жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асыру жөніндегі тәжірибесін тарату.

Жемқорлықсыз құқықтық мемлекет құру мақсатында 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының дамуының стратегиялық жоспары:

заң шығарушылықтан – заңдарды мүлтіксіз сақтауға және тиісті құқықты қолдану тәжірибесіне;

құқықтық қорғау кепіліне сенімсіздіктен – мемлекеттік билік институттарына, тәуелсіз және әділ сот жүйесіне жоғары сенім деңгейіне;

жазалаудан - жемқорлық әрекетін жасау мүмкіндігін болдырмауға;

құқықбұзушылықтарға толеранттықтан – «мүлдем төзбеушілікке», әсіресе жемқорлық әрекеттеріне төзбеушілікке, құқықтық мәдениет пен азаматтардың құқықтық санасын дамытуға сынды жемқорлыққа қарсы іс-қимыл парадигмасының ауысуын белгілейді.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша барлық қойылған міндеттер мемлекеттік органдардың жұмыс жоспарларында көрініс тапты.

1.2. Қазақстан Республикасының2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру

2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның ұстанымдарын кезеңдеп жүзеге асыру іс-шаралар жоспарын орындау арқылы қамтамасыз етілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асыру бойынша 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарымен 67 іс-шара көзделген, оның ішінде орындау мерзімі 2018 жыл – 41 іс-шара.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиямен оның жүзеге асырылуына қоғам және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінен құрылған Арнайы мониторингтік тобымен сыртқы бағалау қарастырылған.

Аталған міндетті орындау үшін 2018 жылы мониторингтік топ еліміздің барлық аймақтарында жоспарлы іс-шаралар өткізіп, 28 қала, 20 аудан, 36 ауылдық округ пен ауыл қамтылып, 100-ден аса мемлекеттік орган мен ұйым, 60 шақты әлеуметтік нысан мен 20 квазимемлекеттік сектор мен бизнес субъектілеріне барылды.

Нәтижесінде Арнайы мониторингтік тобымен Жоспардың барлық 41 іс-шаралары тармағы қабылданды. «Талап» қолданбалы зерттеу орталығымен бірлесіп оның жүзеге асырылуына тәуелсіз баға беріліп, келесідей кемшіліктер атап көрсетілді.

Біріншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің барлығының қатысуы. Мысалы, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен кейбір мемлекеттік органдар үшін іс-шаралардың көзделмеген.

Құқық қорғау және сот жүйелерінің бағыты бойынша Ішкі істер министрлігі үшін осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін нақты төмендетуге мүмкіндік бермейтін 1 іс-шара ғана көзделген.

Екіншіден, іс-шараларды аяқтау нысандары тек ақпараттық бөлімді (ақпарат, ұсыныстар енгізу) ұсына отырып, практикалық бағытта болмайды.

Үшіншіден, Жоспар іс-шараларының мазмұны мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіндегі нақты ерекшелігі мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін іс жүзінде ескермейді.

Осындай кемшіліктердің себебі жоспарды қалыптастыру және іске асыру кезінде мемлекеттік органдарының мүдделер қақтығысы болып табылады.

Мемлекеттік органдар орындау үшін неғұрлым «ыңғайлы» болып табылатын Жоспар іс-шараларының редакциясын келіседі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның барлық бағыттарын сапалы жүзеге асыру үшін оны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары мен жоспарды құру механизмі түзетуді қажет етеді.

Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында жоспарды әзірлеу мен бекіту кезінде мемлекеттік органдармен келісуді алып тастау орынды деп пайымдаймыз.

II ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ТАРАЛУ ЖАҒДАЙЫ МЕН ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

2.1. Шет елдердегі сыбайлас жемқорлықтың таралу деңгейі

2018 жылдың қорытындысы негізінде Transparency International (TI) өткізген, Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (СЖҚИ) бойынша зерттеу нәтижелері әлемнің көптеген елдерінің сыбайлас жемқорлық мәселелері алаңдаушылық тудырады.

Соңғы жеті жылда тек 20 ел ғана, оның ішінде Эстония, Сенегал, Гайана және Кот-д'Ивуар өз СЖҚИ көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартты. Бұл уақытта Австралия, Чили, Мальта, Венгрия және Түркияны қоса алғанда, 16 ел өз бағаларын едәуір төмендетті.

2018 жылдың қорытындылары бойынша 85-тен 88-ге дейін балл жинаған Дания, Жаңа Зеландия, Финляндия, Сингапур, Швеция және Швейцария сыбайлас жемқорлық деңгейі ең төмен елдер деп танылды.

Солтүстік Корея, Йемен, Оңтүстік Судан, Сирия, Сомали 10-нан 14-ке дейінгі балл нәтижелерімен «антирейтинг» көшбасшылары атанды.

Өңірлік қимада сыбайлас жемқорлық жағдайы төмендегідей сипатқа ие.

Солтүстік және Оңтүстік Америка (орташа балл - 44). Осы өңірдің ірі екі мемлекеті – АҚШ пен Бразилия СЖҚИ бойынша өз орындарын едәуір төмендетті.

АҚШ, өткен жылмен салыстырғанда 4 балын жоғалтып, соңғы 7 жылда СЖҚИ бойынша ең төменгі көрсеткішті көрсетті. Бұл ретте, ол СЖҚИ деңгейі бойынша әлемнің үздік жиырма елінің қатарына алғаш рет енбей қалды.

Бразилия (35 балл) да соңғы 7 жылдағы ең нашар нәтижені көрсетті.

Аргентина (40 балл) сыбайлас жемқорлықпен күресте елеулі табыстарды көрсетуде, оның көрсеткіштері 2015 жылдан бастап 8 балға өсті. Көбіне, бұл жоғары деңгейлі сыбайлас жемқорлықпен күрестегі маңызды жетістіктермен байланысты.

Азия-Тынық мұхит өңірі (орташа балл - 44). Аталған өңірде СЖҚИ көшбасшылары – Жаңа Зеландия (87 балл) мен Сингапур (85 балл) орналасқанына қарамастан, жалпы іс жүзінде өңір сыбайлас жемқорлықпен күресуге күш салуда алға жылжымай отыр.

TI пікірі бойынша бұл алдымен демократиялық институттар мен саяси құқықтардың жалпы әлсіреуімен байланысты.

Шығыс Еуропа мен Орталық Азия (орташа балл – 35). Бұл өңірде тек Грузия (58) ғана 50 балдан жоғары СЖҚИ-ді көрсете алды. Бұдан басқа, екі ел – Черногория (45) мен Беларусь (44) орташа әлемдіктен жоғары СЖҚИ көрсеткіштерін иеленді. Бұл ретте, Түрікменстан (20), Өзбекстан (23) және Тәжікстанда (25) ең төмен көрсеткіштерге ие.

Жалпы сыбайлас жемқорлық деңгейімен байланысты жағдай бұл өңірде ауыр болып қалуда.

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка (орташа балл - 39). Аталған өңір сыбайлас жемқорлықтың таралуы бойынша әлі де проблемалық болып отыр. Бұл ретте, TI өңірдің басты проблемасы саяси сыбайлас жемқорлық болып табылатынын атап өтті.

Өңір көшбасшылары АҚШ-тан бір балға ғана артта қалып, рейтингіде 21 орынды алған БАӘ (70 балл) және де Катар (62 балл) болып табылады.

Сахараның оңтүстігіндегі Африка (орташа балл - 32). Аталған өңір СЖҚИ рейтингінде ең төменгі орындарды алады. Бұл өңір елдерінің көпшілігінде саяси жүйелердің әлсіздігімен, қауіпсіздіктің сын-тегеуріндері және қауіп-қатерлеріне жауап беруі төмен деңгейде сипатталатын мемлекеттік басқару институттарының дамымай қалуымен байланысты.

Батыс Еуропа және ЕО (орташа балл – 66 балл). Аталған өңір СЖҚИ рейтингінде сөзсіз көшбасшы болып табылады. СЖҚИ ең жақсы көрсеткіштеріне ие алғашқы ондықта жалпы әлемдік рейтингінің көшбасында тұрған Данияны қоса алғанда, Европаның 7 елі бар. Болгарияның (42), Грекияның (45) және Венгрияның (46) көрсеткіштері төмен.

2.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша халықаралық рейтингілердегі Қазақстан

Transparency International Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру басталған сәттен бастап СЖҚИ бойынша Қазақстан көрсеткіштері жақсаруға қарай тұрақты тенденцияға ие. Бұл сөзсіз елде жүргізіліп жатқан саясат пен қабылданып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кешенді шараларына деген оң бағаны көрсетеді.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан СЖҚИ бойынша 31 балл жинап, 180 елдің ішінде124 орынға тұрақтады.

2017 жылы жеткен орынды сақтай отырып, Қазақстан Орталық Азия өңірінде үздік нәтижені көрсетті.

СЖҚИ-ді анықтау барысында зерттеу нәтижелері пайдаланылған 9 рейтингілік агенттіктің ішінен 2 агенттік Қазақстан көрсеткіштерін көтерді, 5 агенттік бұрынғы көрсеткіштерді растады және тек 2 агенттік Қазақстанның бағасын төмендетті *(Transparency International Kazakhstan деректері бойынша)*.

Transparency International Kazakhstan сарапшылары, демократияның жалпы әлемдік дағдарысы мен трансұлттық және жергілікті сыбайлас жемқорлықтың өсуі жағдайында СЖҚИ рейтингінде Қазақстанның өз орнын сақтап қалуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы елдің оң динамикасы көрсететінін атап өтуде.

Дүниежүзілік Банктің Doing Business

2018 жылы 31 қазанда жарияланған Дүниежүзілік Банктің Doing Business рейтингінде Қазақстан соңғы 11 жылда өз позициясын 36 орынға көтере отырып, 190 елдің арасында 28 орынға орналасты. Қазақстан Испания, Франция, Португалия, Швейцария, Жапония мен Түркия сынды елдерді басып озды.

IHS Markit компаниясының елдік тәуекел рейтингі

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері» индикаторы бойынша ілгерілеуге қол жеткізілді. 2018 жылғы 3 тоқсандағы талдау нәтижелеріне сай Қазақстан 3,2 балды жинады, бұл 2018 жылғы 2 тоқсандағы көрсеткіштен (3,5 балл) 0,3 балға кем және де 2017 жылғы 4 тоқсандағы көрсеткіштен 0,7 балға аз.

Қазақстан тек осы көрсеткіш бойынша Грузия, Беларусь, Литва, Латвия және Эстонияны алға жібергенімен, рейтингіде посткеңестік кеңістік елдерінің көпшілігінен жоғары орналасқан.

PRS Group компаниясының елдік тәуекел рейтингі

Қазақстан 2018 жылдың қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлықты бағалау бойынша орнын 1 балға жақсартты (2017 ж. 1,5 балл, 2018 ж. 2,5 балл) және осы көрсеткіш бойынша Грекия, Латвия, Малазия мен ОАР сынды елдермен теңесті. Салыстыру үшін Ресейде сыбайлас жемқорлық бойынша көрсеткіш 1,5 балды, Украина мен Беларусь Республикасында – 2 балды құрайды.

Дүниежүзілік сот төрелігі жобасының заң үстемдігі индексі

2017–2018 ж.ж. Заң үстемдігі индексінде Қазақстан 0,51 ұпай жинады, 2016 жылдың нәтижесімен салыстырғанда 9 позицияға көтеріліп (73 орын), әлемнің 113 елінің арасында 64 орын алды.

Өңірлік тұрғыда Қазақстан рейтингте ең жақсара түскенін көрсетті.

Осындай нәтижелерге қол жеткізудегі негізгі факторлардың бірі «Сыбайлас жемқорлықтың болмауы» индикаторы бойынша көрсеткішті 2016 жылмен салыстырғанда (0,43) 0,02 балға (0,45) жақсарту болып табылады.

Осылайша, сыбайлас жемқорлық деңгейінің халықаралық рейтингісінің нәтижелері Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы прогресін көрсетеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін растайды.

2.3. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының динамикасы мен сипаты

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтеріне сәйкес 2018 жылы 2375 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелді, ол 2016 жылға қарағанда 15,3%-ға кем (2807).

Негізінен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет – 1724, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) – 158, Ішкі істер министрлігі (ІІМ) – 271, Мемлекеттік кірістер комитеті (МКК) – 71 және прокуратура органдары – 131 тіркеген.

20 сыбайлас жемқорлық қылмысын басқа бөлімшелер (ІІМ Әскери – тергеу департаменті – 17, ҰҚК әскери полициясы – 1, ҰҚК Шекара қызметі – 1, ҚМ ҚК – 1) тіркеді.

2018 жылы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының едәуір үлесі тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жалпы санынан 802 немесе 33,8% пара алумен, сондай-ақ 366 немесе 15,4% лауазымдық өкілеттігін теріс пайдаланумен байланысты.

2018 жылы тіркелген сыбайлас жемқорлық фактілерінің жалпы санынан 1724 немесе 73% (2017ж. – 1835) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет анықтады.

Оларды жасағаны үшін 1290 тұлға анықталды (2017 жылға қарағанда 31,6% артық), оның ішінде 25 республикалық, 91 облыстық, 142 аудандық және қалалық деңгейдегі басшылар.

Аяқталған қылмыстық істер бойынша анықталған залал сомасы үштен бір бөлігіне – 15,8-ден 21 млрд.теңгеге дейін өсті, оның 89% немесе 18,6 млрд. теңгесі мемлекет кірісіне қайтарылды (2017 жылға қарағанда 33,4% артық). Күдіктілердің мүлкіне 42,5 млрд. теңге сомасында тыйым салынды.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға бөлінген бюджет қаражатын тиімді жұмсау мәселелері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ерекше бақылауында тұр. 2,3 млрд. теңгеден астам сомаға 234 сыбайлас жемқорлық қылмысының жолын кесілді, оның 2 млрд. теңгесі қазірдің өзінде өтелді. Оларды жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке 157 адам тартылды.

Бұзушылықтардың басым бөлігі «2021 жылға дейін жұмыспен қамтуды дамыту» (64), «Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту» (53), «2019 жылға дейін білім беруді дамыту» (36), «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер» (42), «Денсаулық» (20) бағдарламаларына тиесілі.

Соттар 2018 жылы сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша 1079 адамды соттады (2016 ж. – 903, 2017 ж. – 1001), оның ішінде 285 ішкі істер органдарының қызметкері (Ұлттық гвардия, ҚАЖК, ТЖК есепке алмағанда), 73 - МКК, 34 - ІІМ ҚАЖК, 222 - әкімдіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері, 23 - әкім.

Бас бостандығынан айыру 290 (2017 ж. – 261) тұлғаға немесе 26,9% (26,1%), айыппұла – 523 (2017 ж. – 461) 48,5%-на (46,1%) тұлғаға тағайындалды.

Сот үкімімен аяқталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар санының артуы құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жолын кесу, ашу, тергеу жөніндегі жұмысының сапасын арттыру нәтижесі болып табылады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық қылмысын одан әрі төмендету және жазаның бұлтартпастығы қағидатын қамтамасыз ету үшін жалпыға танылған халықаралық құралдар мен үздік әлемдік практикаларды қолдану қажеттігі туындайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қылмыстық-құқықтық шараларды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізуде.

Қазақстан БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялады, Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Стамбул іс-қимыл жоспары субөңірлік бағдарламаға қатысады.

Осы өзара іс-қимыл шеңберінде Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты сараптамалық бағалауға ұшырайды.

Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлықты криминализациялау және оған барабар жауапкершілік мәселелері бойынша заңнаманың кемшіліктері байқалады. Шешімді талап ететін мәселелер арасында: заңсыз байыту, пара беруге уәде беру және ұсыну үшін жауапкершілік енгізу.

III ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖҮЙЕСІ

3.1. Мемлекеттің заманауи моделінің түйінді басым бағыттары

Қазіргі таңда Қазақстан сыбайлас жемқорлықтан ада заманауи және құқықтық мемлекеттің өзіндік моделін құруда.

Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жоғарылауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер беру сапасының жақсаруы, қолайлы инвестициялық ахуал – мұның бәрінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді саясаттың жүйелі және рет-ретімен жүзеге асырылуы маңызды роль атқарды.

Мұндағы түйінді механизмдер төмендегі бағдарлар болды: ашық және есептілікті мемлекет, заң үстемдігін, клиентке бағыттылықты және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтардыруды қамтамасыз ететін кәсіпқой мемлекеттік аппарат.

Ашық және есептілікті мемлекет

Ашық және есептілікті мемлекет қалыптастырудың құқықтық негізі «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заң болды.

Заң ақпарат иесі мен қолданушысының құқықтары мен міндеттерін, шектеуге жатпайтын ақпарат түрлерін, ақпарат ұсыну тәсілдерін, сондай-ақ ақпаратқа қол жеткізу құқығының заңсыз шектелуіне шағымдану тәртібін регламенттейді.

Оны жүзеге асыру мақсатында, 5 порталдан тұратын «Ашық үкімет» электронды платформасы құрылды, порталдар арқылы әрбір азамат бюджет шығындары туралы мәліметтерге қол жеткізеді, мемлекеттік органдардың шешім қабылдауына қатысу, нормативтік актілердің жобаларын талқылау, онлайн-кеңестерге жүгіну, сондай-ақ мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау мүмкіндігіне ие.

«Ашық үкімет» порталдарының жункционалын жақсарту аясында төмендегідей модификациялар жүзеге асырылды.

«Ашық ҮЕҰ» порталында регуляторлық ықпал талдауының нәтижелеріне қоғамдық талқылау жүргізіледі.

Халықтың бюджет туралы ақпаратты қабылдауын жеңілдету үшін «Ашық бюджеттер» порталында азаматтық бюджеттер орналастырады.

«Ашық диалог» порталында өтініш иелерінің мемлекеттік органдарда өтініштердің қаралу сапасын бағалау қызметі іске қосылған.

«Ашық үкімет» порталдарының мобильдік және нашар көретіндерге арналған нұсқалары әзірленді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың біртұтас сайтын құру бойынша жұмыстар атқарылуда. Азаматтар үшін ыңғайлы «бір терезе» форматы қолданушыға мемлекеттік органдардың 300-ден асатын сайтына жүгінбестен, қажетті ақпаратты бір ресурстан табуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік аппараттың ашықтығын қамтамасыз ету бойынша қабылданған шараларды халықаралық қауымдастық оң бағалады.

Халықаралық бюджеттік серіктестік әр екі жыл сайын жариялап отыратын Бюджет ашықтығы туралы шолудағы Қазақстанның көрсеткіші 100 балдан 53 балды құрап отыр. Бұл 42 балл болатын орташа әлемдік көрсеткіштен біршама жоғары.

Елдердің азаматтық бақылау үшін ашық үкіметті дамыту бойынша міндеттемелерін іске асыруға бағытталған Open Government Partnership халықаралық бастамасының мәлімдеуінше, Қазақстан оның өлшемдеріне 75% сәйкестікті көрсетіп отыр.

Ашықтық мәселелерінде қол жеткізілген оң нәтижелерге қарамастан, Қазақстанға әлі де бірқатар міндеттерді жүзеге асыру қажет.

Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің жүргізген «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның қолданылу тәжірибесіне жүргізген талдау заңнамалық тұрғыда құзіретіне Заңның орындалуына мониторинг және бақылау жасау кіретін ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган айқындалмағандығын көрсетті.

Сонымен қатар, ақпараттық саясатты жүзеге асыру тиімділігіне мониторинг жасау механизмдерін әзірлеу және қоғамның мемлекеттік аппарат жұмысына қатысу мүмкіндігін одан әрі кеңейте түсу қажеттігі туындап отыр.

Кәсіби мемлекеттік аппарат

Мемлекеттік қызметтің аралас «позициялық-мансаптық» модельден «мансаптық» модельге өтуі мемлекеттік қызметшілердің кадрлық құрамының өз лауазымдық міндеттерін жоғары кәсіби деңгейде орындауына, бастамашылдыққа, үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге талпынысының артуы есебінен сапалық тұрғыда өсуіне шынайы мүмкіндік беріп отыр.

Реформаны жүзеге асыру сәтінен бастап мансабын төменгі баспалдақтан бастағандар саны үш есе артқаны байқалады.

Жұмыстағы қызметкерлердің болашақ лауазымын қарастыратын ішкі және жалпы конкурс институты енгізілді. Осындай жүйені қолданумен ішкі конкурстар институты арқылы қызметте жоғарылаған мемлекеттік қызметшілердің саны біршама артты.

Бақылаушылар мен сарапшылар институтын енгізу жолымен іріктеу процедураларының ашықтығы қамтамасыз етілді.

Мемлекеттік қызметке іріктеудің құзіреттілік ыңғайы енгізіліп, негізгі көңілді теориялық білімді бағалаудан үміткердің тиімді жұмысқа қажетті сапасына бөлуге жол ашты.

«Топтық ауысудың» алдын алу мақсатында заңнамалық деңгейде конкурстан тыс тағайындаулар барынша азайтылды.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде (одан әрі – Агенттік), Әділет министрлігінде, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және Маңғыстау облысының әкімдіктерінде пилоттық жобада әкімшілік мемлекеттік қызметшілер үшін еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі енгізілді. Ол факторлық-балдық шкалаға негізделген. Соған сәйкес барлық лауазымдар үш факторды ескере отырып бағаланады: білім, құзірет деңгейі және лауазымдық міндеттерді тиімді жүзеге асыру үшін қажетті жұмыс тәжірибесі; лауазымға қойылған міндеттердің күрделілік деңгейі; нәтижеге қол жеткізбегендік үшін жауапкершілік.

Пилоттық жоба шеңберінде Агенттік орталық аппараттың штат санының үштен бір бөлігін оңтайландырды, бұл қызметкерлердің жалақысын қосымша 60% - ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Бұл шаралардың нәтижесі қызметкерлердің уәждемесінің, жұмыс беделінің және бос орынға үміткерлерді іріктеу кезінде бәсекелестіктің айтарлықтай өсуі болды.

Осы оң тәжірибе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Ұлттық бюроға (одан әрі – Ұлттық бюро) және оның аумақтық департаменттеріне де таратылған. 254 басшы лауазым, артық құрылымдық буындар таратылып, жедел-тергеу құрамы күшейтілді. Кадрлық, қаржылық және заң бөлімшелері орталықтандырылған.

Оңтайландыру нәтижесінде 1 млрд. теңгеден астам бюджет қаражаты үнемделді. Нәтижесінде Ұлттық бюро қызметкерлерінің жалақысы шығысеуропалық елдер деңгейіне шығарылды.

Жалпы алғанда, мемлекеттік қызметке іріктеу және өткізу мәселелерінде Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (одан әрі – ЭЫДҰ) елдерінің стандарттарына барынша жақындады. Осы ұйым сарапшыларының пікірінше, мемлекеттік қызметтің қазақстандық моделі «стратегиялық дамудың» екінші сатысына өтті (1-саты – кәсіби, 3-саты – инновациялық).

Мемлекеттік қызметтердің тұтынушыға бағытталуы және автоматтандырылуы

Қазіргі уақытта мемлекеттік аппараттың азаматтармен өзара қарым-қатынасы «тұтынушыға бағытталу», қызмет алудың ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаттарында құрылуда.

Электронды қызметтерді алу үшін жергілікті атқарушы органдардың барлық деңгейлерінде, аумақтық бөлімшелерде, жоғарғы оқу орындарында, колледждер мен мектептерде, емханаларда 8249 өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді.

Нәтижесінде, азаматтар электрондық қызметтерді көбірек ала бастады. Егер, 2017 жылдың алынған қызметтердің үлесі 50% құраса, 2018 жылы – 69%-ды құрады.

50 жергілікті атқарушы органда «Қолжетімді әкімдік» жобасы іске қосылды, онда арнайы жабдықталған операциялық залдарда азаматтар сәулет және қала құрлысы, жер қатынастары, ауыл шаруашылығы т.б. салаларында 25 қызмет түрін ала алады.

Еліміздің 13 өңірінде Көші-қон қызметтерінің орталықтары жұмыс істейді, онда шетелдік азаматтар медициналық тексеруден өту, дактилоскопия, сақтандыру полисін ресімдеу, сондай-ақ 1 сағат ішінде ЖСН алу бойынша барлық қажетті қызметтерді ала алады. Бұған дейін осы қызметтер үшін бірнеше мекемеге жүгіну керек болатын, бұл айтарлықтай уақыт алатын.

2018 жылы Көші-қон қызметтерінің орталықтары 55 мыңнан астам «Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру және ұзарту» қызметін көрсетті.

Азаматтарға көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалау үдерісіне тарту үшін тестілік режимде «Цифрлық агент» мобильдік қосымшасы іске қосылды. Оның көмегімен азаматтар нақты уақыт режимінде Агенттікке қызмет алу кезіндегі туындаған кедергілер туралы хабарлай алады. Бастапқы кезеңде ХҚО, салық органдар, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық бөлімшелері көрсететін қызметтерді бағалау енгізілді. Кейіннен бұл барлық қызмет көрсетушілерге таратылатын болады.

2018 жылы Агенттіке мемлекеттік қызмет көрсету сапасына дың 1446 шағымдар келіп түскен.

Агенттік және оның аумақтық департаменттері бақылау іс – шаралары шеңберінде қызмет көрсетуден 267 негізсіз бас тарту фактісін анықтады.

Мемлекеттік органдармен жасалған бұзушылықтар саны соңғы екі жылда 8 есеге яғни 2016 жылы 800 мыңнан, 2017 жылы 370 мыңан, 2018 жылы 103,5 мыңға дейін кеміді.

2018 жылы "Сандж" зерттеу орталығы мемлекеттік қызметтердің әлеуметтік маңыздылығы мәселелері қағидаты бойынша іріктелген 60 түрі бойынша қоғамдық мониторинг жүргізді.

Мониторинг нәтижелері бойынша халықтың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі 72,4% - ды құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 6,5% - ға жоғары (65,9%).

Тұтынушыға бағытталған тәсіл мемлекеттік қызметтер көрсету саласында ғана емес, сонымен қатар құқық қорғау және сот қызметі, сондай-ақ құқықтық көмек алу мәселелері бойынша да кеңінен қолданылуда.

Осылайша, еліміздің барлық өңірлерінде прокуратура органдарының жанында «бір терезеә қағидаты бойынша прокурорлар, адвокаттар, медиаторлар жеке сот орындаушылары, психологтар, пробация қызметінің қызметкерлері 20-дан астам заң қызметін көрсетеді Құқық қорғау қызметі орталықтары жұмыс істейді.

2018 жылы құқық қорғау қызметі орталықтары 69 мыңнан астам азамат, оның ішінде прокурорлармен жеке 37 мыңнан астам азаматтарды қабылдады.

Жоғарыда айтылған барлық шаралар азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылының ашықтығы мен қолайлылығына ғана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және мемлекеттік органдарға деген сенімді арттырудың қуатты құралы болып табылады.

3.2. Сыбайлас жемқорлықты азайтуға бағытталған заңнаманы жетілдіру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың максималды нәтижелілігіне қол жеткізу құқық қолдану практикасын және шетелдік сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң шығару тәжірибесін ескере отырып, тұрақты түрде жетілдіріп отыруды талап етеді.

2018 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негізін жетілдіру келесідей бағыттарда дамыды:

Мемлекеттік қызметтерді көрсету саласында

Бағалау қызметі, жылжымайтын мүлікке кепілді және құқықтарды тіркеу, мұнай және газ саласында қызметті іске асыру, тиісті аумақтағы эпизоотикалық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің импортына және транзитіне рұқсат беру, жоғары сұранысқа ие мемлекеттік тіркелу нөмір белгілерін беру, т.б. салаларында мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелерін реттеуші бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Аталған іс-шаралар процедураларды нақты реттеу, артық талаптар мен қызмет көрстеуші мен қызмет алушы арасындағы тікелей қарым-қатынасты болдырмау арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталды.

Мысалы, зияткерлік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша Әділет министрлігінің тіркеу бойынша функцияларын Ұлттық зияткерлік меншік институтына беру арқылы зияткерлік меншік объектілерін тіркеудің бір деңгейлі жүйесі құрылды. Бұл

(Жалғасы 20-бетте)

(Жалғасы. Басы 19-бетте)

зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы 9 қызмет түрінің көрсетілу мерзімін қысқартуға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу мерзімі 20 күннен 1 жұмыс күніне дейін қысқарды.

2018 жылдың басынан бір уақытта туу туралы куәлік беру, мектепке дейінгі ұйымға кезекке қою және бала туууына байланысты жәрдемақы тағайындау бойынша жаңа проактивті (қызмет көрстеушіге бармай, смс-хабарлама негізінде) қызмет көрсетіле бастады.

Тұтынушыға бағытталуға алынған бағдарды жалғастыру шеңберінде қызмет көрсетуді проактивтік және композиттік форматқа ауыстыру бойынша жұмыс жасау қажет.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласында

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңына түзетулер енгізу өте маңызды. Бұл түзетулер мемлекеттік аудитордың ассистентінің құқықтары мен міндеттерін нақты реттейді, сондай-ақ мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссияға нақты негіздер бойынша, оның ішінде кәсіби әдепті сақтамағаны үшін сертификатты қайтарып алу құқығын береді.

Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Есеп комитеті аудиторлық іс-шараны жүргізу басталғанға дейін міндетті *«үлестік тізімін»* қалыптастыруды енгізді.

Сонымен қатар, басқа да профилактикалық шаралар, оның ішінде Есеп комитетінің сенім телефонын аудит объектісінде міндетті орналастыру, мемлекеттік аудиторларға мемлекеттік аудит барысында және оны аяқтаған соң ұсынылған сыйлықтар мен қызметтерді алуға тыйым салу.

Сот саласында

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысымен құқықтық техника ережелері, тілдің анық еместігі мен қолданылатын терминдердің түсініксіздігімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, сондай-ақ бағалау сипатындағы қолданылатын санаттарды ерікті түсіндіру мүмкіндігін болдырмау мақсатында, судьялардың сот процесі тараптарына сот шешімін түсіндіру практикасы енгізілді.

Табиғи монополияларды реттеу саласында

«Табиғи монополиялар туралы» жаңа Заң қабылданды. Бұл заңда табиғи монополиялар субъектілері қызметінің ашықтығын арттыруды және тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуын бақылауды күшейтуді қарастырылған. Жаңа екі Қоғамдық бақылау инситуты енгізілді: *Тарифтік саясат бойынша кеңес* және *Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін тұтынушылардың қоғамдық бірлестігі.*

Кәсіпкерлікті қолдау саласында

Бизнесті мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүйесі концептуалды өзгеріп, профилактикалық бақылау институты құрылды. Оның ерекшелігі – әкімшілік өндіріс қозғаусыз құқықбұзушылықтың алдын алу.

Бірін бірі қайталауына және тиімділігінің төмен деңгейіне байланысты 114 бақылау саласын 20-ға кеміту, 544 бақылау функцияларының 108-ін қысқарту арқылы бизнесті бақылау-қадағалау жүктемесін едәуір азайту күтілуде.

Ерекше тәртіп бойынша тексерістерді жүргізу мерзімі 30-дан 15 жұмыс күніне, жоспардан тыс тексеру мерзімі 30-дан 10 жұмыс күніне дейін қысқартылды.

Тексерісті жүргізу мерзімін бірнеше рет ұзарту мүмкіндігі шектетіліп, тек бір рет ұзарту мүмкіндігі қалдырылды.

Дегенмен, Қазақстанда ақылы қызмет спектрін дамыту, мемлекеттік аппараттың бизеспен өзара әрекеттестігінде клиентті бағыттау мәселелері өзекті болып қалып отыр.

Мемлекеттік органдардың жұмысының тексеруден бизнес пен халыққа көмек көрсетуге бағыт алуының тиімді құралы жария құқықтың заңды тұлғалар институтын енгізу бола алады.

Бұл институт жекелеген функцияларды орындау құқықтары мен міндеттерін, сонымен қатар оларға деген жауапкершілікті арнайы құрылған субъектілерге жүктеуге мүмкіндік береді.

Мұндай жағдай штат саны мен бюджет көлемі шектеулі мемлекеттік органдарды бизнеспен өзара әрекеттестікпен байланысты функциялардан босатуға, олардың реттеуші уәкілеттіктерге жұмылдырылуына, жария құқықтың заңды тұлғаларына өткізілген функцияларды орындау кезінде мемлекет мүдделерін қорғаудағы кәсіпқойлық пен клиентті бағыттау деңгейін жоғары еңбекақы мен олардың ұйымдастырушылық құрылымының икемділігі есебінен арттыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлік кодексте егжей-тегжейлі реттелгенге қарамастан, бақылаушы мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлық мәселесі әлі де шешілмеген. Ұлттық бюроның деректері бойынша 2016 жылдан бастап кәсіпкерліктің қызметіне заңсыз араласумен байланысты сыбайлас 1000-нан астам жемқорлық қылмыс тіркелген.

Осыған байланысты заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырумен мемлекеттік бақылауды ауыстыру ұсынылады.

Бизнестің заңсыз қызметінен әлеуетті теріс салдарларды мемлекеттік бақылауды алмастыратын сақтандыру компаниялары өтейтін болады.

Ұсынылып отырған балама сыбайлас жемқорлық деңгейін және бизнеске қысым көрсетуді төмендетуге ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар Қазақстанның сақтандыру нарығының дамуына елеулі серпін береді.

Мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектор сатып алулары саласында

Мемлекеттік сатып алуларды жүргізу кезіндегі ашықтық пен бәсекелестікке ынталандыруды арттыру үшін бір көзден сатып алу негіздері қысқартылды, сондай-ақ алдыңғы конкурс өткізілмеген болып танылған жағдайда тапсырушының қайта конкурс өткізу міндеті белгіленді.

Сонымен қатар, сатып алулар барысын жеңілдететін бірқатар жаңа тәртіптер енгізілді.

Енді маңызы аз сатып алулар үшін конкурс өткізу талап етілмейді, бір көзден сатып алудың шекті сомасы 100 АЕК-тен 500 АЕК-ке дейін, ал ауыл әкімдіктері үшін 3 000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Баға ұсынымдарына (1 000 АЕК-ке дейін) сұраныс тәсілімен сатып алулар жүргізу кезінде сапасы жоғарылау тауарлар сатып алу үшін тауарлардың фирмалық атауларын көрсету құқығы беріледі.

Банк қызметіне шығын жүктемесін төмендету мақсатында өтінімді қамтамасыз етуді «электронды әмиянға» автоматты түрде қайтару жүйесі енгізілді.

Ұсақ сатып алуларды ірі лотқа біріктіруге мүмкіндік беретін нормалар қарастырылған. Бұл сатып алуларды стандарттауға және бизнестің өндірістік қуатын ірі көлемге салуға мүмкіндік береді.

Квазимемлекеттік сектордағы сатып алулардың ашықтығы мен есептілігінің артуы да айтарлықтай жетістік болып табылады. Заңнамамен «Самрұқ-Қазына» ҰӘҚ-ның мемлекеттік сатып алулар саласындағы уәкілетті органмен келісу арқылы квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін сатып алулардың бірыңғай қағидаларын бекіту және сатып алуларды толықтай электронды форматқа көшіру нормасы белгіленді

Енгізілген шаралардың оң нәтижесін көру 2019 жыл барысында күтілуде.

Сонымен бірге, мемлекеттік сатып алулардағы және квазимемлекеттік сектор сатып алуларындағы тәуекелдерді барынша төмендету мақсатында аталған саланы одан әрі жетілдіре түсу жұмыстарын жүргізу қажет.

Жоспарларға сатып алынатын тауарлар мен қызметтерге көрінеу жоғарылатылған негізсіз бағаларды белгілеу қатерін жоюға, нәтижесінде бастапқы кезеңде бюджет қаражатын жымқырудың алдын алуға мүмкіндік беретін сатып алуларды жоспарлау барысын жетілдіру келешегі бар бағыттардың бірі болып табылады.

Денсаулық сақтау саласында

Тегін медициналық көмек көрсету көлемі аясында және міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде дәрі-дәрмек құралдары мен медициналық өнімдерді сатып алу веб-порталы арқылы электронды сатып алу енгізілді.

Дәрі-дәрмектерді Бірыңғай дистрибьютор арқылы электронды сатып алуға көшу сатып алу процедураларының ашықтығы мен әділдігін арттырып, 26,6 млрд. теңге бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік берді.

Дәрі-дәрмек құралдарын жылжытудың этикалық нормалары толықтырылып, рецептуралық дәрі-дәрмектердің жазылып берілуі мен қолданылуына бақылау жасауға, дәрі-дәрмектердің таңдалуына, оның ішінде дәлелденген тиімділігіне талдау жасауға мүмкіндік беріп отыр.

Көтерме және бөлшектік бағалардың шектік межесін белгілеу жолымен дәрі-дәрмек құралдарына бағаны реттеу жүйесі енгізілді. Шектік бағалар туралы ақпарат Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс.

Санитарлық қағидаларға тексеріс жүргізілді. Нәтижесінде, 66 қағиданың 29-ы күшін жойды, артық талаптар мен кедергілерді жою арқылы 34 қағида жаңартылды.

Денсаулық сақтау объектілерін тексеру парақтарын оңтайландыру объектілерге дәрі-дәрмек құралдарын дайындау бойынша талаптар санын 83 тармақтан 18 тармаққа немесе 4,6 есе, стаматологиялық қызметтер көрсететін объектілерге талаптарды 83 тармақтан 37 тармаққа немесе 2,2 есе, амбулаториялық-емханалық және консультативті-диагностикалық көмек көрсететін объектілерге талаптарды 83 тармақтан 59 тармаққа немесе 1,4 есе, стационарларға талаптарды 83 тармақтан 64 тармаққа немесе 1,3 есе азайтуға мүмкіндік берді.

Құқық қорғау қызметінде

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында, «Қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық заңнаманы және құқық қорғау және арнайы органдардың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды.

Қабылданған шаралар бағыттарының бірі азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды нығайту және құқық қорғау қызметін ізгілендіру.

Куәгерлерді қорғау институтына прокурорлық қадағалау және сот бақылауы кеңейтілді. Күдіктіге, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау кезінде жеңілірек бұлтартпау шарасын қолдануды міндетті түрде қарастыру көзделген. Айыппұл төлеу мерзімі 6 айдан 3 жылға ұзартылды, сондай-ақ 1 айдан 1 жылға кейінге шегеру мүмкіндігі көзделген. Аса ауыр қылмыстар бойынша кепіл қою енгізілуде. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша ескіру мерзімі – үздіксіз есептеудегі 10 жыл және үзілістер болған жағдайда 15 жыл болып белгіленді. Алаяқтық, иемдену және талан-таражға салу сыбайлас жемқорлық құрамдарына жаза ретінде еселік айыппұлдар енгізілді.

Парақорлық үшін еселік айыппұлдың төменгі және жоғарғы шектері белгіленді. Сыбайлас жемқорлық лауазымдық құрамдарға санкциялар төмендетілді. Жазалау жүйесі мен қатаң жазаны жұмсағырақ жазамен алмастыру тәртібі қайта қаралды.

Құқық қорғау қызметін ізгілендірумен қатар, қабылданған шаралар заңның үстемдігі қағидасының одан әрі нығая түсуіне ықпал етеді деп күтілуде.

Жалпы алғанда, 2018 жылы мемлекеттік органдар қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша айтарлықтай жұмыс атқарды. Бұл бағыттағы келесі міндет – қабылданған құқықтық актілердің қолдану тәжірибесіне, алға қойған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жағдайына, шаралардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне талдау жүргізу болмақ.

3.3. Салалық тұрғыдан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою

2018 жылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдаулардың сандық-сапалық құрамдас бөлігінің күшеюінің оң үрдісі байқалады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау 12 орталық мемлекеттік органдарда (2016 жылы - 5, 2017 жылы - 11) және 16 жергілікті атқарушы органдарда (2016 жылы - 16, 2017 жылы - 10), 95 мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда (2016 жылы - 187, 2017 жылы - 80) және 2 квазимемлекеттік сектор субъектісінде (2016 жылы - 1, 2017 жылы - 3) жүргізілді.

Жүргізілген ішкі талдаулардың нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша 1090 ұсыныс әзірленді, оның ішінде 648 (59%) орындалды.

Өңірлік деңгейде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдаумен 232 аумақтық бөлімшелердің, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметі қамтылған..

Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша 1824 ұсыныс енгізілді, оның ішінде 1472 (80,7%) орындалды.

Агенттік Гуманитарлық зерттеулер және жобалар институтының сарапшыларымен, Арнайы мониторингтік топ мүшелерімен және сараптамалық қоғамдастықпен бірлесіп Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану Комитетінің, Әділет министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізді.

Жүргізілген талдаулардың қорытындысы бойынша мемлекеттік органдардың басым көпшілігіне тән жүйелі проблемалар және салалық сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

Салалық сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Геология және жер қойнауын пайдалану саласында

Геология және жер қойнауын пайдалану саласында дискрециялық өкілеттіктерге немесе мүдделер қақтығысына әкелетін құқықтық актілердің жетілдірілмеуі басты проблема болып табылады.

Атап айтқанда, жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның қолданылу мерзімі аяқталған кезде жер қойнауын пайдаланушының жеке геологиялық ақпаратын беру және ашу рәсімдеріне бақылаудың құқықтық тетіктері көзделмеген, сондай-ақ оны беру және ашу жөніндегі талаптарды орындамағаны үшін жауапкершілік жоқ.

Геологиялық ақпараттың құны болған жағдайда, осындай құқықтық кемшіліктер лауазымды тұлғалар тарапынан да, жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан да теріс пайдалану үшін жағдай жасайды

Сондай-ақ пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі комиссияның жұмысына тәуелсіз сарапшыларды тарту рәсімінде тиісті регламенттеу жоқ.

Тәжірибеде сарапшылар (геологтар, гидрогеологтар, геофизиктер) жер қойнауын пайдалану саласындағы ұйымдардың қызметкерлері болып табылады, олардың өтінімдерін осы комиссия қарайды, бұл шешім қабылдау кезінде субъективті тәсілге әкелуі мүмкін.

Салықтық және кедендік әкімшілендіру саласында

Құқықтық реттеудің жеткіліксіздігі, іс жүзінде салықтық және кедендік бақылаудың барлық нысандарында дискрециялық өкілеттіктер жасайды.

Салық тексерулерін жүргізу үшін салық төлеушілерді іріктеу кезінде қолданылатын екі өлшем белгіленді, олар тиісті саладағы салық төлеушілердің жартысын тәуекел аймағына автоматты түрде жібереді:

- салық төлеушінің салық жүктемесінің төмен коэффициенті;
- жалған кәсіпорындармен, әрекетсіз салық төлеушілермен және соттармен тіркелуі жарамсыз деп танылған салық төлеушілермен операцияларды, сондай-ақ сот іс жүзінде жұмыстарды орындаусыз, қызметтерді көрсетусіз, тауарларды тиеп-жөнелтусіз жүзеге асырылған деп таныған мәмілелерді жүзеге асыру.

2017 жылы Мемлекеттік кірістер комитетінің Тәуекел-менеджмент басқармасы 2784 салық төлеушіні жоғары тәуекел санатына жатқызды. Одан әрі Аудит басқармасы бұл санды 608 салық төлеушіге дейін қысқартып, 2017 жылға арналған тексеру кестесіне енгізілді.

Бұл ретте тәуекел дәрежесі жоғары субъектілер санын қысқарту рәсімінде құқықтық реттеу жоқ. Осылайша, жеке мүдделілігіне қарай тексеру жоспарына субъектілерді енгізу немесе енгізбеу сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындайды.

Сондай-ақ, салықтық бақылауды жүргізудің мерзімдері мен уақытын белгілеу бойынша нақты критерийлердің жоқтығы байқалады, бұл жекелеген салық төлеушілерге қатысты заңсыз артықшылық тудырады.

Мысалы, Салық кодексіне сәйкес салықтық тексеру жүргізу кезінде хронометраждық зерттеу 30 жұмыс күнінен аспайды. Салық төлеушінің салық міндеттемесінің мөлшерін айқындау едәуір дәрежеде хронометраждық зерттеу мерзімі мен уақытына байланысты болады, ол тексерілетін тұлға қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыстан тыс уақытта - түнгі уақытта, демалыс, мереке күндері өткізілуі мүмкін. Бұл тексеруші тұлғаға салық төлеушінің табысы жоғары немесе төмен болатын кезеңді таңдап, есептелген салық мөлшеріне әсер етуге мүмкіндік береді.

Осыған ұқсас жағдай Кедендік бақылау нысандарын реттеуде байқалады. Қолданыстағы заңнамада үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеруді жүргізу үшін объектіні таңдау өлшемдері мен негіздері көзделмеген, оны жүргізу тәртібі бекітілмеген.

Көрсетілген мән-жайлар, сондай-ақ оларды жүргізудің мерзімділігі бойынша шектеулердің болмауы объектілердің бір бөлігі бірнеше рет тексеруге ұшырайды, ал басқаларына қатысты олар мүлдем жүргізілмейтін жағдайда үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеруді жүргізу кезінде субъективті тәсіл үшін жағдай жасайды.

Ғылыми жобаларды қаржыландыру саласында

Ғылыми жобаларды қаржыландыру саласында 2 негізгі мәселе анықталды.

Бірінші, ұлттық ғылыми кеңестердің құрамдарын қалыптастыру кезінде заңнама талаптарын бұзу.

Олардың негізгі функциясы республикалық бюджет есебінен гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы шешім қабылдау болып табылады.

Ұлттық ғылыми кеңестер туралы Ережеге сәйкес олардың құрамына ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілерінің басшылары мен олардың орынбасарлары, сондай-ақ бір ұйымның бір қызметкерден артық енгізілмеуі тиіс екеніне қарамастан, бұл талаптар бұзылған.

Бұл мүдделер қақтығысына әкеледі, бұл кеңестер қабылдаған шешімдермен расталады.

Мысалы, «Ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар, жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер» бағыты бойынша кеңес төрағасы бір мезгілде Ақпараттық және есептеу технологиялары институтының бірінші басшысы болып табылады

Осы институттың жобалары 1,384 млрд.теңге көлемінде немесе осы бағытқа бөлінген барлық қаржыландырудың 24%-ы қаржыландырылды.

«Өмір туралы ғылым» бағыты бойынша кеңестің құрамына Ұлттық биотехнология орталығының екі қызметкері кіреді. Аталған ғылыми мекемеге 447 млн.теңге сомасына 16 жоба мақұлданды.

Екінші, қаржыландыру жобаларын қарау рәсімдерінің жетілдірілмеуі

Ғылыми жобаларды қаржыландыруға өтінімдер қарастырудың екі кезеңінен өтеді: мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу және Ұлттық ғылыми кеңестердің отырысы.

Кеңес шешімдерін талдау сараптама баллдары ескерілмейтінін көрсетеді. Жоғары баллдары бар жобалардың көпшілігі мақұлданбаған, ал сараптамалық бағалаудың төмен баллдары бар жобалар қаржыландыруға ие болды.

Бірқатар жағдайларда мүдделер қақтығысы байқалады.

«Табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын ұтымды пайдалану, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» бағыты бойынша 1043 өтінімнен ең жоғары балл – 34, ең төменгі балл – 6.

25 баллдан астам жобаларды қаржыландырудан бас тартқан 28 237 002 теңге сомасындағы қаржыландыру «Қар массасын кәдеге жарату және су ресурстарын толықтыру үшін кешен әзірлеу» жобасы 17 баллмен мақұлданды. Аталған жобаны Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы ұсынды. Аталған бағыт бойынша кеңестің төрағасы жоғарыда аталған академияның бас ғылыми хатшысы болып табылады.

Сондай-ақ, қаржыландыруды мақұлдау кезінде артықшылық көрсетуге, кеңестердің жасырын дауыс беру рәсімі де ықпал етеді. Дауыс беру қорытындылары бойынша жобаны ұсынған тұлғаларға түсініктемелер берілмейді, осыған байланысты олардың жобалары мақұлданбаған.

Атқарушылық іс жүргізу саласында

Сот актілерін орындау кезінде бір сот орындаушысында іс жүргізудегі құжаттардың шамадан тыс саны, сондай-ақ «тиімді» атқарушылық құжаттарды алуға ұмтылу жүйелі проблема болып табылады.

Бұл жеке сот орындаушыларының сыйақы мөлшерін өндіріп алынған соманың немесе өндіріп алынған мүлік құнының 3-тен 25% - ға дейінгі шегінде белгіленуіне байланысты.

Субъективті фактор әсерін және атқарушылық құжаттардың біркелкі бөлінбеуін болдырмауға бағытталған атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған интеграциялық жүйесі түзету мүмкіндігіне жол береді.

Іс жүзінде «тиімді» атқару құжаттарына қол жеткізу жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталарының басшылығымен не сот органдарында байланыстар, танысу есебінен алынуы мүмкін. Мысалы, Астана қаласы бойынша Әділет департаментінде қағаз тасығыштарда жіберілетін барынша «тиімді» материалдар жеке сот орындаушыларының шектеулі тобы арасында ғана бөлінді.

Зияткерлік меншік саласында

Уәкілетті органның тиісінше бақыламауы және заңнама ағаттықтары зияткерлік меншік және авторлық құқықтарды қорғау саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына ықпал етеді.

Республика бойынша мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын 9 ұйым аккредиттедтелді, оларға қатысты 3 жылдан астам уақыт бойы тексерулер жүргізілмеген.

Бұдан басқа, құқық иелеріне төлемдердің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік беретін авторлар мен туындылар туралы деректер базасы жүргізілмейді.

Қолданыстағы зияткерлік меншік және авторлық құқықтарды қорғау мәселелері бойынша заңнамада сыйақыларды жинау, бөлу және төлеу жүйесі, сыйақыларды төлеуді растайтын құжаттар тізбесін нақтылау және авторларды іздеу жөніндегі шаралар бөлігінде олқылықтар бар. Бұл мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарды тексеру кезінде уәкілетті органға дискрециялық өкілеттіктер жасайды.

Мысалы, жиналатын сыйақыға байланысты мәселелерді егжей-тегжейлі реттеудің болмауы тексерушілер тарапынан да, ұйымдар тарапынан да ықтимал теріс пайдалану тәуекелдерін тудырады.

Авторлық сыйақыларды жинау, бөлу және төлеу рәсімдерін реттейтін заңнамалық актілердегі кемшіліктер, аталған ұйымдардың миллиардық пайдасымен қоса және уәкілетті органның тарапынан бақылаудың болмауы ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін құрады.

Бірқатар ұйымдарда қайырымдылық қорлары құрылған. Мысалы, «Зияткерлік меншік құқықтарын басқару жөніндегі қазақстандық қоғам» ұйымында «Өнерді қолдау қоры» қайырымдылық қоры құрылған, оған 2016-2017 жылдары 77 млн. теңге аударылған. Сонымен қатар, уәкілетті орган аталған сұрақ бойынша мониторинг және бақылау жүргізбейді.

Сондай-ақ, тәркіленген контрафактілік тауарларды тіркеу, сақтау және жоюға қойылған талаптар орындалмайды.

Талдау барысында бірқатар жағдайларда тәркіленген контрафактілік тауарлар сақтауға жарамсыз орындарда: қызметкерлердің жұмыс бөлмелерінде, жертөле, ведомстволық гаражда сақталатыны анықталды. Ведомстволық бақылаудың болмауымен қоса бұл жағдай әділет органдары қызметкерлерінің құқыққа қайшы іс-әрекет жасауына әкеліп соқтырады.

Тәркіленген алкоголь өнімдерін жою туралы актілерді бұрмалау, тауар таңбалары туралы заңнамаларды бұзу бойынша шаралар қабылдамағаны үшін тәркіленген контрафактілік тауарлар түрінде пара алғаны үшін әділет органдарының қызметкерлерін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері бар.

Жоғарыда аталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау нәтижелерінде сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын барынша азайту туралы 201 ұсыныс енгізілді, олардың 65-і немесе 32% орындалды.

Аталған ұсыныстар 4 заңды (3 қабылданды), 30 заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді (20 қабылданды) әзірлеу кезінде ескерілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу тәжірибесі келесі проблемалық аспектілерді көрсетті.

Бірінші, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындысы бойынша іс жүзінде әрбір мемлекеттік органда сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын нормативтік құқықтық актілердің ережелері анықталады. Мұндай сыбайлас жемқорлық нормалары сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізілген жағдайда нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу кезеңінде де жойылуы мүмкін.

Осы проблеманы шешу құқықтық актілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптау институтын қалпына келтіру нәтижесінде мүмкін.

Екінші, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдарды орындау мониторингісі көптеген мемлекеттік органдардың жүйелі проблемаларды жою жөнінде шаралар қабылдауға бағытталмағанын көрсетеді. Ұсынымдардың көпшілігі іс жүзінде формальды түрде, толығымен емес орындалады немесе орындалмаған болып қалады.

Қалыптасқан жағдайдың негізгі себептері ұсынымдардың міндетті сипаты және мемлекеттік органдар мен мекемелер басшыларының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға мүдделілігінің төмендігі болып табылады. Үлкен өкілеттіктер берілген бола отырып, олар тағайындайтын бағыныштты қызметкерлерінің жүйелі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін дербес жауапты болмайды.

Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындылары бойынша ұсынымдарды орындауға міндетті белгілеу және мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларының сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын жою жөнінде шаралар қолданбағаны үшін жауапкершілігін күшейту қажеттігі туындайды.

3.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы жобалық басқару және ақпараттық технологиялар

Жобалық кеңселер

2018 жылдың ақпаны «Астана – адалдық алаңы» құрылды, онда Агенттіктің, Астана әкімдігінің және азаматтық қоғамның тиімді өзара іс-қимылы арқылы халық үшін сезімтал салалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша практикалық шаралар іске асырылды.

Мысалы, жобамен жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғаудың ақпараттық базасын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді. Бұл ел бойынша 2,5 миллионнан астам қызмет алушылар үшін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің барлық түрлерін жедел және сапалы көрсетуге ықпал етті.

Мемлекет ,асшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында қол жеткізілген оң нәтижелерді ескере отырып, бұл жоба еліміздің барлық өңірлерінде енгізілді.

Салалық бөліністе сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды кешенді енгізудің бірегей тәжірибесі «Protecting business and investments» («Бизнес пен инвестицияларды қорғау»), «Саналы ұрпақ» и «Адал жол» жобаларын іске асыру шеңберінде әзірленген.

Бизнес пен инвесторлардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру, сондай-ақ олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында «Protecting Business and Investments» жобалық кеңсесі жұмыс істейді

Оның негізгі міндеті - ел экономикасына инвестициялау процесін оңайлату және одан бюрократиялық көріністер мен сыбайлас жемқорлық шығыстарын алып тастау.

Жоба Мемлекет басшысының бизнесті қорғау жөніндегі, оның ішінде шетелдік инвесторлар кеңесінің 31-ші отырысында айтылған тапсырмаларын орындауға бағытталған және Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Сыртқы істер және инвестициялар және даму министрліктері арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде жүзеге асырылады.

Жобаны іске асыру тетігі инвестордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы келісімге қосылуына негізделген. Агенттік келісім тарабы ретінде инвестордың барлық бизнес-процестеріне ілесе отырып, оны теріс пиғылды шенеуніктер тарапынан кез келген бюрократиялық және сыбайлас жемқорлық қол сұғушылықтардан қорғап, заңнама шеңберінде туындайтын проблемалық мәселелерді шеше отырып, сүйемелдейді.

Инвесторға қойылатын жалғыз талап - бұл адал, парасатты бизнесті жүргізу. Өз ісін кез келген қысымнан қорғау құралдары бойынша тегін экспресс-оқудан өту мүмкіндігі бар.

Бүгінгі күні кеңсе жалпы сомасы 10,7 триллион теңгеден асатын отандық және шетелдік инвесторлардың 279 жобасы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеу жүргізуде, 354 кәсіпкерге көмек көрсетті.

Ілеспе инвестициялық жобалардың шамамен 32%-ы Нидерланды, Швейцария, Ұлыбритания, Жапония, Франция, Ресей, Түркия, Германия, ҚХР, БАӘ, Корея, Польша, Малайзия және т. б. елдерінің қатысуымен іске асырылуда.

Инвестициялық жобаларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеуді бүкіл ел бойынша құрылған Фронт-кеңселер тікелей жүзеге асырады.

Егер бұрын инвестор мемлекеттік органға жүгінгенде, жиі талассыз, құқықтық қайшылықтарға тап болса және ұлттық заңнаманың ерекшеліктерін білмеу салдарынан өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғай алмаса, қазір өңірлерде жоба қызметкерлерінің консультациялық және ұйымдастырушылық қолдауының арқасында инвестициялық, кәсіпкерлік қызметке байланысты барлық мәселелер инвестордың пайдасына барынша тез шешіледі.

Шын мәнінде, Агенттік мемлекеттік органдардың инвесторлар үшін ел басшылығы деңгейінде мәлімделетін барлық қолайлы жағдайларды сақтауының өзіндік кепілі ретінде әрекет етеді.

Осылайша, «Бизнес пен инвестицияларды қорғау» жобасы мемлекеттік қызметшілердің жұмысында сервистік тәсілді енгізуге, инвестициялық жобаның барлық өмірлік циклі ішінде әкімшілік қысым мен сыбайлас жемқорлық шығындарын болдырмауға бағытталған.

Мысал ретінде «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында кілемдер мен кілем бұйымдарын шығарумен айналысатын «Бал Текстиль»компаниясына сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолдау көрсету нәтижелерін келтіруге болады.

Шымкент қаласының жобалау офисі компанияның заңды құқықтары мен мүдделерін қалпына келтірді, сондай-ақ, мемлекеттік кірістер органдарымен 50 млн.теңге. сомасындығы заңсыз айппұл салудың алдын алды.

Шетелде шикізат сатып алу барысында компания айыппұл салуға жол берген техникалық қателер салдарынан тауарға декларациясына түзетулер енгізу проблемасына тап болды.

Бұл мәселе жедел қаралып, өңірдің мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлерімен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде компания «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы»кодекстің 417-бабының 7-тармағына сәйкес декларацияны түзету құқығын берді.

Тағы бір мысал, екі күн ішінде «Green Capital Kazakhstan» ЖШС – голланд инвесторының жылыжай кешенін салуға мемлекеттік сараптама алу мәселесі шешілген кезде, жағдай екі ай ішінде проблемалы болып қалды. Кешен еуропалық технологиялар бойынша салынып жатыр, жұмыс жобасы еуростандарттарға сәйкес орындалды, бұл ресми түрде Ұлттық экономика министрлігінің талаптарына сәйкес келмеді.

Мұндай мысалдар аз емес.

2018 жылдың қыркүйегінде теміржол тасымалы саласындағы жүйелі проблемаларды жоюға және халыққа теміржол көлігінде көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге бағытталған «Адал жол» жобалық кеңсесі құрылды.

Жобалық кеңсе жолаушыларды тасымалдау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізді, жолаушылар темір жол көлігінде рейдтік іс-шаралар жүргізді.

Нәтижесінде халыққа билет сатуды жүзеге асыратын жеке кассалардың жауапкершілігі мен міндеттемелерін күшейту бойынша адам факторын болдырмайтын және ұсынылатын қызметтердің неғұрлым кеңейтілген диапазоны бар қазіргі заманғы бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу бойынша ұсыныстар берілді

2018 жылы үш жылдық «СаналыҰрпақ» жобасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды бастамаға айналды.

Іске асырудың бірінші жылының ең маңызды нәтижелерінің ішінде «Саналы Ұрпақ» 37 фронт-офисін ашуды, білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасын және жоғары оқу орындары мен білім және ғылым министрлігі үшін ЭЫДҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Стамбул іс-қимыл жоспары мониторингісінің 4-ші раундының есебін ескере отырып, қалыптасқан оларды іске асырудың нақты алгоритмі бар нақты ұсынымдарды әзірлеуді атап өткен жөн.

Жобаның тиімді инновациясы скандинавиялық елдердің тәжірибесі бойынша «адалдық дүкендерінің» ашылуы болды. Мұндай дүкендерде сатушылар мен қызмет көрсетуші қызметкерлер жоқ. Барлық бағалар прайс-парақта көрсетілген, сатып алушы тауарды таңдап, кассаны ашып, қажетті соманы қойып, қалған ақшасын алуына және кетуге болады.

Жобаның мақсаты жастардың бойында жоғары моральдық қасиеттерді, соның ішінде ішкі адалдықты қалыптастыру болып табылады. Бұл факторлар адам бойында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті» қалыптастыруға тікелей әсер ететіні ғылыми дәлелденген.

Бүкіл Қазақстан бойынша елдің жоғары оқу орындары мен мектептерінде кеңсе тауарларынан кітапқа дейін, азық-түлік және төсек-орын жабдықтарының түрлі ассортименті бар 443 дүкен ашылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы ақпараттық технологиялар

Басқарушылық шешімдердің ашықтығын және азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуін арттыра отырып, ақпараттық технологиялар мен цифрландыру арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша пәрменді қадамдар жүзеге асырылды.

Мұндай жұмыстың жарқын мысалы «Цифрлық агент» мобильдік қосымшасын, Қоғамдық бақылаудың интерактивті картасын енгізу болып табылады.

Бюджетті жүйелеу және визуализациялау, мемлекеттік қызметтер көрсету, жолдар мен басқа да әлеуметтік объектілер құрылысының ашықтығы, «тұрмыстық сыбайлас жемқорлық» жағдайында қалған адамдарды онлайн-кеңеспен қамтамасыз ету бюджет қаражаты шығыстарының тиімділігін, қызмет көрсетудің, жұмыс жүргізудің сапасы мен мерзімін бақылауды барынша жеңілдетуге, сондай-ақ «тұрмыстық сыбайлас жемқорлық» жағдайында іс-қимылдың нақты алгоритмін алуға мүмкіндік берді.

Жеткізушілер, бөлінетін сомалар, құрылыс мерзімдері, кепілдік міндеттемелер және азаматтарды қызықтыратын басқа да параметрлер бойынша мәліметтер қолжетімді болды, бұл азаматтардың мемлекетпен қарым-қатынас құралдарын барынша жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Мемлекеттік органдармен қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында, «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын орындау аясында халыққа құқық қорғау қызметтерді көрсету бойынша 5 жоба енгізілуде: әкімшілік құқықбұзушылықтың бірыңғай реестры, тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай реестры, Аналитикалық орталық, «Е-іс», «Е-жүгінім». Олар қылмыстық және әкімшілік процесстерді, бизнес субъектілерін тексеру және азаматтардың өтініштерін қарауды автоматтандырады.

Қылмыстық іс процессін цифрландыру қылмыстық істі тергеу кезінде прокурорлық қадағалау мен ведомстволық бақылауды онлайн-режимде тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ процесске қатысушылардың ақпаратқа қол жетімділігін арттырады.

Әкімшілік іс жүргізудің электронды форматы құзыретті органдардың заңсыз шешім қабылдауын болдырмайды, сондай-ақ олардың жіберетін қателіктері мен сол қателіктерден туындайтын шағымдарды азайтады.

«Е-жүгінім» жүйесі мемлекеттік органдармен азаматтардың жүгінімдерін қарауға бақылау жүргізуді және олардың қызметін сапалы бағалауға мүмкіндік береді.

Аналитикалық орталық прокурорға процессуалдық шешім қабылдау кезінде көмек көрсететін 8 ақпараттық жүйеден тұрады. Қазіргі уақытта аталған платформада мемелекеттік органдардың қылмыстың жай-күйі, жүгінімдермен қызмет, әкімшілік іс жүргізу, сотқа дейінгі тергеу бойынша деректік қорлар біріктірілген.

3.5. Мемлекеттік қызметтегі әдепті бақылау

Әдеп кодексінің талаптарын сақтау сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда маңызды рөл атқарады, мемлекеттік қызметте болудың басты шарттарының бірі болып табалады.

Аталған жұмысқа Әдеп жөніндегі кеңес елеулі үлес қосуда.

Бұрын жұмыс жасаған тәртіптік кеңестен айырмашылығы профилактикалық жұмыстарға басымдылық берілген, мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға және ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық климатты қалыптастыруға бағытталған.

Сондықтан тәртіптік істерді қараумен қатар сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау, әдеп жөніндегі уәкілдің қызметі, тәртіптік комиссияның жұмысы, сондай-ақ заңнамалардың талаптары сақталудағы профилактикалық жұмыстар бойынша сұрақтар қарастырылады.

2018 жылы Кеңестермен 160 отырыс өткізіліп, қарастырылған 1207 сұрақтың тек қана 446 немесе 38% тәртіптік істерді құрайды.

Әдеп жөніндегі кеңестермен мемлекетік органдарға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен жүйелерді жетілдіруге бағытталған 2583 ұсыныстар мен ұсынымдар енгізілді, олардың 2568 немесе 99,4% орындалды.

Мемлекеттік қызметкерлердің әдептілігін арттыру бойынша кешенді жоспарды жүзеге асыруға сәйкес Әдеп жөніндегі кеңестердің мүшелері мемлекеттік қызметшілерді еңбектік және әлеуметтік қорғау бойынша іс- шаралар жүргізді.

10 мыңнан аса лауазымдық нұсқаулықтарға қосымша жүктемеге әкелетін лауазымдарға сәйкес емес функцияларды анықтауға талдау жасалды. Нәтижесінде 3 мыңнан астам нұсқаулықтар қайта бекітілді.

Барлық аймақтарда мемлекеттік қызметшілердің еңбек және басқада құқықтарын сақталмауы бойынша 1000 аса фактілер анықталды. Нәтижесінде 400 аса қызметшілердің құқықтары қорғалды.

Мысалы, Қостанай облысының Әдеп жөніндегі кеңесінің отырысының қорытындысы бойынша 240 қызметкерге демалыс берілген, 20 мемлекеттік қызметкерлерге демалыс күндері үшін компенсациялық төлем жасалған, Павлодар облысында Ветеринарлық қадағалау және бақылау инспекциясының 159 қызметкерлеріне демалыс күндері берілген, Батыс Қазақстан облысында 200-ден астам қызметкерге сауықтыруға арналған төлем ақылар төленген.

Әдеп жөніндегі кеңестерде мемлекеттік қызметшілерді үстеме жұмысқа тарту фактілері қаралып, орталық және аумақтық деңгейлерде барлық мемлекеттік органдарда артық жұмысқа тарту 63% азайған (12739 сағаттан 4790 сағатқа дейін).

Денсаулық сақтау министрлігінде артық жұмысқа тарту 80% азайды. 2018 жылдың қыркүйек айында артық жұмысқа тарту 3100 сағат құраса, 2018 жылдың желтоқсан айында 606 сағатты құрады.

Осындай жағдайды артық жұмысқа тарту 77 % төмендеген Ұлттық экономика министрлігінде де байқауға болады, 2018 жылдың қыркүйек айында 4970 сағат құраса желтоқсан айында 1129 сағатты құраған.

Сыртқы істер министрлігінде артық жұмысқа тарту 68% қысқарды, 2018 жылдың қыркүйегіндегі 615 болса 2018 жылдың желтоқсанында 213 сағат болған.

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінде артық жұмысқа тарту 59% қысқарған, 2018 жылдың қыркүйек айында 283 сағат болса сол жылдың желтоқсан айында 115 сағатты құраған.

Артық жұмысқа тарту бойынша осындай жағдай аймақтық деңгейлердеде байқалуда. Осылайша, Ақмола, Алматы облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында мемлекеттік қызметшілерді артық жұмысқа тарту түпкілікті жойылған.

Солтүстік Қазақстанда артық жұмысқа тарту 96% (692 сағаттан 25 сағатқа дейін), Павлодар облысында 92% (628 сағаттан 52 сағатқа дейін), Батыс Қазақстан облысында 93% (268 сағаттан 20 сағатқа дейін), Атырау облысында 90% (136 сағаттан 14 сағатқа дейін), Шығыс Қазақстан облысында (412 сағаттан 57 сағатқа дейін) және Қызылорда облысында (391 сағаттан 53 сағатқа дейін) 86% қысқарған. Сондай-ақ, Астана қаласында да артық жұмысқа тарту 78% (399 сағаттан 86 сағатқа) қысқарған.

Әдеп жөніндегі кеңестермен жүргізілетін жұмыстар қызметтік автокөліктерді жеке мақсатта пайдалану фактілерін 3 есеге азайтуға мүмкіншілік берді. Осылайша, 2017 жылы 12 факт болса, 2018 жылы 4 факті тіркелген.

Бұдан басқа, кеңес мүшелерімен 5534 азамат қабылданып (2017 жылы – 2812 азамат), мемлекеттік қызмет заңнамасын және Әдеп кодексінің талаптарын бұзу фактілерінің алдын-алу бойынша 5010 семинар – кеңестер, дөңгелек үстелдер, брифингтер, конференциялар өткізілді.

Мемлекеттік қызметкерлердің әдеп стандарттарын одан әрі жетілдіру мақсатында кеңес мүшелері БАҚ-да 8648 рет сөз сөйледі, соның ішінде 1836 телеарнада, 536 радиода, 4124 рет интернет ресурстарда жарияланып, баспа құралдарында 5152 мақала орналастырылды.

(Соңы 21-бетте)

(Соңы. Басы 19-20-беттерде)

Тәртіптік бұзушылықтардың алдын-алу мен мемлекеттік қызметшілердің құқытарын қорғау бойынша кеңеспен қатар *әдеп жөніндегі уәкілдер* ерекше орын алады.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 12 қадамының орындалуы аясында 13 орталық мемлекеттік мекемелерде, 16 облыстық әкімдік аппараттарында, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында әдеп жөніндегі уәкіл лауазымы пайда болды.

Сонымен қатар, 735 мемлекеттік органдарда әдеп жөніндегі уәкіл функциялары басшылық ететін және сыйластық пен мойындауға жеткен қызметшілерге жүктелген.

Аталған институттың тиімділігі мен ауқатылығы әдеп жөніндегі уәкілдерге түскен жүгінімдердің 3 есеге өсуін айтуға болады.

2018 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілген түсіндіру іс-шараларының саны 12 мыңнан асқан.

Ұжымдағы моральдық-психологиялық климатты бағалау және қызметтік әдеп нормаларын сақтау бойынша әдеп жөніндегі уәкілдермен 52 мыңнан астам мемлекеттік қызметкерлерді қамтыған анонимді сауалнама жүргізілді. Оның нәтижесінде ұжымдардағы жайдаларды жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізілді.

БҰҰ Даму бағдарламасы және Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің «Профессионалдық мемлекеттік аппараттың механизмін жетілдіру, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» жобасының шеңберінде жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметте әдеп нормаларының сақталуының артуы байқалуда.

Әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне сәйкес 2018 жылы әдеп жөніндегі уәкілге сенім деңгейі 79%, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызметшінің әдептілігіне және кәсіби әдептілігіне қанағаттанушылық деңгейі **азаматтарда** 70% (2017 – 70%), кәсіпкерлерде– 2018 -76% (2017 -46%) құрады.

Қол жеткізілген нәтижелерді нығайту және мемлекеттік қызметшілердің парасаттылығын одан әрі арттыру үшін мынадай шаралар жоспарланып отыр:

- әрбір мемлекеттік органның этиканы сақтау міндеттемесі туралы декларацияны қабылдауы;

-азаматтарға ашықтықтың ең жоғары деңгейін қамтамасыз ету және қарым-қатынас мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында әдеп жөніндегі кеңестердің жұмысында әлеуметтік желілер мен медиа-ресурстарды пайдалану;

- тиісті ұсыныстарды әзірлеу үшін мемлекеттік органдар бөлінісінде халықтың әдептілік деңгейіне қанағаттануын бағалау.

IV ТАРАУ. АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘЛЕУЕТІН КҮШЕЙТУ

4.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға азаматтық қоғамды тартудың негізгі тетіктері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық қоғам әлеуетін күшейтуге мүмкіндік берген ең негізгі институттар мен жобалар ретінде қоғамдық кеңестер мен арнайы мониторингтік топ, «Азаматтық бақылау», «Қоғамдық бақылау картасы» және «Қоғамдық бақылаудың интерактивтік картасы» жобаларының жұмысын ерекше атап өткен жөн.

Қоғамдық кеңестер

Халық пен мемлекеттік аппараттың нақты байланысын ұйымдастыру үшін қоғамдық кеңестер жұмыс жасауда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл олардың басым бағыты болып табылады.

2018 жылы қоғамдық кеңестермен облыс пен аудан деңгейдегі 213 әкімдерінің және 11 орталық мемлекеттік органдар мен 800 жергілікті атқарушы орган басшыларының жұмыс нәтижелері туралы есептері тыңдалды.

Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты 4 мыңға жуық нормативтік құқықтық актілердің жобалары қаралды.

Қоғамдық тыңдауға 300-ден астам әлеуметтік маңызы бар мәселе шығарылды, олардың ішінде: тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, санитарлық-эпидемиологиялық жағдай, медицин, білім беру және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері бар.

Арнайы мониторингтік топ

2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын сыртқы талдау мен бағалауға Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жанынан мемлекеттік органдар, қоғам мен БАҚ өкілдерінен тұратын Арнайы мониторингтік топ құрылды.

2017 жылы топ міндеттерінің ауқымы кеңейтіліп, тек қана консультативтік–кеңесші органнан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастырудың және жүзеге асырудың толыққанды қатысушысына айналды.

2017 және 2018 жылдары мемлекеттік органдардың аралық есептері қаралған республикалық Арнайы мониторингтік топтың 5 отырысы өткізіліп, өңірлік топтармен ортақ жұмысты үйлестіру және жүйелілік пен бірыңғай тәсілдерді орнату жөніндегі 7 селекторлық кеңес ұйымдастырылды.

«Арнайы мониторингтік топтың қоғамдық қабылдауы» аясында азаматтарды қабылдау жүргізіліп, аса өткір мәселелер топ отырысының күн тәртібіне шығарылды.

Арнайы мониторингтік топ денсаулық сақтау, білім беру, ХҚКО, Арнайы ХҚКО, мемлекеттік кіріс органдары, көші-қон қызметі, көліктік бақылау, кеден қызметі, автомобиль жолдарының жағдайы және т.б. объектілеріне қоғамдық мониторинг жүргізді.

Мониторинг қорытындысына сәйкес халыққа қызмет көрсету форматы қайта қаралды:

- азаматтарға қолайлы жағдай жасалды *(электронды кезекке арналған табло, бағдарлау, өз-өзіне қызмет көрсету, құжаттарды қабылдау және беру секторлары, күту залы, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандустар, мемлекеттік баж салығын төлеуге арналған мультикассалар, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған бейнекамералар т.б.);*

- мемлекеттік кірістер органдары мен көші-қон қызметінің жұмыс уақыты ХҚКО-ның жұмыс уақытымен бір жүйеге келтірілді;

- мемлекеттік қызметтерді алу кезіндегі делдалдар жойылды;

- қызмет көрсететін жұмыс орындары «кедергісіз» қағидаты бойынша қайта жабдықталды;

- мемлекеттік қызмет көрсетуші жергілікті атқарушы органдардың қызметтік үй-жайларына тиесілі аландар оңтайландырылды;

- электрондық кезек жүйесі енгізілді;

Сонымен қатар, колледждер мен университеттерге талапкелердің түсу мәселелеріне қатысты қоғамдық мониторинг жүргізілді. Оқуға түсуші талапкерлер үшін біліктілік талаптарының сәйкес еместігі, дұрыс емес емтихан талаптары, емтихан комиссиясының шешім қабылдау рәсімінің тиісті деңгейде ашық болмауы, сондай-ақ тәуелсіз бақылаушылардың жоқтығы анықталды.

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде Білім және ғылым министрлігі сырттай білім беруден бас тартуды жеделдетті.

Сонымен қатар, арнайы мониторингтік топтардың мүшелері колледждерде өткізілген «Таза сессия» науқанына, оқу орындарының жатақханаларында заңсыз тұрып жатқан тұлғаларды анықтау бойынша рейдтерге қатысты. Жатақханаларда бөгде адамдардың заңсыз тұруының 84 фактісі анықталды.

Арнайы мониторингтік топтармен теміржол билеттерін заңсыз алып-сату фактілерін анықтау бойынша жұмысы қоғам тарапынан кең қолдауға ие болды. Салдарынан «Жолаушылар тасымалы» АҚ компаниясы мәселелердің бар екенін мойындап, өз сервисін жақсарту бойынша қоғаммен бірлескен іс-шараларды өткізуге дайын екендігін білдірді.

Жұмыс қорытындысына сәйкес теміржол көлігі саласында көрсетілетін қызметтерге халықтың қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған «Адал жол» жобалық кеңсесі іске қосылды.

Бүгінгі күні арнайы мониторингтік топтар қоғамға танымал брендті қалыптастырып, қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың даму бағытына түзетулер енгізеді.

«Азаматтық бақылау» жобасы

«Азаматтық бақылау» жобасын іске асыру жалғасуда, оның шеңберінде азаматтар мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптары жөніндегі сұрақтар бойынша консультациялар алып жатыр.

Қоғамдық қабылдау орындарына тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жер қатынастары, білім беру, жұмысқа орналасу мәселелері бойынша 100 мыңнан астам азамат өз өтініштерін білдірді.

Сонымен қатар, 500-ден астам әлеуметтік маңызы бар және ғылыми-практикалық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мысалы, «Құпия сатып алушы» әдісімен мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен әкімшілік кедергілерді анықтауға бағытталған мониторинг жүргізілді.

«Қоғамдық бақылау картасы» жобасы

Азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша тарту үшін Агенттік «Қоғамдық бақылау картасы» жобасын іске қосып, жоба арқасында азаматтар белгілі бір мемлекеттік органға байланыстырмай-ақ кез-келген бұзушылық туралы фото материалдар жалғанған хабарламаны жолдауға мүмкіндік алды. Жоба 3 түрлі нысанда жүзеге асырылады:

– әлеуметтік желілер, Facebook, ВКонтакте, Instagram-да ашылған арнайы парақшалар және WhatsApp, Телеграм мессенджерлері, -1424 call-орталығы;

– Qamqor мобильді қосымшасы;

– аймақтық мониторингтік топтардың желілері арқылы.

Аталған жоба Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Қазақстандағы парламентаризмді дамыту қоры бірлесіп Астана қаласында «Қоғамдық бақылаудың интерактивті картасын» іске қосуы арқылы одан әрі дамыды.

Аталған карта алғаш рет халық үшін бюджет шығындары туралы маңызды мәліметтерді қолжетімді және түсінікті етіп, қоғамдық бақылаудың тиімді тетігін жасады. Карта нақты уақыт режимінде Астана қаласының әлеуметтік объектілерін салуға, жөндеуге және оларды қамтамасыз етуге жұмсалған жалпы сомасы 150 млрд.теңгеден астам бюджет қаражаты туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді көрсетеді.

Азаматтар аталған процестерді бақылауға, оларды сәйкес құжаттармен салыстырып тексеруге және сәйкессіздік орын алған жағдайда тиісті фото және бейне материалдарды қосып, уәкілетті органға хабарлауға мүмкіндік алды.

Осындай карталарды еліміздің барлық өңірлерінде енгізу жоспарланған.

Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлама

Жыл сайын Агенттіктің Call-орталығына заңнаманы түсіндіру және сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабардар өтініштерінің саны өсуде (2016ж. – 13741, 2017ж. – 21021, 2018ж. – 23000 хабарлама).

Бүгінгі күні қоғаммен өзара іс-қимылдың бұл құралы ең тиімді болып табылады. Еліміздің кез келген тұрғыны тәулік бойы «1424» нөміріне хабарласып, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлай алады, кеңес және түсініктеме ала алады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың пәрменді құралдарының бірі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған азаматтарды көтермелеу болып табылады. 2018 жылы 185 адам жалпы сомасы 27,3 млн. теңге мөлшерінде марапатталды.

Азаматтарды материалдық ынталандыру құқық бұзушылықтың ауырлығына байланысты тіркелген сомаларды белгілей отырып, Үкіметтің Қаулысы негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте сыйақының ең жоғары ықтимал сомасы аса ауыр қылмыс үшін 240 мың теңгені құрайды.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын анықтауға жәрдемдесетін азаматтарды жандандыру мақсатында сыбайлас жемқорлық туралы хабарлағаны үшін көтермелеу тетігін одан әрі жетілдіру қажеттігі туындайды.

Осы институттың рөлін күшейту үшін пара сомасына немесе келтірілген залалға байланысты сыйақы төлеуді анықтауға мүмкіндік беретін нормаларды енгізу ұсынылады. Мұндай тәсіл бірқатар шет елдерде (Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Гонконг) табысты қолданылады.

4.2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Идеологиялық жұмысты жүргізу мақсатында, Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған қызметті ұйымдастыру бойынша 2018 жылға арналған кешенді жоспар іске асырылды.

Іс-шаралар білім беру және ақпараттық жұмыстарды жүргізуге және қоғаммен өзара қарым-қатынас жасауға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топтарды тарта отырып, еліміздің барлық аудандарында 4 млн. астам адамды қамтыған 64,3 мың ұйымға, оның ішінде 1 мың шетелдік компанияларға дәрістер оқылды. Іс-шара барысында 767 арыз-шағым түсті.

2018 жылы интернет кеңістігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы қуатты құрал болды.

Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті насихаттау үшін әлеуметтік желілерде шамамен жарты миллион қаралым жинаған 94 вайн дайындалды. Сонымен қатар, 2383 әлеуметтік сұхбат ұйымдастырылды, онда қатардағы азаматтар сыбайлас жемқорлыққа қатысты өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік алды.

Қоғам мен мемлкетттің күшін біріктіру мақсатында «сыбайлас жемқорлықты жалпыға ортақ қабылдамау» аясында келесі жұмыстар жүргізілді:

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелеріне бағытталған II Республикалық кәсіпкерлер форумы аясында әлеуметтік мәні бар облыстардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша қабылданған шаралар мен жетістіктерді айқындалды;

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бастамаларға бағытталған II Конгресс аясында, жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі ережелері бекітілді;

– «Қазақстан Республикасындағы инвестициялық климат: Инвестициялық омбудсмен институты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл механизмдері» тақырыбында халықаралық бизнес-форум өтті. Нәтижесінде, бірлесе күш салу және инвестициялық тартымдылықты жақсарту мақсатында үш жақты меморандумға қол қойылып, «Protecting Business and Investmens» жобалық кеңсесі құрылды.

Өңірлік деңгейде 404 форумдар мен конференциялар, сондай-ақ, 3143 дөңгелек үстелдер өткізілді.

Республика бойынша алғаш рет «Адал жол» марафоны өткізілді, онда 216 ауданда, 1163766 адамды қамтыған 4684 іс-шара өткізілді.

«2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға «Нұр Отан» партиясы айтарлықтай үлес қосуда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі аймақтық және аумақтық қоғамдық кеңестерімен, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдармен, сондай-ақ, қоғамдық ұйымдар өкілдерімен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша 944 семинарлар мен 1834 «дөңгелек үстелдер» өткізілді.

«Жас Отан» жастар қанаты республикалық жастар ұйымымен бірлесіп қазақстандық жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзімсіздік ахуалын насихаттауда.

2018 жылы «You and Me» компаниясы тарапынан өткізілген «Сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейін анықтауға бағытталған» әлеуметтік зерттеулер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шараларының оң нәтижелерін аңғартуда.

Әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша 2018 жылы сыбайлас жемқорлыққа теріс көзқарас білдіретін азаматтардың үлесі 2016 жылғы 60,7%-дан 90,2 % өсті, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық деңгейін төмендетуге жеке үлесін қосуға дайын азаматтардың үлесі 57% құрады , ал мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлыққа тап болған азаматтардың үлесі 2016- 51,7%-дан, 13,3 %-ға төмендеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

2018 жыл Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қалыптасу және даму тарихында маңызды рөл атқарды.

Елбасының жоғары бағасы берілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жаңа тренді жобалық тәсіл мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің инновациялық әдістерін енгізу болды.

Жобалық тәсілді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы интерактивті құралдарды жаппай енгізу нәтижесінде бірқатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы осал функцияларды орындаудың ашықтығы мен жариялылығы қамтамасыз етілді, азаматтар мен бизнес өкілдерінің мемлекетпен коммуникациясы және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес процесіне тарту үшін мүлдем жаңа нысандар мен арналар құрылды.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінің инновациялық форматтарын енгізу, олардың қолжетімділігі мен ұсыну сапасын арттырды, көрсетілген электрондық қызметтердің сандық көрсеткіштері айтарлықтай өсті, қоғамның осы саланың мониторингіне және бақылауына қатысуы кеңейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды шаралар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, мемлекеттік қызмет көрсету, бизнесті қайта реттеу, мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордағы сатып алу, тариф белгілеу және денсаулық сақтау салаларындағы заңнаманы жетілдіру арқылы құқықтық деңгейде бекітілді.

Бақылау мен рұқсат беру функцияларын ауқымды оңтайландыру бизнес субъектілері үшін әкімшілік кедергілерді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді.

2018 жыл Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы мәселелеріндегі маңызды оқиғалар мен нәтижелермен атап өтілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде алдыңғы қатарлы және тиімді құралдарды белсенді енгізу және қолдану республикаға халықаралық рейтингтерде өз позицияларын сақтап қана қоймай, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалардағы өңірлік көшбасшылықты нығайтып, Орталық Азия өңіріндегі үздік нәтижелерді көрсетуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте түбегейлі өзгерістер дамыған елдерде кеңінен қолданылатын бірқатар шаралар қабылданған жағдайда ғана мүмкін болады.

Осыған байланысты, келесі мәселелерді қарастыру ұсынылады:

1) заңсыз байытқаны, пара беруге уәде бергені және ұсынғаны үшін жауапкершілік белгілеу;

2) жария құқық заңды тұлғалар институтын енгізу;

3) бақылаушы құрылымдарды тарата немесе түбегейлі қысқарта отырып, мемлекеттік бақылаудың орнына кәсіпкерлердің жауапкершілігін сақтандыруды енгізу;

4) Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобына (ГРЕКО) кіру;

5) мемлекеттік қызметшілерді парасаттылыққа тексеруді енгізу (integrity check);

6) заңнамада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған адамдарды қорғау туралы ережелерді егжей-тегжейлі регламенттеу;

7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзгеше түрде жәрдем көрсететін азаматтарды көтермелеудің сараланған жүйесін енгізу;

8) басшыларға бағынысты қызметкерлер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда олардың дербес жауапкершілігін белгілеу;

9) сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданбағаны үшін тәртіптік жауапкершілігін белгілеп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдаудың қорытындылары бойынша ұсынымдарға орындауға міндетті сипат беру;

10) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органды және оның құзыретін айқындау.

11) мүдделер қақтығысы болмаған кезде мемлекеттік қызметшілерге жұмыстан бос уақытта өзге де ақылы қызметпен айналысуға рұқсат беру;

12) рәсімнің өмірлік циклі шеңберінде «бір өтініш» қағидасына көшу жолымен мемлекеттің халықпен және бизнеспен өзара іс-қимылының белсенді форматын барынша енгізу;

13) елдің барлық өңірлерінде «Қоғамдық бақылаудың интерактивті картасын» тарату;

14) «Цифрлық агент» жүйесіне мемлекеттік құрылымдардың неғұрлым көп санын қосу;

15) қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету шеңберінде мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін қысқарту;

16) «Сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер» жобасы шеңберінде:

- мемлекеттік органдардың қызметіне тұтынушыға бағытталу қағидатын енгізу;

- кедергісіз орта құру;

- азаматтардың санасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды дамыту;

- «партиципаторлық» бюджеттеуді кеңінен тарату (халықтың бюджетті қалыптастыруға тікелей қатысуы).

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 31 қаңтар №16 Алматы қаласы

«Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу қағидаларын, Сақтандыру шартын жасасу туралы хабардар ету қағидаларын және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру шарттарын жасасуды, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдары мен интернет ресурстарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 268 қаулысына өзгеріс енгізу туралы»

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру және туристі міндетті сақтандыру бойынша сақтанушы мен сақтандырушы арасында өзара іс-қимыл жасау тәртібін жеңілдету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу қағидаларын, Сақтандыру шартын жасасу туралы хабардар ету қағидаларын және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру шарттарын жасасуды, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдары мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 268 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17824 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу мыналарды:

міндетті және ерікті сақтандыру бойынша сақтандырушының интернет-ресурсын және оның мобильдік қосымшасын (бұдан әрі – интернет-ресурс);

немесе ерікті сақтандыру бойынша тиісті келісім негізінде сақтандырушының әріптестері болып табылатын басқа ұйымдардың интернет-ресурсын (бұдан әрі – әріптестің интернет-ресурсы) пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Сақтанушы (шығу туризмі саласындағы туроператор) мен сақтандырушы арасындағы келісім бойынша туристік өнімді қалыптастыруға және өткізуге арналған сақтанушының ақпараттық жүйесі мен сақтандырушының интернет-ресурсының ықпалдасуы арқылы туристі міндетті сақтандыру шартын жасасуға қажетті ақпаратты беруге рұқсат етіледі.

Бұл ретте сақтандырушының сақтанушыға туристі міндетті сақтандыру шарттарын жасасуға және сақтанушының ақпараттық жүйесін қамтамасыз етуге немесе пысықтауға байланысты жұмыстар мен қызметтер үшін сыйақы төлеуіне жол берілмейді.».

2. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Көшербаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 14 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18311 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 31 қаңтар №17 Алматы қаласы

«Номиналды ұстаушылардың электрондық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы №27 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Номиналды ұстаушылардың электрондық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы №27 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13310 болып тіркелген, 2016 жылғы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы қаулымен бекітілген Номиналды ұстаушылардың электрондық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларында:

2-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) брокердің сауда платформасы – қор биржасының сауда жүйесінде және (немесе) халықаралық бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен операциялар туралы, қор биржасының сауда жүйесінде шетел валютасымен операциялар (қолма-қол емес шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға қатысты), клиенттің бағалы қағаздарының портфелі және өзге де қаржы құралдары туралы ақпарат, өзге де ақпарат алуды, сондай-ақ клиентке электрондық көрсетілетін қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерін қоса алғанда, брокердің бағдарламалық және техникалық құралдарының жиынтығы;»;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) сауда операциясы – брокер клиенттің тапсырмасына сәйкес мыналар бойынша жүзеге асыратын операция:

қор биржасының сауда жүйесінде және (немесе) халықаралық бағалы қағаздар нарығында брокердің сауда платформасы арқылы жүзеге асырылатын қаржы құралдарын сатып алу немесе сату;

қор биржасының сауда жүйесінде брокердің сауда платформасы арқылы жүзеге асырылатын қолма-қол емес шетел валютасын сатып алу немесе сату;

клиенттің шотынан (шотына) ақшаны есептен шығару (есепке алу);»;

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сауда операцияларын жүзеге асыру кезінде мазмұны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9249 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларымен, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібімен (бұдан әрі - № 9 Қағидалар) белгіленген деректемелерден тұратын клиенттік тапсырмаларды қалыптастыруды;»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Сауда операциясын, жеке шот бойынша операцияларын орындау кезінде брокердің сауда платформасы клиентке Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында көзделген негіздемелер бойынша осы операцияларды жасаудан бас тарту туралы хабарлама, оның ішінде мынадай талаптар орын алған кезде:

1) жеке шоттан есептен шығарылуы тиіс бағалы қағаздар саны, олар бойынша есеп айырысулар оларды жасасқан күні жүзеге асырылатын бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша осы шоттағы бағалы қағаздардың санынан артады;

2) клиенттің шотындағы ақша сомасы олар бойынша есеп айырысулар оларды жасасқан күні жүзеге асырылатын бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша сауда операцияларын жасау үшін жеткіліксіз;

3) есептен шығарылуы тиіс бағалы қағаздар, ауыртпалық түсірілген және (немесе) оқшауланған;

4) қор биржасының сауда жүйесінде қолма-қол емес шетел валютасын сатып алу немесе сату жөніндегі мәмілелер № 9 Қағидалардың 63-4-тармағында көзделген сатып алынатын қолма-қол емес шетел валютасымен толық алдын ала ақы төлеу немесе сатылатын қолма-қол емес шетел валютасымен алдын ала жеткізу талаптарына сәйкес келмейді;

5) қор биржасының сауда жүйесінде қолма-қол емес шетел валютасын сатып алу немесе сату лимиттері № 9 Қағидалардың 63-5-тармағында белгіленген лимиттерге сәйкес келмейді;

6) шартта көзделген өзге талаптар кезінде бас тарту туралы хабарлама береді.».

2. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Көшербаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18289 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 31 қаңтар №18 Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды есепке алу, сақтау, тасымалдау және инкассациялау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы №250 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8080 болып тіркелген, 2012 жылғы 28 қарашада «Егемен Қазақстан» газетінде № 778-784 (27855) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларында:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Банктердің, Ұлттық почта операторының және олардың филиалдарының кассалық операцияларды жүргізуге арналған үй-жайлары, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың және олардың филиалдарының банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау, сақтау, сондай-ақ оларды банктерге және банктердің тапсырмасы бойынша олардың клиенттеріне беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған үй-жайлары, айырбастау пунктерінің үй-жайлары:

1) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15501 болып тіркелген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентіне сәйкес бастапқы өрт сөндіру құралдарымен;

2) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14858 болып тіркелген «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сигнализациясы, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 қарашадағы №1111 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сигнализациясы, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламентіне сәйкес өрт автоматикасымен жабдықталуға тиіс.».

2. «Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды есепке алу, сақтау, тасымалдау және инкассациялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 254 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7995 болып тіркелген, 2012 жылғы 28 қарашада «Егемен Қазақстан» газетінде № 778-784 (27855) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды есепке алу, сақтау, тасымалдау және инкассациялау қағидаларында:

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Банкноттарды, монеталарды және басқа құндылықтарды инкассациялауды инкассаторлар бригадасы инкассация қызметінің мамандандырылған көлік құралында (бұдан әрі – мамандандырылған көлік құралы) жүргізеді. Инкассаторлар бригадасы үш адамнан кем болмауға тиіс.»;

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Инкассация қызметінің басшысы (кезекші инкассатор) жолға шығар алдында мамандандырылған көлік құралының ақшалай түсімді жинау бойынша жүру бағытындағы жұмысқа дайындығын (техникалық жарамдығы, қосалқы бөлшектермен жабдықталуы, жанар-жағармай материалдарының құйылуы, байланыс құралдарының, өрт сөндіру құралдарының жұмыс істеуі) тексереді және жол парағына тиісті жазба жасайды. Сондай-ақ жүргізуші-инкассатордың жүру бағытына дайындығы (нақты жай-күйі және жүргізуші құжаттарының болуы) тексеріледі.»;

28-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қару мен оқ-дәрілер ауысымға шығатын мамандандырылған көлік құралдарының жүргізушілеріне осы кітапқа қол қойғыза отырып беріледі.»;

37, 38 және 39-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Инкассаторлардың қабылдап алған құндылықтарын тасымалдау үшін оларды алып шығу құндылықтардың барлығын қабылдау аяқталғаннан кейін және инкассаторлар бригадасы жетекшісінің қатысуымен жүргізіледі. Құндылықтарды мамандандырылған көлік құралына немесе көліктің басқа түріне, бір үй-жайдан екінші үй-жайға апарғанда орындар саны саналады, ал бригаданың инкассаторлары құндылықтарды апаратын қызметкерлердің жүрген жолын көріп отыратындай етіп орналасады.

38. Құндылықтар автомобиль, темір жол және (немесе) әуе көлігімен тасымалданады.

Құндылықтарды мамандандырылған көлік құралдарымен немесе көліктің басқа түрлерімен тасымалдау осы тапсырманы орындайтын бүкіл инкассаторлар бригадасының ілесіп жүруі арқылы жүзеге асырылады. Тапсырманы орындау кезінде жүргізушінің мамандандырылған көлік құралын, көліктің басқа түрін қалдыруына жол берілмейді.

39. Құндылықтарды автомобиль көлігімен тасымалдау Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1549 тіркелген «Қазақстан Республикасында автомобильдік инкассаторлық тасымалды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 110 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында автомобильдік инкассаторлық тасымалды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта көзделген талаптарға жауап беретін мамандандырылған көлік құралдарымен жүргізіледі.

Инкассаторлардың жүру бағытынан ауытқуына (дәлелсіз себептермен), сондай-ақ мамандандырылған көлік құралында бөгде адамдарды және құндылықтарға жатпайтын жүктерді алып жүруіне тыйым салынады.»;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

(Соңы 22-бетте)

(Соңы. Басы 21-бетте)

«41. Құндылықтарды мамандандырылған көлік құралымен тасымалдау мүмкін болмаған жағдайда құндылықтарды банктің филиалдарынан темір жол және (немесе) әуе көлігімен жеткізуге және әкетуге жол беріледі. Құндылықтарды тасымалдау тікелей мақсаттағы поездарда және әуе кемелерінде жүзеге асырылады.»;

44-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«44. Инкассаторлар бригадасы темір жол вокзалына және (немесе) әуежайға мамандандырылған көлік құралдарымен барады.»;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Межелі жерге темір жол немесе әуе көлігімен келгеннен кейін құндылықтарды алатын банк инкассаторлар бригадасын мамандандырылған көлік құралдарымен күтіп алуды қамтамасыз етеді.»;

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«54. Құндылықтары бар клиентке ілесіп жүру жұмысы кезінде инкассаторлардың мамандандырылған көлік құралын тастап кетуіне жол берілмейді. Инкассаторлар құндылықтарды алуға, орауға, бір орыннан басқа орынға апаруға қатыспайды және олардың ішіндегілерінің толықтығына жауап бермейді.

Бір мамандандырылған көлік құралымен бірнеше клиентке қызмет көрсеткен кезде құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету үшін инкассаторлар бригадасының жетекшісі жүргізушімен бірге мамандандырылған көлік құралында қалады, ал инкассатор (инкассаторлар) касса үй-жайына дейін клиентке ілесіп жүреді.».

3. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (Әбішева Т.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18287 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 31 қаңтар №19 Алматы қаласы

«Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі №170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15886 тіркелген, 2017 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерінде, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерінде:

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«71. Өтімділік қалыптары орташа айлық негізде айқындалатын өтімділік коэффициенттерінің есептік мәндеріне қарамастан, өтімділік нормативтері есепті кезеңде банк кредиторлар мен салымшыларға мерзімі өткен міндеттемелер болған жағдайда орындалмаған деп есептеледі.»;

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«77. Ақшаның әкетілуі банктің мынадай міндеттемелері бойынша Қалыптарға 14-қосымшаға сәйкес Банктің ақша әкетілуі мен әкелінуінің кестесінде белгіленген әкетілу коэффициенттері қолданыла отырып, өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішіндегі ақшаның әкетілу сомасы ретінде есептеледі:

жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелер бойынша ақшаның әкетілуі (ағымдағы шоттар, талап еткенге дейінгі салымдар, мерзімді және шартты салымдар бойынша, өтеу мерзімі белгіленбеген міндеттемелер бойынша). Жеке тұлғалардың мерзімді салымдарын мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі болған жағдайда мұндай міндеттемелер олардың орындалу мерзіміне қарамастан коэффициент есебіне толық көлемде қосылады. Банк берген қарыздар бойынша қамтамасыз ету түріндегі салымдар тиісті қарыздың өтеу мерзіміне сәйкес есепке қосылады;

банк активтерімен қамтамасыз етілмеген, белгіленген орындалу мерзімі жоқ не толық орындалу мерзімі 1 (бір) айдан аспайтын немесе өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде заңды тұлғалар, шағын кәсіпкерлік субъектілері алдындағы міндеттемелер бойынша (басқа кредиторлық берешекті қоспағанда, депозиттер, кредиттер, бағалы қағаздар бойынша), оның ішінде заңды тұлғалар, шағын кәсіпкерлік субъектілердің бастамасы бойынша ақша әкетілуі;

банк активтерімен қамтамасыз етілген, орындалу мерзімі 1 (бір) айдан аспайтын немесе өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде заңды тұлғалар алдындағы міндеттемелер бойынша (басқа кредиторлық берешекті қоспағанда, депозиттер, кредиттер, бағалы қағаздар, қарыз операциялары бойынша) ақшаның әкетілуі;

егер міндеттемелерді орындау өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде көзделетін болса, толық орындалу мерзімі өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде не олардың толық орындалу мерзіміне қарамастан шартты және ықтимал міндеттемелер бойынша қосымша ақшаның әкетілуі.

Тұрақты депозиттер «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заң) 18-бабында белгіленген мөлшерде жеке тұлғалардың кепілдік берілетін депозиттерін қамтиды.

Тұрақтылығы төмен депозиттер депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңының 18-бабында белгіленген мөлшерден асатын сомада жеке тұлғалардың кепілдікті болып табылмайтын, не кепілдікті болып табылатын депозиттерін қамтиды.

Жеке тұлғалардың депозиттерін жіктеу кезінде депозиттер әрбір клиент бойынша ұлттық және шетел валюталарындағы депозиттер бойынша жеке есепке алынады.

Заңды тұлғалардың, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің алдындағы банктің активтерімен қамтамасыз етілмеген міндеттемелер бойынша ақшаның әкетілуі заңды тұлғалардың, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің алдындағы банктің қамтамасыз етілмеген міндеттемелерін және клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдарды қамтиды.

Егер клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салым шартында кем дегенде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын шарттың бұзылуы туралы алдын ала хабардар ету талабы көзделетін болса, не осы талап болмаған жағдайда шартты бұзу салым мөлшерінің 2 (екі) пайызынан асатын мөлшерде айыппұл төлеуге әкеп соқтыратын болса, клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдар ақша әкетілуінің есебіне қосылады.

Клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдар бойынша міндеттемелер клиенттің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті шоттағы ақшаның ең аз қалдығына тең мөлшерде айқындалады.

Клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдар ретінде, сондай-ақ бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін ағымдағы шоттардағы және (немесе) талап етуге дейінгі салымдардағы қаражаттың бір бөлігі танылады:

шот ашылған және клиент төлемдер және (немесе) аударымдар үшін кемінде 24 (жиырма төрт) ай немесе 24 (жиырма төрт) айдан аз қолданады;

тартылған қаражат бойынша сыйақы мөлшерлемесі:

ағымдағы шоттар бойынша – 0 (нөл) пайыздан;

талап етуге дейінгі салымдар бойынша - 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыздан аспайды.

Егер шот ашылған және төлемдер мен аударымдар үшін 24 (жиырма төрт) айдан аз қолданылатын болса, онда клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдар ретінде тану мақсатында, мынадай талаптарды қосымша қанағаттандыруы қажет:

ағымдағы шот немесе талап етуге дейінгі салым ретінде қолданылады;

банк алдында айналымдарды және (немесе) шоттағы ақшаның ең аз қалдығын қолдау жөніндегі міндеттемесі бар.

Шот ашылған және төлемдер мен аударымдар үшін 24 (жиырма төрт) айдан аз қолданылған жағдайда клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдардың мөлшері ағымдағы шоттағы немесе міндеттеменің туындаған күнінен талап етуге дейінгі салымдағы қалдықтардың орташа шамасы ретінде есептеледі.

Банк шоттағы қалдықтардың орташа шамасын есептеуге негізделген клиенттің қажеттіліктерін қанағаттандыруы үшін жеткілікті банктік шоттағы ақшаның ең аз қалдығын айқындау әдістемесін әзірлейді.

Заңды тұлғалардың алдындағы банктің активтерімен қамтамасыз етілмеген міндеттемелер бойынша, сондай-ақ бағалы қағаздар қарызының шарттары бойынша ақшаның әкетілуі бірінші және екінші деңгейлердегі сапасы жоғары өтімді активтермен қамтамасыз етілген банктің міндеттемелерін, Қалыптарға 5-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне сәйкес 20 (жиырма) пайыздан аспайтын кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының және халықаралық қаржы ұйымдарының алдындағы міндеттемелерді және қамтамасыз етілуі және бірінші немесе екінші деңгейлердегі сапасы жоғары өтімді актив болып табылмайтын өзге де міндеттемелерді қамтиды.

Шартты және ықтимал міндеттемелер бойынша қосымша ақшаның әкетілуі Қалыптарға 14-қосымшаға сәйкес Банктің ақша әкетілуі мен әкелінуінің кестесінде көзделген шартты міндеттемелер, туынды қаржы құралдарымен мәмілелер және өзге де операциялар бойынша әкетілу сомасын қамтиды. Шартты міндеттемелер, туынды қаржы құралдарымен мәмілелер және өзге де операциялар бойынша қосымша ақшаның әкетілуі мыналарды қамтиды:

шарт талаптарына сәйкес банктің ағымдағы рейтингісінен 1 (бір), 2 (екі) не 3 (үш) сатыға дейін банктің ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді кредиттік рейтингі төмендеуі қосымша қамтамасыз ету үшін өтімділікті тарту, ақша төлемі, шарт бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау түрінде қосымша қажеттілікке әкеп соғатын болса, шартты міндеттемелер, туынды қаржы құралдарымен мәмілелер және өзге де операциялар бойынша өтімділіктегі қосымша қажеттілік толық көлемде;

нарықтық құны өзгерген кезде ақша аударымы болжанатын туынды қаржы құралдары мен өзге де операциялар бойынша позицияларды нарықтық бағалаудың өзгеруіне байланысты өтімділіктегі қосымша қажеттілік. Ақшаның әкетілуі есебінде алдыңғы 24 (жиырма төрт) айдағы көрсетілген кезеңде ақшаның келуін шегергендегі ақшаның әкетілуіне тең ең көп 30 (отыз) күндік ақшаның нетто әкетілуі есепке алынады;

бірінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді актив болып табылмайтын, Қалыптарға 13-қосымшаға сәйкес Банктің сапасы жоғары өтімді активтерінің кестесінде белгіленген есептеу коэффициенті қолданыла отыра және алынған қамтамасыз ету шегеріле отырып есептелген актив құнынан 20 (жиырма) пайыз мөлшерінде банк ұсынған қамтамасыз етуді не туынды қаржы құралдарымен мәмілелер және өзге де операциялар бойынша ұсынылуға жататын қамтамасыз етуді бағалаудың (әлеуетті құнының) өзгеруіне байланысты өтімділіктегі қосымша қажеттілік. Егер қамтамасыз ету бірінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді актив болып табылса, өтімділіктегі қосымша қажеттілік талап етілмейді;

клиенттің туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша банкке берілген қамтамасыз ету бөлігін дереу қайтаруды талап ету құқығымен байланысты, берілген қамтамасыз ету көлемінің қажетті көлемінен толық асып кету көлемінде асуымен негізделген ақшаның әкетілуі;

банктің қамтамасыз етуді ұсынуы көзделетін операциялар бойынша өтімділікке деген қосымша қажеттілік және егер қамтамасыз ету ұсынылмаған жағдайда, шарттың талаптарына сәйкес қарсы агенттің қамтамасыз етуді талап ету құқығы;

қамтамасыз етуді банкпен келісусіз сапасы жоғары өтімді активтер болып табылмайтын активтерге ауыстыру көзделетін операциялар бойынша өтімділікке деген қосымша қажеттілік;

банк шығарған, активтер бойынша ақшаның келіп түсуімен қамтамасыз етілген және өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде өтеу мерзімі бар (оның ішінде ипотекалық бағалы қағаздар бойынша) бағалы қағаздар бойынша ақшаның әкетілуі;

банктің еншілес арнайы ұйымдары шығарған, күнтізбелік өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде өтеу мерзімі бар активтер бойынша ақшаның келіп түсуімен қамтамасыз етілген бағалы қағаздар бойынша ақшаның әкетілуі (ұстаушының толық немесе ішінара мөлшерде мерзімінен бұрын сатып алуға талап қою құқығы көзделетін туынды қаржы құралдарын есептегенде).

Банктің еншілес арнайы ұйымдары деп банктің кепілдігімен бағалы қағаздарды шығару және орналастыру мақсатында құрылған Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-еншілес арнайы ұйымдар және секьюритилендіру мәмілелері үшін құрылған арнайы қаржы компаниялары түсініледі.

Қосымша ақшаның әкетілуін есептеу мақсатында шартты міндеттемелер, көрсетілген міндеттемелер қайтарусыз болып табылған жағдайда, пайдаланылмаған кредиттік желілер мен өтімділік желілерін қамтиды.

Өтімділік желілері деп банктің мынадай:

клиенттің бұдан бұрын шығарған бағалы қағаздарын өтеу үшін клиентке ақша ұсыну;

бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру және (немесе) қайталама нарықта клиенттің бағалы қағаздарымен операциялар бойынша міндеттемелер шеңберінде клиенттің бағалы қағаздарын сатып алу міндеттемелері түсініледі.

Қосымша ақшаның әкетілуін есептеу мақсатында шартты міндеттемелер өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде орындалуға жататын шығарылған бағалы қағаздар бойынша клиент міндеттемесінің мөлшерінен аспайтын мөлшердегі өтімділік желілері ретінде қосылады. Пайдаланылмаған шартты міндеттеменің қалған бөлігі, сондай-ақ қаржылық емес ұйымдарға айналым қаражатын толықтыруға берілген міндеттемелер кредиттік желілер ретінде шартты міндеттемелер бойынша қосымша ақшаның әкетілу есебіне қосылады.

Пайдаланылмаған кредиттік желілер мен өтімділік желілері қамтамасыз етуге берілген не қамтамасыз етуге берілуге жататын және мынадай талаптардың әрқайсысын қанағаттандыратын активтерді шегеру ескеріле отырып, қосымша ақшаның әкетілу есебіне қосылады:

бірінші және екінші деңгейлердегі сапасы жоғары өтімді активтер болып табылады;

банктің сапасы жоғары өтімді активтерінің құрамына енгізілмеген;

қайтарымдылық негізінде жасалатын операцияларды жүргізу үшін қолжетімді;

мерзімінен бұрын қайтару туралы талап қою құқығы жоқ.

Қалыптарға 14-қосымшаға сәйкес Банктің ақша әкетілуі мен әкелінуі кестесінің 20, 21, 22, 23, 24, 25 және 26-жолдарында ескерілмеген өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде жеке тұлғалар және қаржылық емес ұйымдар алдындағы міндеттемелер бойынша қосымша ақшаның әкетілулері өтімділікті өтеу коэффициентін есептеу күнінен кейінгі күнтізбелік ай ішінде жеке тұлғалар және қаржылық емес ұйымдардан ақшаның келуінің 50 (елу) пайызынан асатын болса, асып кету сомасы Қалыптарға 14-қосымшаның Банктің ақша әкетілуі мен әкелінуі кестесінің 29-жолына сәйкес 100 (бір жүз) пайыз ақшаның әкетілу коэффициенті қолданыла отырып ақшаның әкетілуінде есепке алынады.»;

80-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«80. Нетто тұрақты қорландыру коэффициенті қолжетімді тұрақты қорландырудың талап етілетін тұрақты қорландыруға қатынасы ретінде есептеледі.

Қолжетімді тұрақты қорландырудың мөлшері бухгалтерлік баланс деректеріне сәйкес міндеттемелер мен Қалыптардың 7-тармағында көрсетілген оң айырмаларды және Қалыптардың 11-тармағында көрсетілген инвестицияларды шегергенге дейінгі меншікті капиталдың Қалыптарға 15-қосымшаға сәйкес Қолжетімді тұрақты қорландыру міндеттемелерінің кестесінде белгіленген қолжетімді тұрақты қорландыру коэффициенттеріне көбейтілген сома ретінде есептеледі.

Жеке тұлғалардың депозиттері Қалыптардың 77-тармағының екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес тұрақты және аздап тұрақсыз сияқты қолжетімді тұрақты қорландырудың есебіне кіргізіледі.

Клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдар ретінде ағымдағы шоттар және Қалыптардың 77-тармағының сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктеріне сәйкес келетін талап еткенге дейінгі салымдар танылады.

Талап етілетін тұрақты қорландырудың мөлшері жиынтығында Қалыптарға 16-қосымшаға сәйкес Талап етілетін тұрақты қорландыру активтерінің кестесінде белгіленген талап етілетін тұрақты қорландыру коэффициенттеріне көбейтілген бухгалтерлік баланс деректеріне сәйкес активтер және Қалыптарға 17-қосымшаға сәйкес Талап етілетін тұрақты қорландырудың шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесінде белгіленген талап етілетін тұрақты қорландыру коэффициентіне көбейтілген талап етілетін тұрақты қорландырудың шартты және ықтимал міндеттемелері ретінде есептеледі.»;

15-қосымшаға сәйкес Қолжетімді тұрақты қорландыру міндеттемелерінің кестесі осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымшаға сәйкес Талап етілетін тұрақты қорландыру активтерінің кестесі осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

17-қосымша сәйкес Талап етілетін тұрақты қорландырудың шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесі осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Сәлімбаев Д.Н.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулыға 1-қосымшаның 10-жолын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті ____________________
2019 жылғы «___» ____________

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы №19 қаулысына 1-қосымша

Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелеріне, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшеріне және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттеріне 15-қосымша

Қолжетімді тұрақты қорландыру міндеттемелерінің кестесі

№	Баптар атауы	Қолжетімді тұрақты қорландыру коэффициенті, пайызбен
1	Меншікті капитал Қалыптардың 7 және 11-тармақтарында белгіленген шегерімдерге дейін қосылады (1 (бір) жылдан аз өтеу мерзімі бар екінші деңгейдегі капитал құралдарын қоспағанда)	100
2	Капиталдың өзге құралдары және 1 (бір) жыл және одан көп қалған өтеу мерзімі бар міндеттемелер	100
3	Тұрақты депозиттер	95
4	Аздап тұрақсыз депозиттер	90
5	Қаржылық емес ұйымдар берген 1 (бір) жылдан аз қалған өтеу мерзімі бар міндеттемелер	50
6	Клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдар	50
7	Шет мемлекеттердің орталық үкіметтері, шет мемлекеттердің жергілікті билік органдары және халықаралық қаржы ұйымдары ұсынған 1 (бір) жылдан аз қалған өтеу мерзімі бар міндеттемелер	50
8	Заңды тұлғалардың салымдарын қоса алғанда 6 (алты) айдан көп және 1 (бір) жылдан аз қалған өтеу мерзімі бар міндеттемелердің өзге түрлері	50
9	Заңды тұлғалардың 6 (алты) айдан аз қалған өтеу мерзімі бар салымдары	0
10	Заңды тұлғалардың шартсыз мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі бар салымдары	0
11	Өзге міндеттемелер, оның ішінде мерзімсіз міндеттемелер (мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемелері үшін ерекше режим белгілеумен)	0
12	Егер міндеттемелер мөлшері туынды қаржы құралдары бойынша активтердің мөлшерінен асқан жағдайда, туынды қаржы құралдары бойынша активтерді шегергенде туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер бойынша нетто тұрақты қорландыру коэффициенті	0
13	Сатып алу күнінде қаржы құралдарын, шетел валютасын сатып алудан туындайтын төлемдер	0

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы №19 қаулысына 2-қосымша

Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелеріне, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшеріне және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттеріне 16-қосымша

Талап етілетін тұрақты қорландыру активтерінің кестесі

№	Баптар атауы	Талап етілетін тұрақты қорландыру коэффициенті, пайызбен
1	Қолма-қол ақша	0
2	Ұлттық Банкке қойылатын талаптар	0
3	6 (алты) айдан аз қалған өтеу мерзімі бар шет мемлекеттердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	0
4	Сату күнінде қаржы құралдарын, шетел валютасын сатудан туындайтын ақшаның келуі	0
5	Ұлттық Банктегі ақша қаражатын және резервтерді қоспағанда, ауыртпалық салынбаған бірінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді активтер	5
6	Қаржы ұйымдарына берілген 6 (алты) айдан аз қалған өтеу мерзімі бар, банк кепілге қайта беруі мүмкін бірінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді активтермен қамтамасыз етілген, ауыртпалық салынбаған қарыздар	10
7	Қаржы ұйымдарына берілген 6 (алты) айдан аз қалған өтеу мерзімі бар, ауыртпалық салынбаған өзге қарыздар	15
8	Ауыртпалық салынбаған екінші деңгейдегі сапасы жоғары өтімді активтер	15
9	Өтеуге дейін 1 (бір) жылдан аз қалған мерзімі бар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына берілген қарыздар, Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген қарыздар	25
10	Өтеуге дейін 1 (бір) жыл және одан көп қалған мерзімі бар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына берілген қарыздар, Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген қарыздар	30
11	6 (алты) айдан көп және 1 (бір) жылдан аз кезеңге ауыртпалық салынған сапасы жоғары өтімді активтер	50
12	6 (алты) айдан көп және 1 (бір) жылдан аз қалған өтеу мерзімі бар қаржы ұйымдарына, шет мемлекеттердің орталық банктеріне берілген қарыздар	50
13	Басқа банктердегі клирингтік, кастодиандық қызметпен, клиенттің өтімділігін басқару қызметімен байланысты салымдар	50
14	Қаржылық емес ұйымдарға қарыздарды, тұтынушылық қарыздарды, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, сапасы жоғары өтімді активтер болып табылмайтын, 1 (бір) жылдан аз қалған өтеу мерзімі бар өзге активтер	50
15	1 (бір) жыл және одан көп қалған өтеу мерзімі бар, 35 (отыз бес) пайыздан көп емес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін ауыртпалық салынбаған ипотекалық кредиттер	65
16	1 (бір) жыл және одан көп қалған өтеу мерзімі бар, 35 (отыз бес) пайыздан көп емес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін, қаржы ұйымдарына берілген қарыздарды қоспағанда, ауыртпалық салынбаған өзге қарыздар	65
17	Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша бастапқы маржа ретінде қамтамасыз ету болып табылатын ақша, бағалы қағаздар мен өзге активтер, орталық қарсы агентке міндетті төлем ретінде берілген ақша немесе өзге активтер	85
18	Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар қарыздарды қоспағанда, қаржы ұйымдарына берілген қарыздарды қоспағанда, 35 (отыз бес) пайыздан көп кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін және 1 (бір) жыл және одан көп қалған өтеу мерзімі бар ауыртпалық салынбаған кредиттер	85
19	1 (бір) жыл және одан көп қалған өтеу мерзімі бар, сапасы жоғары өтімді активтер болып табылмайтын және қор биржаларында айналыстағы ауыртпалық салынбаған бағалы қағаздар (акциялар)	85
20	Тазартылған алтынды қоса алғанда, қор биржаларында айналыстағы тауарлар	85
21	1 (бір) жыл және одан көп кезеңге ауыртпалық салынған активтер	100
22	Егер активтердің мөлшері туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің мөлшерінен асқан жағдайда, туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді шегергенде, туынды қаржы құралдары бойынша активтер бойынша нетто тұрақты қорландыру коэффициенті	100
23	1 (бір) жыл және одан көп қалған өтеу мерзімі бар қаржы ұйымдарына берілген жұмыс істемейтін кредиттерді, қарыздарды қоса алғанда, өзге активтер	100
24	Қор биржаларында айналыста жоқ акциялар, материалдық активтер, банктің меншікті капиталынан шегерілген баптар, жинақталған сыйақы, сақтандыру активтері, еншілес ұйымдардағы үлес, мерзімі өткен борыш бойынша пайыздық мөлшерлеме	100

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы №19 қаулысына 3-қосымша

Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелеріне, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшеріне және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттеріне 17-қосымша

Талап етілетін тұрақты қорландырудың шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесі

№	Баптар атауы	Талап етілетін тұрақты қорландыру коэффициенті, пайызбен
1	Кез келген клиенттерге берілген қайтарып алынбайтын және шартты-қайтарып алынатын кредиттік желілер мен өтімділік желілері (пайдаланылмаған көлемнің үлесі)	5
2	Мынадай құралдарды қоса алғанда, өзге міндеттемелер: шартсыз қайтарып алынатын кредиттік желілер мен өтімділік желілері; сауданы қаржыландыру бойынша міндеттемелер (кепілдіктер мен кепілдемелерді қоса алғанда); тауарлар мен қызметтердің экспортын және импортын қаржыландыруға байланысты емес кепілдіктер мен кепілдімелер; банк шығарған немесе құрылымдандырылған өнімдермен байланысты борышты сатып алуға ықтимал талаптарды қоса алғанда, келісімшарттық емес міндеттемелер	5

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18284 болып енгізілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 7 ақпан №26 Алматы қаласы

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі №71 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11534 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 3-қосымшаға сәйкес бекітілген «Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 6-қосымшаға сәйкес бекітілген «Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттарды қабылдау және беру бойынша қызмет көрсетуінің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы үміткерлер тағайындалған (сайланған) күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешікпейтін мерзімде оларды келісу үшін көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың толық топтамасын (үміткерлерді, жауапты адамдарды, байланыс телефондарының нөмірлерін және электрондық пошта мекенжайларын көрсетіп) ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 9-1 және 10-тармақтарында көзделген құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші үміткерді келісу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады және 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге құжаттардың топтамасын қараусыз қайтарады.

Ұсынылған құжаттар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 9-1 және 10-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші оларды жою және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсыну үшін ескертулермен көрсетілетін қызметті алушыға хат жібереді. Бұл ретте уәкілетті органның үміткерді келісуге арналған құжаттарды қарау мерзімі үзілмейді.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерінің, холдингтің, Қордың басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру кезінде ақылы негізде көрсетіледі. Алымның мөлшерлемесі 25 (жиырма бес) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Мемлекеттік қызмет бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алудан үміткер немесе лицензиялары бар заңды тұлғалардың, орталық депозитарийдің

(Жалғасы 23-бетте)

(Жалғасы. Басы 22-бетте)

басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру кезінде тегін көрсетіледі.

Алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

9-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

5) тармақшада:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«5) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14784 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 305 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларына және келісім алу үшін қажетті құжаттардың тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Басшы қызметкерлердің құрамындағы өзгерістер туралы мәліметтер ұсынылғанға дейін өтініш жасаған жағдайда, үміткердің тағайындалған (сайланған) күні көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының шешімінен үзінді-көшірме не үміткерді тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі.»;

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының шешімінен үзінді-көшірме осы құжатқа қол қоюға уәкілетті қызметкердің (қызметкерлердің) қолымен куәландырылады және үзінді-көшірменің дұрыс екендігі көрсетіледі;»;

7), 9) және 10) тармақшалар алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған, бірнеше парақтан тұратын құжаттар нөмірленген және соңғы парақтың сырт жағына жапсырылған жапсырмада тігілген парақтардың саны көрсетіліп тігілген, көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын адамның) не оның міндеттерін орындайтын адамның (міндеттерді орындаудың жүктелгені туралы растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып) қолымен расталған күйінде ұсынылады.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды қоспағанда, құжаттардың көшірмелері олардың дұрыстығы көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті алушының лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын адамның) не оның міндеттерін орындайтын адамның (міндеттерді орындаудың жүктелгені туралы растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып) қолымен расталады.»;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, холдингтің, Қордың басшы қызметкерін келіскен кезде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініш жасаған кезде «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, холдингтің, Қордың басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісім бергені үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі қосымша ұсынылады.»;

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) электрондық сұрау салуға қоса берілетін («электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда), осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 4), 5), 6), 8), 11) және 12) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) және 9-1-тармағында көрсетілген құжаттар. Көрсетілетін қызметті алушы – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алудан үміткер немесе лицензиялары бар заңды тұлғалар, орталық депозитарий өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсетілген жағдайда, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында көзделген құжат ұсынылмайды.»;

11-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Банктер туралы заңның 20-бабының 8-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабының 8-тармағында, Кепілдік беру қоры туралы заңның 4-1-бабының 4-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабының 7-тармағында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабының 6-тармағында белгіленген негіздер;»;

қосымшаға сәйкес нысан бойынша Басшы қызметкердің лауазымына үміткер туралы мәліметтер осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 9-қосымшаға сәйкес бекітілген «Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі алымның мөлшерлемесі:

1) жеке тұлғалар үшін – 100 (бір жүз) айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);

2) заңды тұлғалар үшін – 500 (бес жүз) АЕК-ті құрайды.

Алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 20 және 21-тармақтарында көзделген жағдайларда көрсетілетін қызметті берушіге банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді алу үшін өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін «электрондық үкімет» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі қосымша ұсынылады.»;

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) көрсетілетін қызметті алушының тиісті органының банктің акцияларын иелену туралы шешімінің көшірмесі.

Егер көрсетілетін қызметті алушы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 61-4 және 61-11-баптарында көзделген операцияны жүзеге асырған банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуші банк немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті-қаржы ұйымы болып табылса, көрсетілетін қызметті алушы органының банктің акцияларын иелену туралы шешімінің көшірмесі ұсынылады;»;

11-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) «Банктер туралы заңның 17-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тізбесін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) белгілейтін халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірі тағайындаған көрсетілетін қызметті алушының кредиттік рейтингі туралы мәліметтер.»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Көрсетілетін қызметті алушы порталға өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға:

мыналарда:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 3), 4), 5), 8) және 9) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 6) және 7) тармақшаларында (электрондық құжаттар түрінде) және 9-1-тармағында («электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде) көрсетілген құжаттар;

3) егер көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмай, сыйға тарту шарты негізінде банктің ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келген жағдайда, ол тиісті мәртебені иелену туралы өтінішті берген кезде:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 21-тармағында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар қосымша ұсынылады;

4) банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін көрсетілетін қызметті алушы-Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға:

мыналарда:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында («электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде), 10-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 4) және 10) тармақшаларында (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттар;

5) орналастырылған (артықшылық берілген және банк сатып алған) акциялардың 25 (жиырма бес) немесе одан көп пайызын құрайтын иелену үлесімен банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге ниет білдіретін көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғалар, сондай-ақ банк холдингі мәртебесін иеленуге ниет білдіретін көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғалар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 9-1, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 21-тармақтарында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге қоса бизнес-жоспарын (PDF форматындағы құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);

6) көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушы, банк холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бірмезгілде алу үшін электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында («электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде) және 13-тармағында көрсетілген (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) құжаттарды ұсынады;

7) Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғасы болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бірмезгілде алу үшін:

мыналарда:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында («электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағының 4) және 10) тармақшаларында (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттарды ұсынады;

8) банк холдингі мәртебесін алуға ниет білдірген көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1, 10, 11 және 12-тармақтарында көзделген құжаттар мен мәліметтерден басқа осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 17-тармағында көрсетілген, электрондық сұрау салуға қоса берілетін құжаттарды (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) ұсынады.

Жеке басты куәландыратын, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға не көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғаның басшы қызметкері:

бұдан бұрын, уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға апарған банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін, не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымын басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, қаржы ұйымының ірі қатысушысы - жеке тұлға, ірі қатысушысы (банк холдингі) - заңды тұлғаның басшысы болған. Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға апарған банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін, не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады. Бұл талап көрсетілген банктердің акцияларын Банктер туралы заңның 17-2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі не ұлттық басқарушы холдинг иеленгенге дейін тағайындалған (сайланған) басшы қызметкерлерді қоспағанда, дауыс беретін акцияларының 50 (елу) және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама түрде тиесілі, өздеріне қатысты Банктер туралы заңға сәйкес қайта құрылымдау жүзеге асырылған банктердің басшы қызметкерлеріне қолданылмайды;

осы және (немесе) өзге де қаржы ұйымында басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісім кері қайтарып алынған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алу туралы шешімді қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы 12 (он екі) ай ішінде қолданылады. Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған не тағайындалған (сайланған) күнге дейін 3 (үш) жыл бойы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған адам да көрсетілетін қызметті алушының (лицензиаттың) басшы қызметкері болып тағайындалмайды (сайланбайды);

бұдан бұрын, қатарынан 4 (төрт) және одан да көп кезең ішінде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не өзі бойынша дефолтқа жол берілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу жөніндегі берешек сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері төлеу күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын соманы құрайтын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушысының (ірі акционерінің) - заңды тұлғасының - эмитенттің ірі қатысушы (ірі акционері) - жеке тұлғасы, басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болған адам банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап осы тармақшада көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады;

2) көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жағдайының тұрақсыздығы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мына талаптардың бірінің болуы көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйі тұрақсыздығының белгісі болып табылады:

көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлға өтініш берген күнге дейін 2 (екі) жылдан аз уақыт бұрын құрылған;

көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелері акцияларға орналастырылған активтер сомасын және басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін шегергенде оның активтерінен және банктің иеленуге болжанатын акцияларынан асып кетеді;

аяқталған әрбір 2 (екі) қаржы жылының нәтижелері бойынша зиян;

көрсетілетін қызметті алушы міндеттемелерінің мөлшері банктің қаржылық жай-күйі үшін айтарлықтай тәуекел туындатады;

көрсетілетін қызметті алушының банк алдында мерзімі өткен және (немесе) банк балансына жатқызылған берешегінің болуы;

көрсетілетін қызметті алушының банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдау көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауын болжайды;

көрсетілетін қызметті алушының мүлкінің құны (көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелерін шегергенде) банктің акцияларын иелену үшін жеткіліксіз болса;

көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйі тұрақсыз екендігін және (немесе) банкке және (немесе) оның депозиторларына шығын келтіруі мүмкін екендігін білдіретін өзге негіздер;

3) көрсетілетін қызметті алушы банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылуы;

4) банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иелену бойынша мәміледе иеленуші тарап тізбесін уәкілетті орган белгілейтін, оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға (оның ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылатын жағдайлар;

5) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген банктің ірі қатысушыларына және банк холдингтеріне қойылатын өзге де талаптарды сақтамауы;

6) көрсетілетін қызметті алушының банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдау банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауын болжаса;

7) Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы-көрсетілетін қызметті алушыда шыққан елінің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру өкілеттіктерінің болмауы;

8) банктің орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын тікелей иеленуші немесе ең төменгі талап етілетін рейтингі бар банктің дауыс беретін 10 (он) немесе одан да көп акцияларымен дауыс беру мүмкіндігіне немесе банктің ірі қатысушысы болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасының акцияларын (қатысу үлестерін) иелену (дауыс беру) арқылы банктің орналастырылған акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызын жанама иеленуді немесе банктің дауыс беретін акцияларының 10 (он) немесе одан да көп акцияларымен жанама дауыс беруді көздейтін Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасы үшін аталған рейтингтің болуы талап етілмеген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғасы-көрсетілетін қызметті алушыда тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының 3-тармағында көзделген халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі қажет етілетін рейтингінің болмауы;

9) банктің қаржылық жай-күйі ықтимал нашарлаған жағдайда банкті қайта капиталдандырудың ұсынылған жоспарының тиімсіз болуы;

10) көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғада, көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғаның басшы қызметкерінде мінсіз іскерлік беделдің болмауы;

11) көрсетілетін қызметті алушы бұрын уәкілетті орган банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде ірі қатысушы - жеке тұлға не ірі қатысушы - заңды тұлғаның бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының басшы қызметкері болып табылған не болып табылатын жағдайлар. Көрсетілген талап уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;

12) көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлға орналасқан елдің қаржы ұйымдарын шоғырландырылған қадағалау саласындағы заңнаманың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген шоғырландырылған қадағалау жөніндегі талаптарға сәйкес келмеуі;

13) Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымдары болып табылатын ірі қатысушы-заңды тұлғалар және банк холдингтері бойынша – уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган мен көрсетілетін қызметті алушы резидент болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органдары арасында ақпарат алмасуды көздейтін келісімнің болмауы;

14) көрсетілетін қызметті алушы қаржы ұйымы өзі орналасқан елде шоғырландырылған негізде қадағалауға жатпайтын жағдайлар;

15) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк конгломератына қатысушылар орналасқан елдің заңнамасы олардың және банк конгломератының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптарды орындауына мүмкіндік бермейтіндігіне байланысты банк конгломератына шоғырландырылған қадағалау жүргізудің мүмкін болмауы;

16) банкті ашуға рұқсат беруден бас тарту үшін негіздердің болуы мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тартуға негіз болып табылады.

Егер банк холдингі мәртебесін алғысы келетін тұлға еншілес қаржы ұйымын құратын немесе сатып алатын не қаржы ұйымының капиталына қомақты қатысуды сатып алатын жағдайда, уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды қарау кезінде Банктер туралы заңның 11-1-бабының 6-тармағында көзделген бас тарту негіздерін ескереді. Еншілес ұйым құруға (сатып алуға), ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруден бас тартуға негіздері болған кезде, уәкілетті орган банк холдингі немесе банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беруден бас тартады.»;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға, көрсетілетін қызметті алушы - заңды тұлғаның басшы қызметкері туралы қысқаша деректер осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлғаның, көрсетілетін қызметті алушы - заңды тұлғаның басшы қызметкерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушының кірісі және мүлкі туралы мәліметтер, сондай-ақ барлық міндеттемелері бойынша берешегінің болуы туралы ақпарат осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 10-қосымшаға сәйкес бекітілген «Сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі алымның мөлшерлемесі жеке және заңды тұлғалар үшін 50 (елу) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 және 20-тармақтарында көзделген жағдайларда көрсетілетін қызметті берушіге сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді алу үшін өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін «электрондық үкімет» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі де ұсынылады.»;

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) көрсетілетін қызметті алушының тиісті органының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын иелену туралы шешімінің көшірмесі;»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Көрсетілетін қызметті алушы порталға өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлға:

мыналарда:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 6) және 7) тармақшаларында (электрондық құжат түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында (құжаттардың PDF форматындағы электрондық көшірмелері түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында («электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде) көрсетілген құжаттарды;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін көрсетілетін қызметті алушы - Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғасы:

мыналарда:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында («электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде) көрсетілген құжаттарды;

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 4) тармақшасында (электрондық құжат түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында (құжаттардың PDF форматындағы электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттарды;

4) бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бірмезгілде алу үшін көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында («электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде) және 14-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында (құжаттардың PDF форматындағы электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар;

5) Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғасы болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге келісімді бірмезгілде алу үшін:

мыналарда:

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында («электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде) көрсетілген құжаттарды;

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағының 4) тармақшасында (электрондық құжат түрінде);

электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттарды;

6) орналастырылған акциялардың (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алған акцияларды қоспағанда) 25 (жиырма бес) немесе одан көп пайызын иелену үлесімен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге ниетті көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлғалар, сондай-ақ сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге ниетті көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлғалар Заңның 26-бабында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге қоса осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 18-тармағында көрсетілген құжаттарды (электрондық құжаттар түрінде) да ұсынады, олар электрондық сұрау салуға қоса беріледі;

7) егер көрсетілетін қызметті алушы-жеке тұлға уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмай, сыйға тарту шарты негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келген жағдайда, ол тиісті мәртебені иелену туралы өтініш берген кезінде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 19-тармағында көрсетілген құжаттарды (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) да ұсынады, олар электрондық сұрау салуға қоса беріледі;

8) сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге ниетті көрсетілетін қызметті алушы (Қазақстан Республикасының резиденті) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1, 10, 18 және 20-тармақтарында көрсетілген құжаттар мен мәліметтермен қатар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 21-тармағында көрсетілген құжаттарды (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) ұсынады, олар электрондық сұрау салуға қоса беріледі.

Жеке басты куәландыратын, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.»;

24-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ұсынылған құжаттардың осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9, 9-1, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22 және 23-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі не уәкілетті органның ұсынылған құжаттар бойынша ескертулерін ол белгілеген мерзімде жоймау;»;

2) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бұдан бұрын, уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға апарған банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін, не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымын басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, қаржы ұйымының ірі қатысушысы - жеке тұлға, ірі қатысушысы (сақтандыру холдингі) - заңды тұлғаның басшысы болған. Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржы ұйымын мәжбүрлеп таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруын тоқтатуға апарған банктерді төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін, не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жағдайының тұрақсыздығы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мына талаптардың бірінің болуы көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйі тұрақсыздығының белгісі болып табылады:

көрсетілетін қызметті алушы-заңды тұлға өтініш берген күнге дейін 2 (екі) жылдан аз уақыт бұрын құрылған;

көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелері акцияларға орналастырылған активтер сомасын және басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін шегергенде оның активтерінен және банктің иеленуге болжанатын акцияларынан асып кетеді;

аяқталған әрбір 2 (екі) қаржы жылының нәтижелері бойынша зиян;

көрсетілетін қызметті алушы міндеттемелерінің мөлшері банктің қаржылық жай-күйі үшін айтарлықтай тәуекел туындатады;

көрсетілетін қызметті алушының банк алдында мерзімі өткен және (немесе) банк балансына жатқызылған берешегінің болуы;

көрсетілетін қызметті алушының банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдау көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауын болжайды;

көрсетілетін қызметті алушының мүлкінің құны (көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелерін шегергенде) банктің акцияларын иелену үшін жеткіліксіз болса;

көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйі тұрақсыз екендігін және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) оның клиенттеріне шығын келтіруі мүмкін екендігін білдіретін өзге негіздер;»;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) көрсетілетін қызметті алушы бұрын уәкілетті орган банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде ірі қатысушы - жеке тұлға не ірі қатысушы - заңды тұлғаның бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының басшы қызметкері болып табылған не болып табылатын жағдайлар.

Көрсетілген талап уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;»;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлға, көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлғаның басшы қызметкері туралы қысқаша деректер осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлғаның, көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлғаның басшы қызметкерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушының кірісі және мүлкі туралы мәліметтер, сондай-ақ барлық міндеттемелері бойынша берешегінің болуы туралы ақпарат осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 12-қосымшаға сәйкес бекітілген «Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде – олар мемлекеттік тіркеуге ұсынылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің және құжаттар берудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету үшін көзделген құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдаудан бас тартады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім бар еркін нысанда жасалған өтініш;

2) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген жағдайда құрылтай жиналысының (жалғыз құрылтайшысы шешімінің) немесе акционерлердің жалпы жиналысының (барлық дауыс беретін акцияларын иемденетін акционер шешімінің) жарияланған акциялар шығарылымы туралы хаттамасының көшірмесі;

3) Заңның 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген жағдайда жарияланған акциялар шығарылымын жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің көшірмесі;

4) көрсетілетін қызметті алушы жарғысының (бар болса) көшірмесі;

5) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша жарияланған акциялар шығарылымының проспектісі;

6) акционерлік қоғам құрылтайшыларының арасында орналастырылған, жарияланған акциялардың төленгенін растайтын құжаттар;

7) акцияларды көрсетілетін қызметті алушы ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесі.

«Акционерлік инвестициялық қордың жария етілген акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттардан басқа акционерлік инвестициялық қор акционерлік инвестициялық қордың басқарушы компаниямен шарттардың жобаларын, сондай-ақ акционерлік инвестициялық қор құрылтайшыларының жалпы жиналысы не жалғыз құрылтайшысы бекіткен инвестициялық декларацияны қосымша ұсынады.»;

(Жалғасы 24-бетте)

(Жалғасы. Басы 22-23-беттерде)

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2), 3), 4), 6), 7) (электрондық сұрау салуға қоса берілетін, құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) және 5) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес мәліметтердің электрондық нысаны түрінде) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.»;

қосымшаға сәйкес Жарияланған акциялар шығарылымының құрылымы осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 13-қосымшаға сәйкес бекітілген «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 14-қосымшаға сәйкес бекітілген «Инвестициялық пай қорлары пайларының шығарылымын мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде – олар мемлекеттік тіркеуге ұсынылған күннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім бар еркін нысанда жасалған өтініш;

2) басқарушы компанияның жарғысына сәйкес оның директорлар кеңесі немесе акционерлерінің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші жалғыз акционері) қабылдаған инвестициялық пай қорын құру туралы шешімнің көшірмесі;

3) басқарушы компанияның жарғысына сәйкес оның директорлар кеңесі немесе акционерлерінің жалпы жиналысы (дауыс беретін барлық акцияларды иеленуші жалғыз акционері) бекіткен қор қағидалары (екі данада);

4) егер көрсетілген құжаттар бұрын көрсетілетін қызметті берушімен келісілмеген болса, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін басқарушы компания қызметінің талаптары мен тәртібін, басқарушы компания құрылымдық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің инвестициялық пай қорын құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі және жұмысын тоқтату бойынша қызметін регламенттейтін ішкі құжаттары (екі данада).

Порталда:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) электрондық сұрау салуға қоса берілетін осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) (құжаттардың PDF форматындағы электрондық көшірмелері түрінде), 4) тармақшаларында (электрондық құжаттар түрінде) көрсетілген құжаттар.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.»;

көрсетілген қаулыға 15-қосымшаға сәйкес бекітілген «Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің және құжаттар берудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету үшін көзделген құжаттардың толтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдаудан бас тартады.»;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысанда жасалған ілеспе хат;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес Көрсетілетін қызметті алушының акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есептің құрылымына сәйкес жасалған және ресімделген көрсетілетін қызметті алушының акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп;

3) көрсетілетін қызметті алушы акцияларының төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) акцияларды орналастырудың есепті кезеңі аяқталған айдың немесе көрсетілетін қызметті алушының барлық жарияланған акцияларды орналастырылған кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасалған шоғырландырылмаған қаржылық есептілік.»;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 24-қосымшаға сәйкес бекітілген «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 26-қосымшаға сәйкес бекітілген «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банк операцияларына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензияның берілгені үшін лицензиялық алым (әрбір банктік операция үшін жеке) төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия берілгені үшін лицензиялық алым 400 (төрт жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

9-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 4), 5), 6), 9) және 10) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 7) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі штат кестесі) тармақшаларында көрсетілген құжаттар;»;

16-тармақтың 1) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз ету;»;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ислам банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өтініш осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 28-қосымшаға сәйкес бекітілген «Банктерге банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензияның берілгені үшін лицензиялық алым төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия берілгені үшін лицензиялық алым 800 (сегіз жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды (әрбір банктік операция үшін жеке);

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

9-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) электрондық сұрау салуға қоса берілетін, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3), 4), 5), 6), 9) және 10) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 7) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі штат кестесі) тармақшаларында көрсетілген құжаттар;»;

16-тармақтың 1) тармақшасының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз ету;»;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өтініш осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 30-қосымшаға сәйкес бекітілген «Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш бергенде:

лицензияны берген кезде – 1 (бір) ай ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензияның берілгені үшін лицензиялық алым төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия берілгені үшін лицензиялық алым 10 (он) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 (бір жүз) пайызын құрайды.

Алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензияның телнұсқасын беру кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымды төлеу туралы құжат (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде).

Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеген кезде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымды төлеу туралы құжат (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);

3) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпараты бар құжаттардың көшірмелері (құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) ұсынылады.»;

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

«12-1. Жеке басын куәландыратын құжаттар, лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Мыналар:

1) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

2) Заңның 60-бабы 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензиядан айыру туралы деректердің болуы;

3) көрсетілетін қызметті беруші жүргізген тестілеудің теріс нәтижесі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.»;

1-қосымшаға сәйкес Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 31-қосымшаға сәйкес бекітілген «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде:

лицензия берген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушыны бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда, лицензияны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін мынадай лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды (әрбір сақтандыру сыныбы үшін жеке);

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызы болады.

Лицензиялық алымды төлеуді екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4232 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 15 сәуірдегі № 102 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын автоматтандыруға қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысымен бекітілген Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15084 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 47 қаулысымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері жөніндегі іс-шаралардың орындалғанын куәландыратын құжаттар;

4) барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге (осындайлар бар болса) жарғының көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда, жарғының нотариат куәландырған көшірмесі);

5) «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Заң) 34-бабының талаптарына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлері лауазымына ұсынылатын адамдардың құжаттары;

6) ең төменгі мөлшері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11751 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 95 қаулысымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нормативтік мәндері мен пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесін және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді белгілеу жөніндегі нұсқаулықта және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінде және оларды есептеу әдістемесінде айқындалған жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінің толық төленгенін растайтын құжаттар құрылтайшылардың, акционерлердің оны төлегенін растайтын төлем құжаттары (төлем тапсырмалары, кіріс касса ордерлері), сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады;

7) сақтандыру қызметін немесе исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асырудың ішкі қағидалары, олар мыналарды айқындайды:

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

ішкі аудит қызметінің және басқа да тұрақты жұмыс істейтін органдардың құрылымын, мүшелер санын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

көрсетілетін қызметті алушының техникалық (сақтандыру), инвестициялық, кредиттік, операциялық, нарықтық және басқа да тәуекелдерді басқару бойынша саясатын ашатын тәуекелдерді басқару жүйесін;

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

көрсетілетін қызметті алушының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің оның атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кездегі өкілеттіктерін;

8) көрсетілетін қызметті алушының ішкі аудит қызметі туралы, мынадай мәліметтер қамтылатын ереже:

ішкі аудит қызметінің құрылымы туралы ақпарат;

ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары;

ішкі аудит қызметінің құқықтары мен міндеттері;

өзі жүзеге асыратын қызметтің сипаты мен ауқымдарын ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушының бүкіл қызметін немесе бір бөлігін аудиторлық тексеру кезеңділігі;

9) көрсетілетін қызметті алушының штатында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сақтандыру нарығында актуарий қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийдің болуы туралы мәліметтер;

10) акционерлердің жалпы жиналысының исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша кеңесті тағайындау туралы шешімі (исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін);

11) егер Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде көрсетілетін қызметті алушыны мәжбүрлеп тарату кезінде сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға көрсетілетін қызметті алушының міндетті қатысуы белгіленген болса, осындай ұйымға қатысу шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

12) Заңның және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес дерекқорға қатысуын растайтын құжаттар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде жазылған талаптар жұмыс істеп тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.»;

10-тармақта:

3) тармақшада:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«3) сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар актуарий қол қойған, сақтандыру сыныбы (сыныптары) бойынша бизнес-жоспар.»;

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Актуарий қол қойған сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспарда Заңның 37-бабының 3-тармағында көзделген ақпарат қамтылады және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) тігілген және нөмірленген түрде, соңғы парағының сыртқы жағындағы тігіс түйініне желімделген жапсырма қағазда тігілген парақтардың саны көрсетіле отырып, бір данада беріледі. Сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспардың титул парағында жоғарғы оң бұрышында мынадай айқындама болады: (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) «Директорлар кеңесі бекітті 20__жылғы «__» _____ № ___ хаттама».»;

4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. Сақтандыру қызметін жүзеге асыруға немесе сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз етеді.»;

13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 3) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша іс-шаралар орындалғанын білдіретін құжаттар), 4), 6), 10), 11) және 12) (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде), 5) («Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін сайлауға (тағайындауға) келісім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының талаптарына сәйкес), 7) және 8) (электрондық құжаттар түрінде), 9) (осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтердің электрондық нысаны түрінде) тармақшаларында, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының 3) тармақшасында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық сұрау салуға қоса беріледі.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы:

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.»;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында актуарийдің болуы туралы мәліметтер осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келетін барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде бухгалтерлік есеп және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері жөніндегі іс-шаралардың орындалғанын куәландыратын құжаттар;

(Жалғасы бар)